

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан КОММУНИСТІ

3

МАРТ

1960

АЛМАТЫ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ГАЗЕТ-ЖУРНАЛ БАСПАСЫ



Қазақстан КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

XXXIX ЖЫЛ ШЫҒУЫ

№ 3

МАРТ

1960

МАЗМҰНЫ

БАС МАҚАЛА — Қазақстан коммунистерінің съезі 3

В. И. ЛЕНИННИҢ ТУҒАНЫНА 90 ЖЫЛ

Қ. МҰҚАМЕТҚАЛИЕВ — Қайырымдылық, кішіпейілділік үлгісі 11
Т. АМАНДОСОВ — В. И. Ленин — журналист 15

Ө. АТАМБАЕВ — Әкімшілік басқару орындарын ықшамдап, жетілдіре берейік 20
Ә. КӘКІМЖАНОВ — Тың өлкесіндегі кейбір әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жайында 26
С. БЕГІМБЕТОВ — Мол да арзан өнім алудың бір мүмкіндігі 32
Ә. БӘЖЕНОВ — Капитализмді жақтаушы бір философ туралы 38

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

М. СУЖИКОВ — Социалистік міндеттемені орындауды қалай ұйымдастырамыз 44
У. ИМАНӘЛИЕВ — Бастауыш партия ұйымдарының іскерлігін арттыра берейік 51

ХАЛЫҚТЫҚ ДЕМОКРАТИЯ ЕЛДЕРІНДЕ

Б. ДӘРІШЕВ — Венгрия социализм жолында 57

ХАТ ЖӘНЕ КОРРЕСПОНДЕНЦИЯ

Ф. ГҰМАРОВА — Ауыл-селода дәрігерлік қызмет күшейтілсін 61
Ш. СӘРСЕНБЕКОВА — Іркілуді білмейтін өрендер 65
А. НҰРҒАЛИЕВ — Аудандық газетке 40 жыл 68

СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

Т. ЫДЫРЫСОВ — Бейбітшілік пен достық сапарының шежіресі 70
Ж. ДҮЙСЕНБИН — Бастауыш партия ұйымының секретарына көмекші 75
Үгітші, дәптеріңе жазып ал! 79
Партия тұрмысының хабарлары 80

СОДЕРЖАНИЕ

ПЕРЕДОВАЯ — X съезд Компартии Казахстана	3
К 90-ЛЕТИЮ СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ В. И. ЛЕНИНА	
К. МУХАМЕТКАЛИЕВ — Образец скромности, отзывчивости	11
Т. АМАНДОСОВ — В. И. Ленин — журналист	15
У. АТАМБАЕВ — За экономный и гибкий государственный аппарат	20
А. КАКИМЖАНОВ — О некоторых социально-экономических изменениях в связи с освоением целинных земель	26
С. БЕГИМБЕТОВ — Специализация хозяйств — путь увеличения и удешевления сельскохозяйственной продукции	32
А. БАЖЕНОВ — О философии одного буржуазного апологета	38
ПАРТИЙНАЯ ЖИЗНЬ	
М. СУЖИКОВ — Организовать выполнение социалистических обязательств	44
В. ИМАНАЛИЕВ — Успех дела решается в первичных партийных организациях	51
В СТРАНАХ НАРОДНОЙ ДЕМОКРАТИИ	
Б. ДАРИШЕВ — 15-летие Венгерской Народной Республики	57
ПИСЬМА И КОРРЕСПОНДЕНЦИИ	
Ф. ГУМАРОВА — За всемерное улучшение медицинского обслуживания населения аулов и сел	60
Ш. САРСЕНБЕКОВА — Женщины нашего колхоза	65
А. НУРГАЛИЕВ — Старейшая районная газета республики	68
КРИТИКА И БИБЛИОГРАФИЯ	
Т. ИДРИСОВ — Летопись исторической миссии	70
Ж. ДЮСЕНБИН — Брошюры в помощь секретарю первичной партийной организации	75
В блокнот агитатора	79
Партийная хроника	80

★



Қазақстан коммунистерінің съезі

Қазақстан Компартиясының X съезі бүкіл еліміздегі орасан зор өндірістік және саяси өрлеу жағдайында өтті. Съезде Қазақстан КП Орталық Комитетінің 1956 — 1959 жылдар бойғы жұмысы туралы Орталық Комитеттің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдас баяндама жасады. Съезд Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, тексеру комиссиясының есепті баяндамаларын тыңдап, талқылады және Қазақстан Коммунист партиясының орталық органдарын сайлады.

Партияның Орталық Комитеті мен Совет үкіметі өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын мықтап дамыту, халықтың тұрмысын көгерту, азық-түлік және өнеркәсіп товарларын көбейту, тұрғын үй құрылысын өрістету жөнінде орасан зор маңызы бар күрделі шаралар белгіледі. Бұл шаралар лениндік партияның совет адамына жасаған үлкен, үздіксіз қамқорлығының айқын айғағы. Еңбекшілердің жарқын болашағы жолындағы күрестің асқар асуы 1959 жыл болды.

СССР Министрлер Советінің Председателі Н. С. Хрущев жолдастың сентябрьде Америка Құрама Штаттарын аралауы, Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясы сессиясында жаппай және толық қарусыздану туралы Совет үкіметі атынан тарихи ұсыныс енгізуі халықаралық қатынасқа игі әсер етті. Бұл сапар және қарусыздану жайлы жаңа қадам бүкіл социалистік лагерьдің даңқын асырды. Биылғы январьда СССР Жоғарғы Советінің IV сессиясында қарулы күштерді жаңадан мықтап қысқарту туралы заң қабылданды, сөйтіп баянды бейбітшілік орнату ісіне үлкен үлес қосылды.

Еліміздің ғылым мен техника саласындағы ұлан-асыр табыстары — дүние жүзіндегі тұңғыш спутник, айға жеткен ракета, «Ленин» атом кемесі, тамаша самолеттер совет халқының тарихи табыстарын жер жүзіне паш етті.

Осындай тарихи табыстар лениндік партиямыздың мүшелерін, Қазақстан КП X съезінің делегаттарын қуантады, оларға тың міндеттің қиясынан ой салады. Төрт жылғы жұмыстың қорытындысына жіті көз жіберген делегаттар халық шаруашылығының, партиялық ұйымдастыру және идеологиялық жұмыстың жетістіктері мен кемшіліктерін кеңінен қозғап, тереңінен толғады.

Қазақстан Компартиясы VIII және X съезінің аралығындағы төрт жыл Отанымыздың тарихынан ерекше орын алады. Осы уақытта өткен КПСС XX және XXI съездерінің қарарлары еліміздің бүкіл өмірін бұрынғыдан да нұрландырды. Әлеуметтік құрылысы әртүрлі екі системаның бейбіт қатар өмір сүру мүмкіндігі туралы лениндік ілімнің дамытылуы және соғысты болдырмау жолының көрсетілуі партиямыздың ерен қызметінің, творчестволық ойының биік бір шыңы болды. Елімізде коммунистік қоғам орнатудың нақты жоспарын жасаған XXI съезд коммунизм құрылысшыларының съезі атанды. Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау, еліміздің экономикалық және қорғаныс қуатын мейлінше нығайту, халықтың өскелең материалдық, сондай-ақ рухани тілегін бірте-бірте толық қанағаттандыру — ком-

мунизм орнатуды өрістетуді дәуіріндегі басты міндеттеріміз. Осы дәуірдің ішінде СССР-дің тарихи міндеті — ең алдыңғы қатарлы капиталистік елдерді жан басына өнім өндіру жөнінен қуып жетіп, басып озу міндеті — іс жүзінде шешілуге тиіс.

СССР халық шаруашылығын өркендетудің 1959—1965 жылдарға арналған жоспары коммунизм орнату программасының маңызды бір құрамы. Бұл жетіжылдық жоспарды орындауда Қазақстан көрнекті орын алады. Республика халық шаруашылығына соңғы 25 жыл ішінде жұмсалған күрделі қаржыдан 1959—1965 жылдары жұмсалатын қаржы көп артық. Жұмыстың көлемін осының өзі-ақ аңғартады. Республика 40 жылдығын біз осы міндетті орындау үстінде мерекелейміз.

Қазақстан партия ұйымы республика өнеркәсібінің жетекші саласы—түсті және қара металлургияны, көмір, химия, машина жасау, энергетика, мұнай өнеркәсібін ілгері дамытуға баса назар аударды. Төрт жылда республикада 693 жаңа кәсіпорын және цех салынды, кәсіпорындардың қуаты арттырылды.

Соңғы төрт жылда республика өнеркәсібінің жалпы өнімі 51,4 процент ұлғайды. Заттай алғанда төрт жыл ішінде республиканың өнеркәсібі темір рудасын 13,5 есе артық шығарды. Марганец рудасы төрт жылда 65 процент арттырылды, көмір 13,2 процент артық өндірілді, мұнай шығару 10,5 процент, қорғасын-мырыш рудасын өндіру 26,8 процент ұлғайды. Мыс, күкірт қышқылы, минерал тыңайтқыш, болат, қара металл прокаты, цемент сияқты аса маңызды өнім өндіру де едәуір ұлғайды. Республиканың өнеркәсібі өнімнің жаңа түрін: шифер, көмір комбайнын, экскаватор, конденсатор, құбыр жасайтын стан, домна, кен жабдығының жаңа түрлерін, кір жуатын машина және т. с. шығара бастады.

Осындай жетістіктермен бірге өнеркәсіпте, транспортта, құрылыста әлі күнге дейін ірі олқылықтар да бар. Кәсіпорындардың едәуірі жоспарын орындай алмай келеді, соның салдарынан бір миллиард сомның өнімі уақытында шығарылмай қалды. Республика түсті металлургиясындағы кемшіліктер жойылмай келеді. Руданы толық түгел пайдалануға әлі жеткен жоқпыз. Рудадағы сирек кездесетін қосынды металдарды айыру, кәдеге жарату жоқтың қасы десе артық емес. Заводтарда концентрат өңдеу кезінде бөлінетін күкіртті пайдалану әлі қанағаттанғысыз. Түсті металл рудасын байыту, өңдеу ісінде де кемшіліктер бар.

Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитеттері және Халық шаруашылығы советтері түсті металлургия шикізатын тиімді пайдалану ісіне жете көңіл бөлмейді. Әйтпесе Балқаш кен металлургия комбинаты мен Шымкент қорғасын зауытында концентраттағы қосымша металды түгел кәдеге жарату жөнінде мардымды шара қолданылмағанына бұл ұйымдар қалайша төзеді.

Қарағанды көмір комбинатының жұмысында да елеулі кемшіліктер бар. Жоспарды шахталар түп-түгел бірқалыпты орындап отырмайды. 1959 жылы 10 шахта өзінің өндірістік жоспарын орындаған жоқ. Бұрнағы жылдары мұндай шахта кәзіргіден де көп болатын. Олар төрт жылда жоспардағыдан 3,7 миллион тонна көмірді кем берді. Шахталардың жобадағы қуатын игеру қарқыны тым баяу. Шахталардың тең жартысынан астамы жобадағы қуатты әлі толық меңгерген жоқ. Көмір өнеркәсібіндегі тағы бір кемшілік көмірді байытудың шабандығы деп білу керек. Соңғы төрт жылда байыту фабрикаларының қуаты өсіп жарымады. Қарағанды шахталарында техникамен жарақтану жақсарса да, еңбек өнімділігінің артуы тым баяу. Төрт жылда еңбек өнімділігі болғаны 0,8 процент өсті. 1959 жылы комбинат бойынша еңбек өнімділігі 1955 жылға қарағанда 2,9 процент кеміп кетті. Қарағандыда көмірді машинамен қопару жоспары, комбайнның өнімділігін арттыру

жоспары орындалмай қалды. Қарағанды облыстық, қалалық, аудандық партия комитеті, Саран қалалық партия комитеті көмір шығаруды ойдағыдай басқара алмай келеді. Бұлар көмір шығару жоспары комбинат немесе трест бойынша орындалғанына мән болады. Жоспарды орындамаған шахтаның жұмысын талдамайды, оның артта қалуын жоюмен айналыспайды. Қарағанды Халық шаруашылығы советі Жезказған және Қоңырат мыс кенін пайдалануға мейлінше көңіл бөлмей келеді. Кенді ашық әдіспен өндіруге дайындық нашар өрістетілген.

Республиканың мұнай өнеркәсібінде жабдықтар ойдағыдай пайдаланылмайды, өндіріс жұмыстарын машиналандыру сылбыр, шикізат, электр қуаты әлі көп жұмсалады. Сондықтан да мұнай бұрынғыдан аз-ақ артық шығарылады. Гурьев облыстық партия комитеті, Халық шаруашылығы советі мұнайды көп өндірудің күрделі шараларын іске асыруды ұйымдастырудың ұйтқысы бола қойған жоқ.

Қара металлургия, машина жасау өнеркәсібінің жұмысында да көптеген олқылықтар бар. Тамақ, жеңіл және жергілікті өнеркәсіптің жұмысындағы елеулі кемшіліктер осы күнге дейін жойылмай келеді. Көптеген ұсақ-түйек товардың өзі қашықтан әкелінеді. Республиканың өнеркәсібі шығаратын көпшілік қолды товарлардың түрі аз, сапасы нашар. Жеңіл және жергілікті өнеркәсіптің жұмысындағы осы үлкен кемшілік VIII съезде де сыналған еді. Павлодар, Гурьев, Қостанай облыстық атқару комитеттеріне қарайтын өнеркәсіптің халық тұтынатын товарлар шығаруға тиісінше көңіл бөлмейтіні атап көрсетілген болатын. Бірақ орынды сыннан қорытынды шығарылмады.

Республикамыз күрделі құрылыс жоспарын жылдан жылға орындай алмай келеді. Кәсіпорындар, тұрғын үйлер, мәдени тұрмыс орындары мерзімінде салынбайды, көптеген қаржы пайдаланылмай қалады. Қарағанды көмір бассейнінде кейбір шахта 8—9 жыл бойы салынады. Павлодар машина жасау заводы 1955 жылы салына бастады, бірақ әлі бірде-бір цех дайын емес. Ал заводтың 200 адамнан құралған дирекциясы табаны күректей бес жыл бойы түп-түгел отыр.

Құрылыс жоспарын мерзімінде орындап отыру үшін оның өндірістік базасын мейлінше нығайту міндет. Құрылыста құрастырмалы темірбетон бөлшектерін мейлінше кең пайдалану қажет. Ал дәл осы жөнінде республика кәсіпорындарында әлі едәуір кемшілік бар. Мысалы, құрастырмалы темірбетон бөлшектерін шығару жоспары республика бойынша 50-ақ процент орындалды. Күрделі қаржыны жоспарлау жұмысындағы олқылық та құрылыстың дер кезінде бітуіне бөгет болады. Министрліктер, Халық шаруашылығы советтері күрделі қаржыны неғұрлым ұтымды пайдалануды қамтамасыз етуге міндетті. Бұл Мемлекеттік жоспарлау комиссиясына да тікелей қатысы бар мәселе.

Өнеркәсіпте, транспортта, құрылыста жұмысты машиналандыру және автоматтандыру жайы әлі күнге дейін мән емес. Бізде өндірістің бүкіл технологиясын, жұмыстың барлық желісін қамтитын машиналандыру жағы әлі де кеміс. Машина жасау кәсіпорындарында жұмысшылардың тең жартысы жұмысты осы күнге дейін қолымен атқарады. Өнеркәсіп пен құрылыста жүк тиеуді, жүк түсіруді механикаландыру да өте баяу. 100 мыңға тарта адам жүк тиеу және жүк түсірумен жүреді. Мұның өзі еңбек өнімділігін мықтап арттыруға тұсау болып отыр. Партия ұйымдары жұмысты автоматтандыру және машиналандыру мәселесіне мейлінше назар аударуы қажет.

Қол жеткен табысты баянды ету, жұмыстағы кемшілікті жою, кәсіпорындардың, құрылыстың, транспорттың жұмысының сапасын жақсарту, жоспарды сан мен сапа бойынша толық орындау, әсіресе түсті және қара металлургия, отын, машина жасау, химия, электр қуаты өнеркәсібін, сондай-ақ жеңіл және тамақ өнеркәсібін мықтап дамыту

міндет. Биыл Қарағанды металлургия заводының екі домнасын, 3 кокс батареясын іске қосу парыз.

Республика партия ұйымы КПСС XX және XXI съезінің қарарын орындай отырып, астықты, етті, сүтті, жүнді, сондай-ақ ауыл шаруашылығының басқа да өнімін мықтап молайту үшін келелі де қажырлы күрес өрістетті. Елімізде азық-түлік молшылығын жасау, жан басына ет, сүт, май өндіруде Америка Құрама Штаттарын ең таяу жылдарда қуып жетіп, басып озу бұл күрестің түпкі мақсаты.

Тарихи қысқа мерзімде 23 миллион гектар тың және тыңайған жер игерген Қазақстан соңғы төрт жылда жыл сайын орта есеппен 1 148 миллион пұт астық өндіріп, оның 724 миллион пұтын мемлекетке өткізіп отырды. Ал 1950 — 1953 жылдарда астықтың жыл сайынғы өнімі 251 миллион пұт еді, одан мемлекетке жылына тапсырылатыны 111 миллион пұт болатын.

Қазақстан бұрынғы жылдарға қарағанда соңғы төрт жылда жыл сайын орта есеппен қант қызылшасын дайындауды 75 процент, шитті мақтаны — 17 процент, майлы дақылдарды — екі есе, овошты — 2,4 есе, етті — 15 процент, сүтті — 48 процент, жүнді — 80 процент, жұмыртқаны екі еседен аса, қаракөл елтірісін — 44 процент көбейтті.

Осындай өсу жолын өткен Қазақстанның жетіжылдықтағы міндеттері орасан зор. Астықтың жалпы түсімін кемінде 1,3—1,5 миллиард пұтқа жеткізу негізгі міндетіміз. Бұл үшін көктемгі егісті мейлінше қысқа мерзімде өткізу, егінді тез жинап алу, астық ысырабын болдырмау қажет. Бірақ былтыр Қостанай, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан облыстарында ұйымдастыру жұмысының нашарлығынан егіннің едәуірі орылмай, жиналмай қар астында қалды, республикамыз міндеттеме түгіл, астық сату жоспарын да орындай алмады. КПСС Орталық Комитетінің декабрь Пленумында Н. С. Хрушев жолдас бұл үшін Қазақстан КП Орталық Комитеті мен республика Министрлер Советін өте орынды сынады.

Солтүстік облыстардың ауыл шаруашылығына басшылықты жақсарту мақсатында Н. С. Хрушев жолдасының инициативасымен құрылған Қазақстан КП Орталық Комитетінің солтүстік облыстар жөніндегі Бюросы және республиканың совхоздар министрлігі тың өлкесіндегі келелі, күрделі мәселелерді тез, шебер шешуге, сөйтіп бүкіл жұмысты жақсартуға көмектеседі.

Коммунистік жарыс халық шаруашылығының барлық саласында да кең өріс алды. Жүз саулықтан 200 қозы өсірген Тұралбай Сәтеков (Шығыс Қазақстан облысы, Чапаев атындағы колхоз), жайып семірткен әрбір ірі қарасының салмағын 490 килограмға жеткізген Қабыл Қәмешев (Батыс Қазақстан облысы Ілбішін совхозы), 1959 жылы әр сиырдан 6 мың литр дерлік сүт сауған Мария Каргопольцева (Алматы облысы, «Луч Востока» колхозы) және басқа өрендеріміз жетіжылдықтың мал шаруашылығындағы міндеттерін мерзімінен бұрын орындауға әбден болатынын ісімен дәлелдеді. Мемлекетке ет сатудың жетіжылдық жоспарын республика 1963 жылы орындауға міндеттенді. Шығыс Қазақстан, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарының 1965 жылдың мәресіне биыл жетеміз деген міндеттемесі Қазақстан бойынша жылына 1 250 мың тонна ет өндіретін уақыт алыс емес екенін көрсетеді. Аманкелділіктер бастамасы да жетіжылдықты тез орындаудың жолы.

Партия, кәсіподақ, комсомол, совет ұйымдары колхоз бен совхоздың қыруар малын бағушы 150 мың адамның жүрегінің кілтін тауып, олардың тілегіне, мұң-мұқтажына мейлінше сергек қараса, малшыға ойдағыдай жағдай туғызса, мақсатты ісіміз берекелі де болады. Сонда республика бойынша әр сиыр басына бұзау, жүз саулық сайын 115 қозы, мегежін басына 25—30 торай ерту міндеті ойдағыдай орындалады.

Мал шаруашылығын КПСС декабрь Пленумының қаулысына сай өркендету үшін сиыр, саулық, мегежін санын мейлінше көбейту міндет. Былтыр сиыр өсіру жоспарын Оңтүстік Қазақстан облысынан басқа бірде-бір облыс орындамады. Жамбыл, Павлодар облыстары мал өсіру міндеттемесін бірде-бір түлік бойынша орындай алмады.

Съезд қабылданған міндеттемені орындау үшін жауаптылықты күшейтуді талап етті. Республикада төрт жылда мал басынын мықтап өсуі, мемлекетке мал өнімінің көп тапсырылуы сөз жоқ, қуанышты жай. Бірақ жалпы табыстың тасасында талассыз кемшіліктер бар. Мысалы, былтыр 105 аудан сүт сату міндеттемесін, 45 аудан жүн сату міндеттемесін орындамады. Республиканың 58 ауданында сиырдың саны өсу орнына кеміп кетті. Міне, міндеттемесін тамаша орындап алғысқа, абыройға ие болғандармен қатар сөзін жұтқан, мандайы терлеп аса қиналмағандар да бар. Мәселен, Жамбыл облысы ет, сүт, жүн, жұмыртқа сату жөніндегі міндеттемесінің бірде-бірін орындаған жоқ. Мұнда мал шығыны да аз емес. Сиыр және саулық саны 1958 жылғыдан да азайып кетті.

Коммунистік құрылысты кең өрістетудің дәуірінде партияның идеологиялық жұмысының маңызы арта түседі. Осыған орай партияның Орталық Комитеті «Сталин облысы еңбекшілерінің арасындағы бұқаралық-саяси жұмыстың жайы және оны жақсарту шаралары туралы» және «Партия насихатының кәзіргі жағдайдағы міндеттері туралы» қаулылар қабылдап, идеологиялық жұмыстың бай тәжірибесін қорытты, еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру шараларын белгіледі.

Партияның Орталық Комитеті идеологиялық жұмыстың өмірмен, коммунизм құрылысының нақты міндеттерімен байланысының жеткіліксіздігі және бұл жұмыстың өрісінің тарлығы сияқты басты кемшіліктерді жоюдың қажетті жағдайын туғызды. Насихат жұмысын коммунистік құрылыстың нақты міндеттерімен ұштастыру талабы идеологиялық қызметтің өрісін кеңейтудің, оның алдағы міндеттермен қабысуының тура жолы болды. 1959 жылы партия тарихы, саяси экономия, философия оқулықтарының, марксизм-ленинизм негіздері кітабының шығуы және олардың қазақ тіліне аударылуы идеологиялық жұмысты күшейтуге едәуір себеп болды.

Коммунистік құрылысты кең өрістетудің совет адамының марксизм-ленинизмді меңгеру, партияның саясатын терең түсіну жөніндегі ынтасын арттыра түсті. Партия оқу жүйесіне коммунистермен қатар партияда жоқ көптеген жұмысшы мен колхозшының ден қояуы бұған дәлел. Кәзір Қазақстанда 350 мың адам маркстік-лениндік теорияны оқып үйренуде, оның үш жүз мыңға жуығы коммунистер.

Насихатшы кадрлардың қатарын толықтыру, олардың білімін, тәжірибесін арттыру жөнінде едәуір жұмыс істелді. Кәзіргі насихатшылардың 70 процентінің жоғары және ортадан жоғары білімі бар. Насихат жұмысына 3 500 партия қызметкерінің және жеті мыңнан астам инженер-техник қызметкер мен ауыл шаруашылығы маманының тікелей қатыстырылуы абзал іс. Бұл — кадрларға маркстік-лениндік білім беруді жақсарту түсудің маңызды шарты.

Қазақстан партия ұйымы да бұқаралық-саяси жұмыстың әдісін, түрін көбейтті, ықпалын арттырды, шеңберін кеңейтті, дәрежесін көтерді. Лекторлар қатары өсті, лекциялардың тақырыбы молайды. Үгіт коллективтері нығайды, оған жанашылдар, өндіріс озаттары бұрынғыдан көп және белсене қатысатын болды. Партия мен үкіметтің ішкі және сыртқы саясатын бұқара арасында насихаттаушы 178 мың үгітшіміздің 140 мыңнан астамының орта және жоғары білімі бар. Бұл партия ұйымдарына үгіт-көпшілік жұмысын кәзіргі үлкен міндеттерге сай өрістетуге шын мәнісінде мүмкіндік беретін қолайлы жай.

Республикамыздағы 18 мыңнан астам мәдениет орындары еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру ісіне ат салысуда. Мәдениет университеті, халық театры сияқты мәдениеттің тың ошақтары халыққа эстетикалық тәрбие беру ісіне сүбелі үлес қосады. Кітап тарату жақсарды. Ауыл-селоны жаппай киноландыру енді 2—3 жылда жүзеге асады. Мәдениет мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайтуда Жамбыл облысы Қордай ауданы еңбекшілерінің бастамасы маңызды орын алады. Қордайлықтар үлгісімен 1959 жылдың өзінде 788 мәдениет мекемесі салынды.

Коммунистік құрылыстың алуан міндеттерін орындауда баспасөз, радио ерекше орын алады. Газет пен журнал, радио партия мен үкіметтің қаулы-қарарларын, коммунизм құрудың ұлы міндеттерін, ұлан-байтақ Отанымыздың қыр-қиясындағы жаңалықты, өнегені насихаттайды, таратады. Республикамызда қазақ, орыс, корей, ұйғыр, өзбек тілінде 280 газет шығады, оның тиражы 2 миллион 262 мың дана. Биыл республикада әрбір екінші адам газет немесе журнал алдырып оқиды.

Әдебиет пен көркемөнерде бүгінгі күннің тақырыбына жазылған шығармалар көбейе бастады. Коммунизм құрылысшыларының өмірін шертетін повесть, әңгіме, очерк, өлең жиі жарияланады. Қазақ әдебиеті мен көркемөнерінің Москвада болған онкүндігі творчестволық өскендіктің белгісі болды.

Республика партия ұйымының идеологиялық жұмысында ірі олқылықтар да бар. Идеологиялық жұмыстың өмірден, коммунистік құрылыстың практикасынан қол үзуі әлі толық жойылып болған жоқ. КПСС Орталық Комитетінің қаулыларында айтылған кемшіліктер Қазақстан партия ұйымына да тән. Партия ұйымдары өскелең заманымыздың өргелең жаңалықтарын, Қазақстанның бүгінгі өміріндегі ұлы өзгерістерді, лениндік партиямыздың сан қилы, ұлан-асыр қызметін барлық мәнімен, мол сырымен толық көрсете алмай келеді. Саяси үгіттің нақтылығы, мақсаттылығы, пәрменділігі әлі де болса кеміс. Тұрақты үгіт пункттерінің жұмысы ойдағыдай емес. Үгіт жұмысына басшы қызметкерлер, интеллигенция белсене қатынаспайды. Көрнекі үгіттің өмірмен, жетіжылдықтың екінші жылының міндеттерімен байланысы әлі де болса нашар. Бұқаралық жұмысты халықтың жасына, біліміне, мамандығына, ұлтына қарай саралап жүргізу қажеттігі мықтап ескерілмей келеді. Қарағанды, Көкшетау облыстарында еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру жұмысында елеулі кемшіліктерге жол берілді, мұнда ауызша және баспасөз насихатына басшылық ойдағыдай болмады.

Коммунизмнің сәулетті сарайын орнатушы совет адамдары асыл өнеге, биік қасиет, жоғары сана иесі. Тұлғасы зор, ісі үлгі алғыр адамдардан біздің республика да кенде емес. Коммунистік еңбек туын тіккен он бес мың өреніміз бар. Коммунистік еңбек бригадасы, сменасы, екпіндісі деген абыройлы атаққа ұмтылушылардың ұзын саны 150 мыңнан асады. Бұл еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруді жақсарту түсуге мол мүмкіндік ашатын тамаша құбылыс. Партия ұйымдары өмірдегі осындай жайды шебер пайдаланып, тәрбие жұмысын өрістетуге міндетті. Еңбекшілердің саналылығын, белсенділігін өрбіту еңбек өнімділігін арттыруға, демек қоғамдық байлықты молайтуға жеткізеді.

Қазақ ССР-інде ғылым мен мәдениетті өркендетуде едәуір жетістік бар. Ғылым мен өндірістің байланысы нығайып келеді. Алматыда ядролық физика институты салынуда. Гидрогеологтар мен энергетиктер жер асты суын тапты, Ертіс—Қарағанды каналының жобасын жасады. Бұл ғылыми еңбек халық шаруашылығына аса үлкен пайда бермек. Қазақстан КП VIII съезінде тарихшылар мен тіл мамандарының жұмысындағы елеулі кемшіліктер, қателіктер сыналған еді. Ғалымдар партияның XX және XXI съездерінің қарарын басшылыққа ала отырып,

кемшілікті түзей білді. «Қазақ ССР тарихының» екі кітабы, «Қазақ совет әдебиетінің очерктері» сияқты құнды еңбек шықты.

Өнеркәсіп, құрылыс, транспорт, ауыл шаруашылығы, ғылым мен мәдениет саласындағы орасан зор міндеттерді орындау партиялық ұйымдастыру жұмысының дәрежесін көтеруді, халық шаруашылығына нақты, пәрменді басшылықты күшейтуді талап етеді. Бастауыш партия ұйымдарын нығайту, олардың жетекшілік ролін арттыру, шаруашылықтың нәтижесі үшін бұл ұйымдардың жауаптылығын күшейту халық шаруашылығына партиялық басшылықты жақсартудың шарты.

Республикамызда 12 мың 496 бастауыш партия ұйымы бар, олар 318 мыннан астам коммунисті біріктіреді. Коммунистердің 54,3 проценті өнеркәсіптің, транспорттың, құрылыстың, ауыл шаруашылығының түрлі саласында жұмыс істейді. Өндірісте көбінесе авангардтық роль атқаратын бұл адамдар — жоспарды, міндеттемені мерзімінде орындау жолындағы қажырлы күрескерлер. Тікелей өндірісте істейтін коммунистер көбейе түсіп, олардың саяси және өндірістік белсенділігі артса, нұр үстіне нұр ғой. Амал не, кейбір партия комитеттері тікелей өндірісте істейтін коммунистерді көбейтуге мән бере қоймайды, ұмтылмайды. Осының салдарынан Қөкшетау, Гурьев облыстарында тікелей өндірісте істейтін коммунистер саны өспеді, қайта азайып кетті. Мысалы, Гурьев партия ұйымындағы коммунистердің 36,5 проценті ғана тікелей өндірісте істейді. Қөкшетаудың ауыл-селосындағы коммунистердің 8 проценті ғана егіншілікпен және мал шаруашылығымен айналысады. Мұндай жағдайда шаруашылықтың жайына партиялық ықпал жасау қиын болатыны белгілі.

Мандай алды жұмысшылар мен колхозшыларды партия қатарына тарту, оларды тәрбиелеу, өсіру — өндіріске партиялық ықпалды күшейтудің сенімді жолы. Біздің жұмысшылар мен колхозшылар, бүкіл халқымыз партияны сүйеді, қадірлейді, оның ісін төл ісім деп біледі, партияның саясатын толық мақұлдайды. Демек, партия қатарын жұмысшы мен колхозшы есебінен толықтырып отыруға әбден болады. Бірақ, партияға жұмысшылар, әсіресе, колхозшылар аз қабылданды.

Қазақстан КП Орталық Комитеті облыстың, ауданның басшы партия, совет ұйымдарын шебер, маман кадрмен толықтыру жөнінде едәуір жұмыс істеді. Аудандық партия комитеті секретарьларының 55,3 процентінің жоғары, қалғандарының орта білімі бар. Аудандық атқару комитеті председателдерінің үштен бірі маман. Мұның бәрі партиялық жұмыстың дәрежесін, ықпалын, шеберлігін арттыруға қолайлы әсер ететін жай.

Бірақ кадрларды іріктеп алу, орналастыру және тәрбиелеу жұмысында Орталық Комитет, облыстық комитеттер ірі кателіктерге жол берді. Орталық Комитет Қарағанды облыстық партия комитетінің бұрынғы басшылығын кезінде шындап нығайта алмады, оған қатаң партиялық талап қоймады. Орталық Комитет басшы кадрлардың жиі ауыстырылуына жол берді. Екі жылда аудандық партия комитеттері бірінші секретарының 48 проценті, аудандық атқару комитеті председателдерінің 53 проценті өзгерді. Партия жұмысының тәжірибесі зерттелмеді, қорытылмады.

Жұмыста үлкенді-кішілі кемшіліктерге жол бермеудің сыналған әдісі — сын және өзара сынды кең өрістету. Сын және өзара сын ұшталды түсдегендіктен Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының, Әлеуметтік қамсыздандыру министрлігінің кейбір қызметкерлері талап тұғырында қала алмады, тәртіпті бұзды, мемлекет мүддесіне зиянын тигізді. Бастауыш партия ұйымдарында, партия комитеттерінде сын мен өзара сын күшті болса мұндай кемшіліктің алдын алуға болатын еді. Сын бар жерде жауаптылық сезімі жоғары болады, партиялық және мемлекеттік тәртіп нығаяды.

Партиялық және мемлекеттік аппараттың барлық буынында істің орындалуын тексеруді жақсарту — бүкіл жұмыстың дәрежесін арттырады. Бірақ Қазақстан партия ұйымында істің орындалуын тексеру жайы ойдағыдай емес. 1959 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюросы мен республика Министрлер Советі көктемгі егісті өткізу және егін жинау мәселелері жайлы 82 қаулы қабылдады, бірақ соның орындалуын ұйымдастыру жеткіліксіз болғандықтан қаулылар әсерлі болмады. Кәзір басшылық жұмыстағы басты міндет—мәжілістер өткізуде, қарарлар қабылдауда емес, партияның шешімдерін жүзеге асыруды көздейтін нақтылы ұйымдастыру жұмыстарын жүргізуде екенін ұмытып кететін обкомдар, аупарткомдар бар. Мысалы, Қостанай облыстық партия комитеті егін орағы тұсында бес күн сайын көп адам қатысқан бюро мәжілісін өткізумен болды, ұйымдастыру жұмысын қажу қалдырды.

Мәселе караумен әуестеніп, ұйымдастыру жұмысынан кашкақтау Ақтөбе облыстық партия комитетіне де тән кемшілік. Соңғы екі жылда Ақтөбе обкомы құрылыс ұйымдарының жұмысын ай сайын дерлік қарады. Ақтөбе Халық шаруашылығы советі бұл мәселені екі жылда 30 рет талқылады. Бірақ істің орындалуын тексеруді ұйымдастыру, бақылау тиісті дәрежеде болмағандықтан өнеркәсіп, мәдени-тұрмыс, тұрғын үй құрылысы жоспары орындалмай қалды.

«Партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдарының міндеті — жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы бүкілхалықтық жарысқа қатысушылардың творчестволық ынта-жігері мен белсенділігін барынша арттыру» деген Декабрь Пленумының (1959 жыл) қарарынан алынған ұран съезд өткен залда ілулі тұрды. Бұл ұран съезге қатысушылардың бүгінгі және ертеңгі борышын дәл еске салады. Жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарыста көрнекті орын алатын Қазақстан еңбекшілері өнеркәсіпті, құрылысты, ауыл шаруашылығын өркендету жөнінде жауапты міндеттеме қабылдады. Бұл міндеттемелер осы заманғы озық техниканы көбейтуді, жетілдіруді, еңбек өнімділігін мейлінше арттыруды, ауылшаруашылық жұмыстарын ойдағыдай өткізуді көздейді.

Жетіжылдықтың екінші жылы, дәл биыл республикамыз ондаған миллиард сомның өнеркәсіп өнімін шығаруға, 16 миллиард сом күрделі қаржы игеруге тиіс. Қазақстан үстіміздегі жылы дәнді дақылдардың егіс көлемін 23,5 миллион гектарға жеткізіп, кемінде 1,5 миллиард пұт астық өндіреді, оның кемінде 800 миллион пұты мемлекет қоймасына күйылады. 1960 жылғы міндеттеменің биік мәресінің бірі мемлекетке 210 мың тонна мақта, 700 мың тонна ет, бір миллион тонна сүт, 1600 мың тонна кант қызылшасын, 200 мың тонна майлы дақыл өнімін тапсыру екені мәлім. Жүн, жұмыртқа, қаракөл елтірісі де мейлінше көбейтіледі. Осы келелі міндетті орындау жайы съезд қабылдаған қарарда айқын көрсетілді.

Қазақстан Коммунист партиясы лениндік партиямыздың айбынды отрядының бірі. Съезд Қазақстан коммунистерінің КПСС Орталық Комитетінің төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтасқандығын, оның партияның нұсқауы мен тапсырмасын түгел, толық орындауға әзір екенін көрсетті. Съезд жоғары идеялық саяси дәрежеде өтті. Съезд өнеркәсіп, құрылыс, транспорт саласында жоспарды орындау және асыра орындау шараларын белгіледі. Съезд 1960 жылы республика ауыл шаруашылығын үдере өркендету жөніндегі социалистік міндеттемені орындау шұғыл борышымыз деп көрсетті.

Қазақстан Компартиясының X съезінің қарарын жүзеге асыру республикамыздың халық шаруашылығы мен мәдениетін биік сатыға көтереді, елімізде коммунизм орнату ісіне қосылған бағалы үлес болады.

Қайырымдылық, кішіпейілділік үлгісі

Сүйікті көсеміміз және ұстазымыз Владимир Ильич бүкіл партияның, жұмысшы табы мен шаруалардың, күллі совет интеллигенциясының ой-санасында адамгершілік пен әділеттіліктің жарқын тұлғасы болып қалды. Владимир Ильич — барлық еңбекші адам баласы шексіз сенген, барлық ұлттар мен халықтар өзінің көсемі, қолбасшысы деп таныған адам.

Біздің партияның көрнекті қайраткерлері, Лениннің серіктері мен шәкірттері, оның туған-туыскандары, партияның қарт мүшелері, халықаралық жұмысшы қозғалысының қайраткерлері, оны көрген жұмысшылар мен шаруалар, ғылым мен мәдениет қайраткерлері өздерінің естеліктерінде көсемнің мәңгі жасайтын ұлы тұлғасын көз алдымызға келтіріп, сонымен бірге Ленинді мейлінше кішіпейіл, ақ жарқын адам етіп суреттейді.

В. И. Ленин барлық еңбекші бұқараға, оның ішінде езіліп келген ұлт еңбекшілеріне ерекше назар аударып, қамқорлық жасап отырды. Михаил Иванович Калинин Советтердің Бүкілодақтық екінші съезінде сөйлеген сөзінде аз ұлттарға Ленинен артық қамқорлық жасап, оларды әкесіндей қорғайтын адам жер жүзінде болған жоқ еді дейді. Совет өкіметінің алғашқы күндерінен бастап-ақ В. И. Ленин халықтардың теңдігін, туысқандық ынтымағын қорғап, бұл жолда өзіне тән алып жігермен күрес жүргізді.

Ең қадірлі, ең бағалы байлық — адам. Бізге адамның сан қилы ізгі ерекшеліктерінің бәрі қымбат. Әсіресе еңбекші адамға қамқорлық жасап, жаны ашитын данышпандар тобына жататын, өте сирек кездесетін Лениндей адамдар бізге ерекше қымбат. Өйткені оның бүкіл өмірі, заманымыздың ұлы жазушысы Максим Горький айтқандай, бір ерлік еді, ерекше кішіпейіл, адал революционердің халық бақыты үшін өз басы талай ауыртпалыққа көнген адамның ерлік өмірі еді.

В. И. Ленин халықпен үнемі тығыз байланысып, халық бұқарасының тұрмысы мен мұқтажын терең білетін. Владимир Ильич әрбір совет адамын ұлы күштің бір бөлігі, тарих жасаушы ұлы халықтың бір адамы деп бағалады. Бұқараға ат үсті қарап, оны тек қана кітап арқылы үйретуге тырысқандардың бәрін Ленин қатты сынады. «Кімде-кім халыққа сенсе, — деді Ленин, — кімде-кім халық творчествосының бұлағына бойлап ексе, сол ғана жеңеді, сол ғана өкіметті ұстап қалады» (Шығармалар, 26 том, 284-бет).

Ол әр қашан да бұқараны үйретіп қана қоймай, бұқарадан да үйрену керек, бұқараны ұға білу керек, бұқара күресінің практикалық тәжірибесін зерттеп, қорыта білу керек екенін ерекше ескертті. Ленин коммунистерді бұқара қай жерде болса, соның бәріне бару керек, халықтың ең ортасында жүріп, жұмыс жүргізу керек деп үйретті. Өзі бұқараны мәпелеп тәрбиелей отырып, бұқарадан үйренді, оның сарқылмас творчестволық күшіне кәміл сенді. Бұл Владимир Ильичті миллиондардың ойы мен тілегін жете білетін, жақсы түсінетін кемелгер етті.

Халықпен ұдайы қатынас жасап отыру — Владимир Ильичтің табиғи тіршілік тілегі еді. Ол басқаның көзіне түсе қоймайтын елеусіз

оқиғалар арқылы-ақ таптық күштердің өзара қарым-қатынасындағы өзгерістің қандайын болса да қатесіз, дұрыс аңғарып, белгілей алатын.

Мәселе адам жайында, еңбекшілердің мүддесі жайында болғанда, Владимир Ильич оған ешуақытта ұсақ-түйек деп қарамайтын. Оның қарапайым қатардағы адамға деген ерекше кішіпейілдігі, қайрымдылығы жай сырттай көрініс емес, оның бойындағы тамаша қасиеті екенін көрсететін көптеген мысалдар келтіруге болады.

Жаңа құрылған жас Совет республикасы шет ел басқыншыларына қарсы күрес жүргізген ауыр жылдарда елімізде азық-түліктің өте тапшы болғаны мәлім. Осындай ауыр күндердің өзінде-ақ Владимир Ильич азық-түліктің ең жақсысын госпитальға, ауруханаларға, санаторийлер мен балалар мекемелеріне жіберілуін талап етіп, ұдайы қатаң бақылап отырды.

Владимир Ильич Лениннің тағы бір ерекше қасиеті мынадай еді: ол еңбеккер адаммен сөйлесе білетін, оған соншалық жақын, дос бола қалатын. А. А. Андреев өзінің Ленинмен алғаш жолығып сөйлескені естен кетпес терең әсер қалдырды дейді. Лениннің қабылдауында сан мыңдаған адам болды, онда жұмысшылар, қызыл әскерлер, партия, совет қызметкерлері, ғалымдар, журналистер, инженерлер, дәрігерлер, жазушылар — бәрі де болды. Олар өздерінің талай тілегін, ой-пікірін айту үшін Ильичке барғанда өзінің жақын досы, жолдасы, адал ақылшысы ретінде баратын.

Ұлан-байтақ еліміздің тұс-тұсынан Владимир Ильичке адамдар үнемі ағылып келіп жататын. Ол майданнан келген солдаттың, металшы жұмысшының, сонау қырдан келген шаруаның айтқанын асықпай, зейін қойып тыңдайтын. Әңгімелескен әрбір адамнан Владимир Ильич өмірдің кең тынысын анық сезіп отыратын. Жұмысшылар мен шаруалар Ленинмен әңгімелескеннен кейін Лениннің ісі — өздерінің ісі екенін, бұл істің берік сенімді қолда екенін түсіне бастайтын.

1921 жылы Ильичпен кездескен Сібір шаруасы И. А. Чекунов былай деп жазады: «Владимир Ильич ғажап бір жайдары, мейірімді пішінмен күлімсіреп, қолын созып, нақ есіктің алдында сәлеметтесіп, сонан соң ертіп апарып орындыққа отырғызды», — дейді. Ол өзі сонша жақын, тізесін тиістіре отырып алып, мейірлене күлімсіреп, әңгімеге құлағын тосқандай алға сәл еңкейе түседі де, шаруалардың хал-жайын, олардың неге разы, неге наразы екенін сұрай бастайды. «Әңгімені созбауға тырысып, Ильичтің мазасын алғанымға кешірім өтіндім де, төрт мәртебе орнымнан тұруға ыңғайландым, бірақ Владимир Ильич мені жібермеді, сөйтіп, мен ақырында әбден емін-еркін болып алғаным былай тұрсын, тіпті өзімнің қашаннан бергі бір дос жолдасыммен әңгімелесіп отырғандай болып кеттім», — дейді шаруа.

В. И. Лениннің кенші жұмысшылармен кездесуі жөнінде тағы бір мысал келтірейік. Бұл кездесудің ішінде болғандар былайша суреттейді. Жұмысшы делегаттарын жылы шыраймен қарсы алып, Владимир Ильичтің оларды қандайлық ілтипатпен тыңдағаны таң қаларлық. Олардан Ильич жергілікті жердегі жағдайдың қалай екенін, көмірдің шығуын, тұрмыс жайын, ой-тілегін білуге ынтық болды. Әңгіменің басында сараңдау сөйлеп отырған жұмысшылар, Лениннің ең жай мәселелерді де білуге құмар екенін көрген соң, барынша шешіле сөйлеп, барлық жағдайды толық айтты. Міне осы кездесуден Ильичке келген, онымен әңгімелескен әрбір жұмысшы зор үмітпен, қайрат-жігермен жұмыс істеуге әсер алды.

Ол кезде халық арасында «Лениннің өзіне барамын» деген сөз көп айтылатын. Ал оған барып, оның сөзін тыңдап, кеңес алып, ұлы адамның ақпейілдігіне бөленген әрбір адам Ильичтің ерекше адамгершілігі туралы бүкіл халыққа жеткізетін, ол кейін аңызға айналып, бүкіл елге тарап кетіп жүрді.

Халық бұқарасының үніне құлақ қоюды Ленин өзі үшін де, партия үшін де, Совет үкіметі үшін де бұлжымас ереже деп санады. Өз атына немесе Халық Комиссарлары Советіне келген еңбекшілердің хаттары мен шағымдарына өте-мөте зейін қойып отырды. Өзінің секретарьларына барлық хатты оқып шығып, мазмұнын толық баяндап отыруды міндеттеді. 1919 жылы 18 январьда Халық Комиссарлары Советінің іс басқарушысына берген арнаулы тәртібінде Владимир Ильич хат түрінде түскен шағымдардың бәрін өзіне 24 сағаттың ішінде, ал ауызша шағымдарды 48 сағаттың ішінде баяндауды бұйырды. Ол осы тәртіптің орындалуын әрқашан өзі бақылап отырды. 1921 жылы декабрьде совет мекемелерінің басшыларына қарап шешу үшін жіберген еңбекшілердің шағымдары мен арыздарына жауап болмай, орындалмай қалғанын естігенде Владимир Ильич іске бұлай жауапсыз қарауға болмайтынын айтып, орталық мекемелердің басшыларына: «Ширақ, жинақты болуға бұйырамын, совет әкімшілігінің машинкасы ұқыпты, адал, шапшаң істеуге тиісті» деп қатаң ескертті.

1921 жылы кейбір жергілікті қызметкерлердің заңсыз әрекеті мен қиянатына жұмысшылар мен шаруалардың наразы болғанын айта келіп, Владимир Ильич мұндай заңсыздықтарды жою үшін дереу шара қолдану туралы тапсырма берді де өзінің секретарына «хаттың авторын тауып алып тезірек қабылданыз, көңлің жықпаңыз, менің ауру екенімді айтарсыз» деп арнаулы хат жазды.

Владимир Ильич шаруалардың хат-хабарына да ерекше көңіл бөлді. Ол «Беднота» газетінің редакторынан шаруалардан түскен хаттар жөнінде ылғи қысқаша баяндап отыруды талап етті.

Владимир Ильичтің тағы бір қасиеті оның кішіпейілдігі, қарапайымдылығы. 1918 жылы Алексей Максимович Горький Сормово жұмысшысы Дмитрий Павловтан сізше Лениннің ең айқын қасиеті не?— деп сұрағанда:

— Қарапайымдылық, шынайы қарапайымдылық, — деп жауап берген екен.

Көп жылдар бойы Лениннің хатшысы болып істеген Лидия Александровна Фотиева Владимир Ильич Халық Комиссарлары Советінің председателі болып отырған кезінде де бұрын қандай болса, нақ сондай жайдары кішіпейіл болып қала бергенін, оның тұрмысының да жұпыны болғанын айтады.

Владимир Ильич кішкентай істе болса да өзіне өте қатал талап қоятын еді. Өз басына байланысты мәселелерді шешкен кезде ол өзіне «жұмысшылар бұл жөнінде не айтар еді» деп сұрақ қояды екен. Ильич жеке мүдде мен қоғамдық мүддені шын мәнісінде ұштастыра білген адам. Лениннің өз басы мен оның уағыздаған идеяларының арасында ешқандай қиғаштық болған емес.

Владимир Ильич адамға өте қайрымды, мейірімді болған. Өзінің айналасындағы қызметкерлердің біреуінің қажығанын немесе науқастанып жүргенін сезсе, оны дереу дем алуға жіберіп, ауруының жайы туралы дәрігерден өзі сұрап біліп отырған. Басына қайғы түскен, жақынынан айрылған адамдарға Ильич ерекше достық сезім көрсетіп, көңілін жұбатып, ширатуға тырысатын. Бір күні Владимир Ильич жазушы Серафимовичтің ұлы майданда қаза болғанын естіп, оған мынадай хат жазған:

«Сіздің қолыңызды қатты-қатты қысып, рухыңызды көтеріңкі және берік болуын тілеуіме маған рұқсат етіңіз... Сізге мынаны айтуға өте құштармын: Сіздің еңбегіңіз жұмысшыларға және біздің бәрімізге өте керек, ал ауыр ойды жеңіп, өзіңізді жұмысқа кірісуге көндіру үшін кәзір берік болу Сізге өте қажет нәрсе» (Шығармалар, 35-том, 426-бет).

Еліміздің аса көрнекті ғалымдары Мичуриннің, Жуковскийдің, Павловтың, Тимирязевтің және басқаларының жемісті жұмыс істеуіне қажетті жағдай жасау туралы үкіметтің Ленин қол қойған қаулыларының бәрінен қамқорлық, қайырымдылық көрініп тұрады. Владимир Ильичтің мәдениет қайраткерлеріне қаншама қамқорлық жасағанын көрсететін бір факті келтірейік. Алексей Максимович Горькийдің Москваға келуі қарсаңында, Ильич хатшысына «Оған вокзалға менің машинамады жіберіңіздер, Алексей Максимович келгенше, оның пәтерінде барлық қажеттің дайын болу қамын істеміздер. Үйі жылы ма екен, отыны бар ма екен — соны біліңіздер» деп тапсырған. Міне бұл сыйлас жолдастың шын жүрегінен шыққан қамқорлығы.

В. И. Ленин партия және совет аппаратының кадрларын, үлкенді-кішілі басшы қызметкерлерді халықпен қоян-қолтық араласып отыруға, олардың мұн-мұқтажын білуге, еңбекшілерге шын ықыласпен кішіпейілділік, қамқорлық көрсетіп, қайырымды болуға үйретті, адамның жеке мүддесі мен қоғам мүдделерін дұрыс ұштастыра білуге баулыды.

22 апрельде еліміздің халықтары және бүкіл жер жүзінің еңбекшілері мен прогресшіл адамдары Владимир Ильичтің туғанына 90 жыл толуын мерекелейді. Осыған байланысты Надежда Константиновна Крупскаяның тамаша бір кеңесін тағы да еске түсіру орынды болар еді. Надежда Константиновна Лениннің атына сәулетті сарайлар салып, оны еске түсіруді сырттай сән-салтанатқа айналдыру қажетсіз екенін, Ильичтің өзі жеке басын дәріптеуді ұнатпағанын айтқан еді. «Владимир Ильичті құрметтегілеріңіз келсе, — деді Крупская, — яслилер, балалар бакшасын, тұрғын үйлер, мектептер, кітапханалар, емханалар, мүгедектер үшін ауруханалар мен үйлер, тағы осындайлар салыңыздар, ең бастысы — оның өсиеттерін барлық мәселелерде де жүзеге асырыңыздар».

Қырық жылдан астам уақыттан бері біздің туысқан Коммунистік партия барлық мәселелерде де Ильичтің өсиетін мүлтіксіз жүзеге асырып, елімізді Ленин жолымен жеңістен жеңіске бастап келеді. Өйткені партия оның ілімін, рухы мен ақыл-ойын, жігері мен ержүректігін және халыққа шын берілгендігін бойына түгел сақтаған, сондықтан да талай күрестерде жеңіп келеді.

Біздің ұлы ұстазымыз Владимир Ильич Лениннің жарқын бейнесі мәңгі жасайды. Ол бізді коммунизм жеңістері үшін күреске шақырып, жігерлендіріп, үнемі алға бастап отырады.

Заман озған сайын Лениннің жеңімпаз идеяларының маңызын, оның тамаша адамгершілік қасиеттерін бұрынғыдан да бетер айқынырақ көрсете түседі. Біздің ұлы жазушымыз Алексей Максимович Горький айтқандай, оның ақыл-ойы мен ерлік күшінің мұрагерлері тірі. Олар дүниеде ешкім, ешуақытта, ешбір жерде істеп көрмеген қарқынмен жұмыс істеп жүр.

Біз бұл мақаламызда В. И. Ленин туралы естеліктерден алған кейбір әсеріміз туралы жаздық. Ильич туралы, оның жарқын бейнесі туралы айтқанда біз әрқашан да ол тек өзінің идеясы жөнінен, өзінің қоғамдық қызметі жөнінен ғана емес, сонымен бірге өзінің жеке өмірі мен тұрмысында да коммунистік қоғамда тұратын жетілген адамдардың бейнесі болғанын мәңгі естен шығармаймыз.

Қасым МҰҚАМЕТҚАЛИЕВ.

В. И. Ленин — журналист

Т. АМАНДОСОВ,

филология ғылымының кандидаты

Владимир Ильич Ленин ұлы журналист болды. Тұңғыш большевиктік газет «Искраның» және басқа баспасөз органдарының ұйымдастырушысы да, оның тұңғыш редакторы да В. И. Ленин еді. Ол совет баспасөзінің негізгі принциптерін белгілеп берді. Өзінің атакты «Неден бастау керек» деген еңбегінде ол баспасөздің коллективтік насихатшы, коллективтік үгітші ғана емес, сонымен бірге коллективтік ұйымдастырушы да екенін айтты. Ол ең алдымен, жұмысшылардың қалың бұқарасымен тығыз байланыста болды. Тамырын терең жіберген теректей, В. И. Ленин хаттары Россияның батысы мен шығысына да, оңтүстігі мен солтүстігіне де, оның шеткі аймақтарына да түгел тарады. Харьков комитетіне немесе Одесса комитеті мен Кавказ комитетіне жазған хаттарында данышпан көсем газетке жұмысшы бұқарасының көп қатынасуын қалайды. Ал 1903 жылы И. Бабушкинге жазған бір хатында Питерден түскен хаттарды он есе көбейту жөнінде қандай шаралар істелгенін хабарлауды талап етеді.

Ұлы адам жұмысшылармен жәй ғана байланыс жасап қоймай, олардың хаттарына үңіле түсетін еді. Ол әрбір жұмысшы хатын көргенде керемет қуанып қалатын. Ленин жұмысшы хаттарын қайта-қайтарақып, өңдеу үстінде олардың тіл, стилін шебер сақтап отыратын. Владимир Ильич жұмысшылардың хаттарына үлкен қамқоршы бола білген. Жұмысшы хаттарының өз бояуын жоғалтып, жасанды интеллигенттік стильге түсіп кетпеуінен қатты сақтандыратын Ленин. Ол газетке бес маман әдебиетшінің орнына бес жүз, не бес мың жұмысшы мен шаруа жазу керектігін тек сөз жүзінде айтып қана қоймай, істе дәлелдеді. Сөйтіп В. И. Ленин баспасөздің кеменгер ұйымдастырушысы болумен қатар, большевиктік баспасөздің жаңа сипатын — оның бұқаралық болу заңдылығын ашты.

Бұған мысал келтірейік. Социалистік революция жеңісінің төртінші айында-ақ шаруалар бұқарасына арналған «Беднота» газеті шыға бастады. Дәл осы кезде, Владимир Ильич маңызды мемлекеттік және партиялық жұмысының орасан көптігіне қарамастан «Беднота» газетіне шаруалар жазған хаттарға ерекше мән берді. Ол хаттарды оқу үстінде бұларды «шын мәнісіндегі адам баласының документтері емес пе! Мен мұны бірде-бір баяндамадан естімеймін ғой» деп қуанатын. Жұмысшылар мен шаруалардың пікіріне ерекше құмар, олардың пікірін өте ардақтайтын ұлы көсем «Беднота» газетін «шаруалар барометрі» деп санаушы еді.

Владимир Ильич 1922 жылдың 26 январында «Беднотаның» редакторы В. А. Карпинскийге былай деп хат жазады:

«Карпинский жолдас!

Шаруалардан «Беднотаға» қанша хат түскенін маған қысқаша (тақпым 2—3-бет) жазып жібермейсіз бе?

Бұл хаттарда маңызды (ерекше маңызды) және жаңалық не бар?

Көңіл ауаны қалай?

Көкейтесті мәселелер қандай?

Екі айда бір рет (келесі хатты 1922 ж. 15 мартта) мынадай хаттар алып тұруға болмас па екен?

- а) хаттардың орта саны
- б) көңіл ауаны
- в) аса маңызды көкейтесті мәселелер.

Коммунистік сәлеммен Ленин» (Шығармалар, 35-том, 520-бет).

Владимир Ильич талантты редактор да болған еді. Ленин ең алдымен, партиялық орган — партияның коллективтік творчествосының жемісі екенін анықтап берді. Теориялық жағынан сыпаттаумен бірге, ол өзінің күнделікті істерінде осы тамаша принципті сақтай отырып, редколлегия мүшелерінің әрқайсысының пікірімен санасып отыратын. Сондықтан да ұлы Ленин «...редакцияда жалған редакторлар емес, тек кана шын редакторлар болуға тиіс екенін, мұның тоғышарлық коллегия емес, іс істейтін коллегия болуға тиіс екенін, ол коллегияда *әркімнің әрбір* мәселе жөнінде өз пікірі болуға тиіс екенін...» (Шығармалар, 34-том, 193-бет) ескерткен еді. Ал Лениннің өзі дәл сондай редактор болған еді. Ол белгілі бір пікірдің жобасын алдын ала жазып ап, бұл жөнінде ақылдасуға бірнеше адам жинап, олардың пікір-ұсыныстарын түгел тындап барып, белгілі тұжырымға келуші еді.

Владимир Ильич газет жұмысының ұсақ-түйегі демей, бәріне назар аударатын. «Айқын, қысқа, дәл жазу, тақырыптардың мәнерлілігі мен дәлдігі, әріп таңбасын таңдап алу, корректура түзету, газеттің мерзімінде шығуы, міне мұның бәріне Владимир Ильич орасан зор мән беріп, өзі қадағалап отырды. Бірде-бір «болмашы нәрсе» Владимир Ильичтің қырағы көзінен тасаланып қала алмайтын еді»¹. Істің мәнжайын осындай жақсы білген Ленин редакция қызметкерлері мен тілші, авторлардың да материалдарын ықылас қойып оқып, оған ақыл, кеңесін айтатын. Осындай кеңестердің үстінде А. В. Луначарскийдің бір мақаласын ол үш рет қайта жаздыртады. А. В. Луначарский «Вперед» газетінің шығуы туралы хабарландыру жазбақ болды. Бірақ бұл мақаланың программалық сипаты болуы керек еді. Сондықтан мақала неғұрлым дәлдікті талап етті. Міне, осы тұрғыдан редактор Ленин өзінің ақылды кеңесін авторға бере отырып, ол мақаланы үш рет қайта жаздыртады.

Сондай-ақ В. И. Ленин қатардағы тілші хаттарын былай қойғанның өзінде, редактор ретінде, газет қызметкерлерінің материалдарын да шебер өңдейтін. Қаншама таңқаларлық, нәзік өңдеу десеңізші! Ол біреудің стилін ешуақытта бұзған емес, өз стилін де еріксіз тықпалаған емес.

Ленин редакцияға түскен корреспонденцияларды өндегенде оны неғұрлым аз өңдеуге, автордың өзіне тән ерекшелігін, өз мәнері мен тілін, оның мәселеге өз көзқарасын түгел сақтауға тырысатын. Владимир Ильичтің редакторлық дарындылығының өзі оның тамаша сезімталдығында еді. Ол автордың қолжазбасындағы ойландырып-толғандырған, кинаған, бірақ таба алмаған сөздің, я ойдың дәл үстінен түсетін де, оны шебер редакциялай қоятын. В. И. Ленин редакцияға түскен мақалалар мен корреспонденциялардан тың пікірлерді, жанды, жарқын сөздерді, тартымды фактілерді іздейтін, егер оларды таба қалса, ондай материалды қорытуға, автормен әңгімелесуге, хат жазысуға еңбегінде, уақытын да аямайтын. В. А. Карпинский естеліктерінде Владимир Ильичтің оның өз мақалаларын қалай жөндегенін мысалға келтіреді. Ленин бірде Карпинскийдің сөздерін ауыстырса, тағы бірде оның сөздерін алып тастап оның орнына басқа сөздер қояды, немесе жаңа аб-

¹ В. А. Карпинский. В. И. Ленин — редактор, «В. И. Ленин туралы есте қалғандар», 74-бет. Қазақ мемлекет баспасы. 1955.

вац қосады. Бірақ осы өңдеулерде Карпинскийдің тілі мен стиліне де, оның жазу реңіне де ешбір залал келмейді.

А. В. Луначарский өзінің бір естелігінде Лениннің өзі шапшаң, шебер және көп жазумен бірге, жолдастарының да жазғандарына аса бір бақыласпен, жаны ашырлықпен қарайтынын, олардың жазғандарын зер салып түзетумен қатар, кеңес-нұсқау беретінін, ал талантты жазылған әрбір мақалаға шын ниетімен қуанатынын мақтаныш сезімімен баяндайды. Міне осындай шынайы, тарихи мысалдар ұлы Лениннің теңдесі жоқ дарынды редактор болғанын айқындай түседі.

В. И. Ленин — мұнымен бірге, жалынды да күрескер публицист. Журналистік мамандықты, әдеби-публицистикалық қызметті ол барынша қадірлеген еді. Сондықтан да ол Совет мемлекетінің басшысы болған кездің өзінде анкета толтырғанда «мамандығыңыз қандай» деген сұраққа: «журналист», «әдебиетші» деп жауап бергені жұртқа мәлім. Владимир Ильич өзінің бүкіл өмірін жұмысшылар мен шаруалардың бақытты өмірі жолындағы күреске арнаған болса, олар үшін жақсы, көңілге қонымды етіп жазуды да қажет деп білген. Сондықтан болу керек, ол өзінің ертеде бір жазған хаттарында: «Мен жұмысшылар үшін жазу мүмкіндігінен басқа ешнәрсені сондайлық тілемеген болар едім. Оған басқа ешнәрсе туралы сондайлық көп арман еткем де жоқ» (Шығармалар, 34-том, 6-бет) деген еді.

Заман мен қоғамның болашағы және оның тірегі болып отырған қалың еңбекші бұқара үшін жазуды үлкен борышым деп санаған В. И. Ленин сөздерінің дәлдігі, қарапайымдылығы мен айқындылығы, сөйлемдерінің қысқа құрылып, жұрттың бәріне ұғымдылығы, асқан логикалық күші оның ұлы публицист екенін бірден танытады. Ұлы публицистің әдеби тілі қарапайым, түсінікті болумен бірге, кіршіксіз таза да жинақы, жатық болатын.

Сөзге сараң, ойға терең ұлы Лениннің тұжырымдары дәлме-дәл еді. Владимир Ильич ана тілін ардақтаумен бірге, оның заңдарын жетік білген. Ол ана тілін бүлдірмеуді, егер орынды және тым қажет болмаса, шетелдік сөздермен шұбарламауды талап етті. Лениннің публицистикалық көптеген мақалаларынан оның әрбір сөзі егжей-тегжейіне жеткізіле терең ойланылғаны, өз пікіріне оқушыны соншама сендіретін күші ап-айқын көрініп тұрады. Оның «Маңызды әшкерелеу», «Либералдық буржуазияның агентурасы», «Социализмді тағы бір жоюшылық» деген мақалаларынан әшкерелеу күші мірдің оғындай қадалып жатса, «Революцияның сабақтары» деген мақаласында халықтың жігері мен қайратына, оның келешегіне деген зор сенім бар. Ол алғашқы бір жүздеген публицистикалық мақалаларында халықшылдар мен оппортунистер сияқты марксизмнің жауларын жайпап, пролетариаттың жетекші күш екенін айтса, жұмысшылар мен шаруалардың берік одағын қорғаса, екінші бір жүздеген публицистикалық мақалаларында социалистік революция, бір елде социализм жеңісі идеяларын табандылықпен насихаттады. Заманымыздың теңдесі жоқ публицисі біздің елде социалистік қоғам орнату мәселелеріне де талай публицистикалық мақалалар арнады.

В. И. Ленин 1905 жылдың басында «Вперед» газетінде жарияланған «Күрес күндерінде» деген мақаласында партия публицисінің қоғамдағы орны мен оның өмірдегі міндеттерін анықтай келіп, партиялық публицист нақты фактілерді көріп, білумен бірге, оның өмірлік мәніне, оның қоғамдық-саяси мәніне түсіну керектігін, өмірді қозғалыс үстінде көрумен бірге, оны қозғалыс үстінде жаза да білу керектігін, большевиктік принципті, жоғары идеялылықты әрқашан да сақтай біліп, партияның ісі үшін күрес жолында тіптен де қорықпау керек еке-

нін көрсеткен еді. Ұлы публицистің бұл данышпандық ойлары кәзіргі заманда да ешбір маңызын жойған жоқ. Көсеміміз Лениннің публицист ретіндегі тамаша шеберлігі қалам қызметкерлеріне үлкен мектеп болумен бірге, оларға мол күш-қуат, нәр береді.

В. И. Ленин газет жанрларының жазылу заңдылығын да анықтаған еді. Ол қандай да газет жанры болсын, оны жазудың негізгі үш кезеңі болады деп көрсетті. Бірінші — тақырып таңдау; екінші — таңдап алған тақырыпты дамыту; үшінші — оны әдеби өңдеу. Әрине, газет жанрларын жазудың Ленин анықтаған бұл үш кезеңі бір-бірінен аулақ жатқан, бір-біріне қарама-қарсы нәрселер емес, тұтас мүдде-мақсаттан, ой-пікірден туады. Ең алдымен, тақырып таңдаудың өзі өмірден туады, тақырып өмірдің өзі итермелеген идея десек, саяси мәні бар, кәзіргі таңдағы өте бір маңызды, көкейтесті мәселені қозғайтын тақырыпты таңдай білу керек. Тақырып туралы мәселе жоспарлау туралы мәселемен де тікелей байланысты. Міне, сондықтан Ленин тақырыпты таңдап алу, оларды реттеудің өзі жоспар дейді. Жалпы жоспардың сипаты партияның белгілі бір уақытта, белгілі бір кезеңде қойып отырған міндеттеріне сай келуге тиіс. Мұны В. И. Ленин «Искра» мен «Заря» редакциясының мәлімдемесінің жобасы» деген еңбегінде айқындап берді.

Әрине, тақырып таңдаудың мәні мен маңызы қандай болса, оны дамытудың мәні мен маңызы да сондай. Тақырыптың дамытылуы мен байыпталуы оның бағытын анықтайды. Тақырып орынды тандалса да, мәселенің дұрыс шешілуі оның дамытылуына тікелей байланысты. Бір тақырыптың өзін әртүрлі көзқарас тұрғысынан баяндауға болады. Сондықтан дамыту тақырыптың темір қазығы сияқты. Таңдаған тақырыпты дамытуға шеберлену үшін Лениннің мақалаларын оқи отырып, оның дамыту әдістерінен үйрене білу керек. Ленин мақала жазуға кірісер алдында, оның қысқа конспектісін немесе жоба-жоспарын жасаған. Сол конспекті мен жоба-жоспар бойынша Ленин ойларының барысын байқауға болар еді. Тарихи деректерге, естеліктерге қарағанда, В. И. Ленин сол жазған конспектілерін бірнеше рет өзгерткен көрінеді. Сөйтсе, Ленин осы өзгертулер арқылы өз ойын дамытуға әбден шеберлене түседі екен. Ұлы журналист Ленин тақырыпты дамытуға осылай, диалектикалық тұрғыдан келген.

Тақырып таңдау мен оны дамыту әдеби өңдеумен тығыз байланысты. Газет жанрларының әдеби өңдеуі оның мазмұнымен үндес болуға тиісті. Мақаланың тілі мен жазылу мәнері қойылып отырған мақсатқа сай келуі керек. Мысалы, теориялық тақырыпқа жазылған мақалаға үгіттік сарын жарамайды, ал үгіттік мақала академиялық стильде жазылса ұнамсыз болар еді. Әдеби өңдеу үлкен шеберлікті талап етеді. Әдеби өңдеуде мақаланың сарыны, стилі, образды айта білу, салыстыру әдісі шешуші роль атқарады. Ленин әдеби өңдеуге зор мән берген, ол өзінің тілі мен стиліне мұқият қараған, осы жолда көп еңбек еткен. Әдеби өңдеу тек тіл мен стиль туралы мәселе емес, ол тақырыпты баяндаудың үлгісі де боп саналады. Лениннің бойында өз материалдарымен қатар, басқаның материалдарын да осындай өңдей білудің ерекше бір таланты бар еді. Лениннің бұл шеберлігіне «Искра» дәуірі кезіндегі жұмысшылар корреспонденцияларын өңдеуі, оның «Социал-демократ», «Пролетарий», «Вперед» газеттеріндегі редакторлық қызметі толық үлгі бола алады.

Большевиктік баспасөздің ұйымдастырушысы, тамаша редактор, талантты публицист болумен бірге, журналист ретінде Владимир Ильич өмірдің кішкене фактілерінің өзіне де қатты назар аударатын. Сол кішкене фактілердің әлеуметтік мәнін терең түсінетін де, оның болашағын болжай білетін. Ленин «Біздің газеттеріміздің сипаты туралы» деген мақаласында жұртқа көптен белгілі мәселелер туралы кү-

лаш-құлаш мақалалар жазбай-ақ, өмірдің кішкене фактілері арқылы «телеграфтік стильде» кішкентай хабарларды жиі беріп тұруды ескерткен еді.

Лениннің кішкене өмір фактілеріне үнемі назар аударғаны туралы тағы да бір мысал келтірейік. 1921 жылдың август айында «Правда» мен «Известия» газетінде «Біздің байлығымыз» деген кішкене заметка жарияланады. Бұл заметкада Қарабұғаздың пайдаланылмай жатқан байлығы хабарланады. Осы кішкене ғана заметканы оқыған Ленин, дереу бұған зор мән беріп, авторға хат жазуды немесе газет арқылы хабарлауды өтінген болатын. Сөйтіп, Ленин өмірдің өзінен алынған, өмірде өзін ыспаттаған кішкене фактілерге сүйенуді өз еңбектерінің де арқауы еткен. Лениннің «Ұлы бастама» деген кеменгерлік еңбегінің өзі сол кездегі жергілікті және орталық большевиктік газеттерде жексенбілік туралы кішкене өмір фактілерін хабарлаған заметкаларды жинақтап-сұрыптаудың, оларды журналистік шебер қорыта білудің негізінде туған-ды.

Қоғамның даму заңдарын ашқан, маркстік жаңа партияны құрған, тұңғыш совет мемлекетінің негізін салған В. И. Ленин, буржуазиялық баспасөзден түбірлі айырмашылықтары бар, жаңа тұрпатты баспасөзді де құрушы болды. Ол баспасөздің негізгі принциптері мен міндеттерін белгілеп берді. Лениннің анықтауы бойынша, советтік баспасөздің негізгі принциптері оның партиялығында, идеялылығында, оның халықтығы мен шыншылдығында жатыр.

В. И. Ленин көрсеткендей, баспасөздің партиялығы ең алдымен оның партия саясатына табанды болып, партияның жол басшылығынан ешбір ауытқымай, партияның ұрандарын, директивалары мен нұсқауларын жүзеге асыруға қалың бұқараны жұмылдыра білу. Баспасөздің партиялығын осылайша бағалаған Владимир Ильич газеттің әрбір қызметкерін жергілікті жердегі партия өкілі деп санап, олардың партиялық этиканы әрдайым қатты сақтауын талап еткен. Сондықтан да ол: «Байқаныз, сіз — партиялық газеттің қызметкері екеніңізді ұмытпаңыз, төңірегіндегілердің де ұмытуына жол бермеңіз» деп жазды А. В. Луначарскийге.

В. И. Ленин өзінің «Біздің газеттеріміздің сипаты туралы», «Совет өкіметінің кезектегі міндеттері», «Жауынгер материализмнің маңызы туралы», «Ұлы бастама», «Өндірістік насихат туралы тезистер» деген мақалаларында социализм дәуірі мен коммунизмге өту кезеңіндегі советтік журналистиканың негізгі міндеттерін белгілеген болатын. Ол капитализмнен социализм дәуіріне өту кезеңінде баспасөздің негізгі міндеті бұқараға экономикалық тәрбие беру деп атап көрсетті. Бұқараға экономикалық тәрбие берудің мәнін Ленин социалистік еңбекті ұйымдастыру үшін күрес, қалың көпшілікті еңбекке жаңа социалистік көзқараспен қарауға тәрбиелеу деп түсіндірді.

Владимир Ильичтің совет баспасөзінің ролі туралы айтқан данышпандық пікірлері — совет журналистеріне бұл күндері де жарық жұлдыз. Кәзіргі уақытта еліміздің еңбекшілері КПСС ХХІ съезінің тарихи шешімдерін басшылыққа ала отырып, жетіжылдық жоспарды орындауға қызу кірісіп жатқанда баспасөздің маңызы мен ролі бұрынғыдан да арта түсуде.

Даңқты заманымыздың дәрежесінде, коммунизм орнатушы халықтың ұлы ерлік істерінің дәрежесінде болып, сәулетті коммунистік қоғам орнату күресінде совет журналистеріне ұлы Лениннің кесек тұлғалы журналистік қасиеттері дем беруде. Партиялық жалынды публицистиканың теңдесі жоқ тамаша өнегесін көрсеткен, мәңгі жасайтын Ленин бейнесі әрқашан совет журналистерінің көз алдында тұрады.

Әкімшілік басқару орындарын ықшамдап, жетілдіре берейік

Ө. АТАМБАЕВ,

Қазақ ССР Финанс министрі

Коммунистік құрылыс міндеттерін орындауда советтік мемлекеттік аппараттың маңызы үлкен. Өйткені ол арқылы еліміздің халық шаруашылығына басшылық ету ісі жүзеге асырылады. Совет мемлекетінің негізін салушы В. И. Ленин әкімшілік-басқару орындарын әрдайым нығайтып, жетілдіре беру, оны күшті, икемді ету керек екенін үнемі атап көрсеткен болатын.

В. И. Лениннің өсиетін орындай отырып, Коммунистік партия мен Совет үкіметі мемлекеттік аппаратты жетілдіре беруге, оның жұмыс мәдениетін көтере түсуге күнбе-күн қамқорлық жасап, оған жұмсалатын шығынды азайтуға, жұмыстағы бюрократтықты, қағаз бастылықты жоюға бағытталған нақты шараларды іске асырып келеді.

Соңғы жылдары басқару орындарын өндіріске жақындату, бірімен бірі қатарлас, бірінің жұмысын бірі қайталайтын мекемелер мен ұйымдарды тарату, жергілікті жерлердің бастамасын қолдап, басшылықты орынсыз орталықтандыруды жою, тағы басқа жүргізілген ірі шаралар кәсіпорындардың, мекемелердің, министрліктердің, ведомстволардың, халық шаруашылығы советтерінің жұмысын жақсартуға себепкер болды, халық шаруашылығындағы ұшан-теңіз мүмкіндіктерді мейлінше толық пайдалануға, еңбекшілерді өндірісті басқару ісіне кең қатыстыруға жағдай туғызды.

Дегенмен, партия мен үкіметіміздің қаулы-қарарларында атап көрсетілгендей, бұл шаралар келешекте істелетін ірі жұмыстардың тек бастамасы ғана. Қазіргі уақытта, еліміз коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауға, социалистік қоғамның өндіргіш күштерін мықтап дамытуға, совет халқының хал-тұрмысын жақсартып, мәдениет дәрежесін көтере түсуге батыл кірісіп отырған кезде мемлекеттік аппараттың маңызы бұрынғыдан да арта түседі. Сондықтан да партия оның жұмысын жақсартуға беру қарқынын бәсеңдетпеуге шақырды. Нақ осы кезеңде басқару орындарын ықшамдап, оған жұмсалатын шығынды азайту мәселесі айрықша орын алады.

Әкімшілік-басқару орындарын ықшамдау қажеттілігі қоғамдық еңбекті тиімді, үнемді пайдалану талабынан туады. Аппаратты қысқарту нәтижесінде көптеген мамандарды, басқа да қызметкерлерді материалдық игіліктер жасалып жатқан өндіріске жіберуге қолайлы жағдай туады. Басқару ісіне жұмсалатын шығынды азайту есебінен материалдық игіліктерді өндіруге керекті еңбек үлесін ұдайы арттырып отыру социалистік қоғам байлығын молайтуға мүмкіндік береді.

Соңғы уақытта бүкіл елімізде, соның ішінде республикамызда басқару орындарын жақсарту жөнінде бірсыпыра жұмыс істелді. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «КПСС Қарел облыстық комитетінің секретары Л. И. Лубенников жолдастың хаты туралы» қаулысына сәйкес, республиканың облыстық партия комитеттері, облыстық атқару комитеттері, экономикалық әкімшілік аудандарының Халық шаруашылығы советтері, министрліктер мен ведомстволар, кәсіпорындар мен ұйымдардың басшылары әкімшілік-басқару орында-

рын одан әрі ықшамдау, жетілдіру, оған жұмсалатын шығынды азайту, бірінің жұмысын бірі қайталайтын басқару орындарын ажырату, мекемелердің, ұйымдардың, кәсіпорындардың жұмысындағы бірін-бірі қайталаушылықты, жауапкерсіздікті жою жөнінде шаралар мен ұсыныстар белгілеп, оны Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қарауына тапсырды. Мұны белгілеп талқылауға жұмысшылар, колхозшылар, инженерлер мен техниктер және қызметкерлер белсене қатысты.

Осы ұсыныстардың негізінде Қазақстан үкіметі 1959 жылы бірнеше қаулы қабылдады. Қаулыға сәйкес республикада жұмысы бір біріне ұқсас, қатарлас аралық буындарды жою, бір тұрпаттағы және ұсақ кәсіпорындар мен құрылыс ұйымдарын қосып ірілендіру, кәсіпорындарды цехсыз басқаруға көшіру, шығарылатын өнімнің сапасына техникалық бақылау жасау ісін тәртіпке келтіру, дайындау аппаратындағы керексіз қызмет орындарын қысқарту жөнінде күрделі шаралар жүргізілді. Осы және басқа жүзеге асырылған шаралар көптеген қатарлас ұйымдарды таратуға, бірталай маман кадрларды тікелей өндіріс орнына жіберуге, сөйтіп жылына 105,5 миллион сом мемлекет қаржысын үнемдеуге мүмкіндік берді; ең бастысы—басқару орындарының, түрлі кәсіпорындар мен мекемелердің жұмысты бұрынғыдан ширақ, тиімді істеуін қамтамасыз етті. Мысалы, Мәдениет министрлігінің құрамында Кинофикация және кинопрокат бас басқармасы болды. Ол өзіне бағынатын Кинопрокаттың республикалық конторы мен облыстық мәдениет басқармаларының кинофикация бөлімдеріне басшылық етіп отырды. Ал Кинопрокаттың республикалық мекемесі кинофикация бөлімдеріне бағынбайтын облыстардағы кинопрокат бөлімшелеріне басшылық етті. Кино жүйесі мен кинопрокат ұйымдарына осылайша басшылық ету өмір талабына сай келмеді, сондықтан да фильмдердің қажетті қоры жасалмады, киноқондырғыларды фильмдермен жабдықтау тәртібі бұзылды. Осыған байланысты бұл екеуі біріктіріліп, олардың негізінде министрліктің Кинофикация және кинопрокат бас басқармасы, облыстық мәдениет басқармаларының кинофикация және кинопрокат бөлімдері құрылды. Бұл басшылық ету, репертуарды жоспарлау, фильмдерді бөлу, фильм қорын пайдалану ісін едәуір жақсартты.

Алматы қаласында Жергілікті шаруашылықты жабдықтау жөніндегі бас басқарманың орталық материалдық-техникалық базасымен бірге осындай Алматы облыстық конторы да болды; бұлар бірінің жұмысын бірі қайталап отырды. Осыған байланысты облыстық мекеме ажыратылып, оның міндеті Алматыдағы орталық материалдық-техникалық базаға жүктелді.

Алматы қалалық атқару комитеті Жергілікті өнеркәсіп басқармасының жеміс-минерал сулары заводын сол басқарманың сыра заводымен қосып, сыра заводынан сусын шығаратын цех ұйымдастырды. Соның арқасында өндірістік база кеңейіп, еңбек өнімділігі артты. Егер жеміс-минерал сулары заводы бұрын өндірістік жоспарды орындай алмай келсе, біріктірілгеннен кейін өткен жылы, жалпы өнім шығару тапсырмасын 103 процент, қор жинау жоспарын 118,6 процент орындады, ал осы уақыт ішінде еңбек өнімділігі де арта түсті.

Республикада бұдан басқа да бірқатар ірі шаралар жүзеге асырылды. Атап айтқанда, Талдықорған облысы таратылып, оның аудандары Алматы облысына берілді. Бұл басқару аппаратына жұмсалатын шығыннан жылына кемінде 5 миллион сомнан астам қаржы үнемдеумен бірге аудандарға тәжірибелі, қабілетті маман кадрларды көптеп жіберуге мүмкіндік берді.

Алматы облысын ірілендіру шаруашылықты бұрынғыдан жақсырақ мамандандырып, арнаулы бағытқа бағындыруға, еңбек пен қаржыны аз жұмсап, өнімді көбірек өндіруге жағдай туғызды.

Соңғы үш жылда республикада 16 селолық аудан, ал еңбекшілер депутаттары аудандық Советтері атқару комитеттерінде денсаулық сақтау, коммуналдық және жол шаруашылығы бөлімдері ажыратылды.

Әкімшілік-басқару орындарын ықшамдап, жетілдіре түсу, қатарлас-аралық буындарды тарату ісіне республиканың кейбір Халық шаруашылығы советтері көңіл бөле бастады.

Гурьев Халық шаруашылығы советі, басшылықты кәсіпорындар мен балық аулайтын колхоздарға жақындату мақсатымен, Орал-Каспи мемлекеттік балық тресін, балық аулайтын колхоздар жөніндегі Гурьев облыстық басқармасын, моторлы балық аулау станциясын таратты. Гурьев қаласындағы Петровский атындағы заводта жөндеу-құрылыс және құрал-сайман жөндеу цехтары біріктірілді. Сағыз, Қошқар, Комсомол мұнай кәсіпшілігі басқармаларында еңбек және жалақы төлеу бөлімі мен жоспарлау бөлімінің орнына жоспарлау және еңбек ұйымдастыру бөлімі құрылды.

Оңтүстік Қазақстан Халық шаруашылығы советіне қарасты мақта кәсіпорындары тресінің 40 кісілік штаты болды. Ол 6 мақта заводына ғана басшылық ететін. Мұның өзі заводтар мен Халық шаруашылығы советінің ортасындағы керексіз аралық буын еді. Трест таратылып, мақта тазалайтын кәсіпорындар тікелей Халық шаруашылығы советінің қарауына берілді. Соның нәтижесінде жұмыстағы орынсыз қайталаушылық, қағазбастылық жойылды, ал өндіріс мәселелері тез әрі тиімді шешілетін болды.

Семей қаласында Халық шаруашылығы советі: механика заводын, шұға комбинатын, метиз-фурнитура заводын, жүнді алғаш тазалау фабрикасын, селикат кірпіші заводын цехсыз басқару әдісіне көшірді. Володарский атындағы фабриканың екі тігін цехы, арақ-шарап комбинатының ликер және шарап цехтары бір цехқа, «Большевичка Украины» тігін фабрикасы облыстық атқару комитеті жанындағы жергілікті кәсіпорын басқармасының тігін фабрикасымен біріктірілді.

Өндірісті цехсыз басқару тәсіліне көшіру тәжірибесі мастерлердің жауапкершілігін арттыратынын, өндіріске басшылық етуді жеңілдетіп, цехтардағы әкімшілік-басқару қызметкерлеріне жұмсалатын шығынды азайтуға жағдай жасайтынын айқын көрсетті.

Алайда Халық шаруашылығы советтерінде, министрліктер мен ведомстволарда, кәсіпорындарда, құрылыстарда, мекемелер мен ұйымдарда басқару аппаратындағы қызмет орындарын бұдан былай да қысқартып, одан босаған адамдарды материалдық игілік өндірілетін жерлерге жіберу жөніндегі зор мүмкіндіктер мүлде жеткіліксіз пайдаланылып келеді. Кейбір басшы қызметкерлер басқару орындарын ықшамды, икемді, үнемді етуге тиісті көңіл бөлмей отыр.

Солтүстік Қазақстан, Қостанай Халық шаруашылығы советтерінің құрылыс ұйымдарында әкімшілік-басқару қызметіндегі адамдардың үлес салмағы 10 проценттен артып, Семей, Оңтүстік Қазақстан Халық шаруашылығы советтеріндегіден екі еседей асып түсіп отыр.

Салынып жатқан кәсіпорындардың дирекциялары басшы қызметкерлердің санын шамадан тыс көбейтіп жіберген. Мұның өзі құрылыс өндімей жатса да, басшы қызметкерлердің жалақысына қаржының белгіленген мөлшерден артық жұмсалуына әкеліп соқтыруда. Мысалы, Қарағанды мебель фабрикасының, Көкшетаудағы оттегі-тыныс алдыру аппаратурасы заводының құрылысында, Павлодар қаласындағы және республикадағы өзге де көптеген құрылыстарда дирекцияны ұстауға керекті белгіленген қаржы түгелімен жұмсалса да құрылыс аяқталмай қалған.

Халық шаруашылығы советтері, министрліктер мен ведомстволар салынып жатқан кәсіпорындардың дирекцияларын ірілендіру, техника-

дық бақылау жұмысымен шұғылданатын қызметкерлерге қаржы жұмсауды тәртіпке келтіру ісін шұғыл жүзеге асырғаны мақұл.

Сауда орындарында да таратуға жататын қызмет орындарын біріктіріп ірілендіретін бірқатар мекемелер мен кәсіпорындар бар. Атап айтқанда, шағын магазиндер мен асханаларда шаруашылық есепті жойып, оларды орталықтандырылған есепке көшіруге, асханаларда меңгерушінің орынбасары қызметін қысқартуға, бірқатар ұсақ сауда орындарын ірілендіруге, тұрмыс қажетін өтейтін кәсіпорындарды біріктіруге әбден болады.

Өнеркәсіп пен құрылысты басқару ісі қайта құрылғаннан кейін құрылыс ұйымдарын ірілендіріп, нығайтуға зор мүмкіндік туды. Бірақ бұл мүмкіндік жете пайдаланылмай жүр. Республикада Халық шаруашылығы советтеріне және түрлі 25 министрлік пен ведомствоға қарайтын көптеген құрылыс тресі мен төменгі құрылыс және монтаждау ұйымдары бар. Бұлардың 26 проценті жұмыс көлемі 5 миллион сомға жетпейтін, көбінесе жұмысшысы, құрылыс механизмдері аз ұсақ ұйымдар. Сондықтан да мұнда үстеме шығын көбейіп, құрылыс қымбатқа түседі. Солай бола тұрса да шағын құрылыс трестері мен басқармалар әлі біріктіріліп ірілендірілмей келеді.

Бұл шараны жүзеге асырумен бірге құрылыспен айналыспайтын министрліктер мен ведомстволардың әр жерде бытырап жатқан майда құрылыс ұйымдарын Халық шаруашылығы советтеріне, Қазақ ССР Құрылыс министрлігіне берген жөн.

Жұмысшыларды жабдықтау бөлімдерін қайта құру бүгінгі таңда ерекше назар аударарлық мәселе. Кәзір бір бағыттағы арнаулы сауда кең өріс алған кезде бұл бөлімдердің қатарласып жұмыс істеуі орынсыз. Республикада жұмысшыларды жабдықтау және азық-түлікпен жабдықтау бөлімдері (продснаб) 100-ден асады. Бұлардың көпшілігі қалалық жерге орналастырылған. Кәзіргі уақытта Павлодар, Өскемен, Петропавл, Шымкент, Гурьев қалаларындағы осындай бөлімдерді жергілікті сауда орындарымен қосқан қолайлы.

Кейбір жағдайда басқару орындарын жетілдіру жөніндегі құнды ұсыныстар жете зерттелмей, атүсті қаралып, аяқсыз қалып қояды. Мәселен, республиканың көпшілік облыстарының партия, совет орындары колхоздардың құрылыс істері жөніндегі облыстық басқармалар мен аудандық бөлімдерді таратып, олардың міндетін облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының күрделі құрылыс бөлімдеріне (басқармаларына) жүктеу туралы ұсынысты қолдады. Алайда Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі (министр Рогинец жолдас) бұл мәселені екі жылдан астам уақыт бойы шешпей келеді. Мұндай кемшілік республиканың Автомобиль транспорты министрлігінде де бар. Мұндағы Жөндеу және өнеркәсіп орындарының республикалық тресін таратып, оның қарамағындағы шағын 11 автомобиль жөндеу заводуын (трестің 17 кәсіпорны 1957 жылы облыстық автомобиль трестеріне берілген) министрліктің өзіне тікелей бағындыруға болады.

* *

Совет Одағы Коммунистік партиясы одақтас республикалардың мемлекеттік суверенитетін нығайту саясатын тынбай жүргізіп келеді. Соңғы жылдары шаруашылық және мәдени құрылыстағы олардың праволары едәуір кеңейтілді. Бұл шараның еңбекшілердің инициативасын, белсенділігін арттыру, халық шаруашылығының барлық саласын неғұрлым жедел өркендету үшін зор маңызы болды.

Министрлік, ведомство, халық шаруашылығы советі, облыстық Совет атқару комитеті басшыларының, кәсіпорын, ғылыми-зерттеу және жобалау институттары директорларының, құрылыс ұйым бастықтарының жоспарлау, финанс-шаруашылық қызмет, штат бекіту жөніндегі

праволарын кеңейту басшылық жұмысын жақсартуға әрі жеңілдетуге олардың жауапкершілігін күшейтуге бағытталған. Бірақ әкімшілік басқару орындарының кейбір басшылары штатты бекіту жөнінде, өздеріне берілген кең правоны теріс пайдаланып, штат, смета тәртібін бұрмалайды, сөйтіп мемлекетке едәуір нұқсан келтіреді. Тек 1959 жылдың штаты мен сметасын тіркеу үстінде ғана финанс органдары әкімшілік, шаруашылық шығынына 10,2 миллион сом заңсыз және артық ақша бөлінгенін анықтады.

Бірсыпыра құрылыс ұйымының басшылары құрылыс басқармалары мен учаскелерінің штатын бекіткен кезде орташа жалақыны белгіленген нормадан арттырып жіберген. Сөйтіп СССР Министрлер Советінің бұл жөніндегі арнаулы нұсқауын өрескел бұрмалаған. Құрылыс министрлігінің «Қазсантехмонтаж» тресінің Өскемен монтаж басқармасында, Шығыс Қазақстан Халық шаруашылығы советінің Зырян құрылыс тресінің Белогор құрылыс монтаж басқармасында, Ауыл шаруашылығы министрлігінің Көкшетау облыстық құрылыс басқармасының құрылыс ұйымдарында, Қарағанды шахта құрылысы комбинатының төрт құрылыс монтаж басқармасында, Солтүстік Қазақстан Халық шаруашылығы советінің Көкшетау құрылыс тресінің 7 құрылыс учаскесінде штат бойынша орташа жалақы жалпы алғанда ай сайын 19 270 сомға арттырылған.

Партия мен үкімет әрбір қызметкерден, қандай қызмет атқаратынына қарамастан, мемлекеттік тәртіпті қатаң сақтауды талап етеді. Бірақ осы қағидадан мүлт кетіп, ауытқитын қызметкерлер әлі де кездеседі. Шығыс Қазақстан Халық шаруашылығы советіне қарасты Лениногор қорғасын құрылыс тресінің басқарушысы Ю. И. Маницин жолдас басқару аппаратынан жалақы қоры 277,2 мың сом болатын 22 қызметкерді қысқарту туралы жарлық алса да, бірде-бір адамды қысқартпай, оның орнына трестің қарамағындағы құрылыс басқармаларына жарлықта көрсетілген соманы бюджеттің кірісіне аудару жайында тапсырма берген. Сөйтіп трест 277,2 мың сомды бюджет кірісіне қаржыны үнемдеу есебінен емес, қайта құрылыс, монтаж жұмысын қымбаттату есебінен енгізген. Осындай өрескел теріс жолға түсу салдарынан Алтай қорғасын құрылыс тресі, Зырян, Өскемен құрылыс трестері құрылыс құнын едәуір қымбаттатып жіберген.

Демек, бұдан штатты қысқарту жөнінде белгіленген шараларды бұлжытпай орындау үшін ең алдымен мемлекеттік тәртіпті нығайта түсу керек деген қорытынды шығады. КПСС Орталық Комитетінің 1959 жылғы июнь Пленумында Н. С. Хрущев жолдас былай деді: «Партиялық және мемлекеттік тәртіп мәселесі — партия және мемлекет аппаратының барлық кадрлары қызметінің негіздерінің негізі. Қандай да болсын бір шешім алғаннан кейін тілесем орындаймын, тілемесем орындамаймын деп ойлайтын қызметкерлерге арамызда орын болмауға тиіс. Шешім қабылданған екен, оны бұзуға ешкімнің де правосы жоқ».

Партия мен үкіметтің шаруашылық пен мәдени құрылысқа басшылық етуді одан әрі жақсарту жөнінде алға қойған міндеттері барлық мекемелердің басшыларынан, қызметкерлерінен штат тәртібін сақтау, мемлекет қаржысын орынды жұмсау ісіне қатаң бақылау орнатуды талап етеді. Бірақ республиканың кейбір кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында, әсіресе совхоздарында белгіленген мөлшерден тыс қызметкер ұстау, басқару аппаратына арналған қаржыны дұрыс жұмсамау кемшілігі әлі күнге орын алып жүр. Тек 1959 жылдың бірінші жартысында финанс органдары тексеру үстінде 2 184 қызметкердің штаттан тыс ұсталғанын анықтады. Тексеру жүргізілген 137 совхоздың 127-інде заңсыз ұсталған 624 қызметкердің орны табылды; 89 совхозда 368 қызметкерге заңсыз көтеріңкі жалақы төленген; соның салдарынан

1959 жылдың алты айы ішінде ғана мемлекетке 1,6 миллион сом зиян келтірілген.

Бірқатар облыстық ауыл шаруашылығы басқармаларында да финанстан тәртібі өрескел бұрмаланып келеді. Аппаратқа Ақмола облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы (бұрынғы бастығы Струков жолдас) 460 мың сом, Қостанай облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы (бастығы Пак жолдас) 402,5 мың сом қаржыны бекітілген сметадағыдан артық жұмсаған. Ақмола облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бұл заңсыз ақшаны совхоздардан алғашқыда қарыз деген желеумен алып, кейіннен совхоздардың өндірістік шығынына қостырған.

Мекемелерде, ұйымдарда, кәсіпорындарда көбінесе өндірістегі адамдардың есебінен штаттан тыс ұсталатын, сондай-ақ қосалқы жұмыс істейтін қызметкерлерге жалақы төленіп, ысырапқорлыққа жол берілген. Тексерілген 223 кәсіпорынның, ұйым мен мекеменің 64-інде 182 адам қосалқы жұмыс атқаратыны анықталды; олардың дені — құрылысшы-инженер, конструктор, бухгалтер, дәрігер, юрист. Қосалқы қызметкер көбінесе біреуі екіншісіне бағынатын, сондықтан төменгісінің жұмысына бақылау жүргізуге мүмкіндік болмайтын, екі мекемеге не кәсіпорынға орналасқан. Екі және одан да көп кәсіпорында яки ұйымда екі-үш қызмет атқарып, 2—3 жалақыны түгел алатындар да бар; сөйтіп кейбір қосалқы қызметкерге тәулігіне 16 сағатқа және одан да көп уақытқа ақы төленіп отырған.

Алматы қалалық атқару комитетінің құрылыс істері жөніндегі бөлімінің 9 маманы 1958 жылы және 1959 жылдың 5 айы ішінде қосалқы қызметі үшін басқа ұйымдардан 75,9 мың сом, соның ішінде осы бөлімнің бастығы — Алматы қаласының бас архитекторы И. И. Белоцерковский Қазақстан кәсіпшілік кооперациясы советінің жобалау-конструкторлық және геология-барлау мекемесінде қосалқы консультант болып істегені үшін 15 300 сом жалақы алған.

Мемлекет қаржысын осылай және басқаша ысырап ету министрлік, ведомство, халық шаруашылығы советі, облыстық атқару комитеті басшыларының кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің шаруашылықты ұқыпты жүргізу, материал мен қаржыны үнемдеп жұмсау жөніндегі тәртібін бұлжытпай орындауына қатаң бақылау жасамауы салдарынан болып отыр.

Күнбе-күн бақылау жасап, тапсырманың орындалуын тексеріп отыру — мемлекеттік аппараттың ұйымдастыру жұмысының дәрежесін көтерудің бірден бір шарты. Тексеру, бақылау дегеніміз — кадрларды дұрыс орналастыру, оларға үнемі ақыл айтып, кеңес беру, сөйтіп жұмыстың басы-қасында болу. Міне сонда ғана қабылданған шешім, алға қойған міндет кәдеге асады.

* *

Коммунистік партия мемлекеттік аппаратты жақсарту, жетілдіру, оған жұмсалатын шығынды азайту үшін күресу өткінші науқан емес екенін әрдайым ескертіп келеді. «Кәзіргі уақытта ең басты кезекті міндет және ең таяу жылдардағы ең маңызды міндет—совет аппаратын қысқарту, оны неғұрлым жақсы ұйымдастыру, қағазбастылықты, бюрократизмді жою, орынсыз шығындарды азайту жолымен бұл аппаратты жүйелі түрде ықшамдау және арзандату болып табылады» (Шығармалар, 33-том, 445-бет) деп жазған болатын В. И. Ленин 1922 жылы. Көсемнің бұл сөзінің де күні бүгінге дейін орасан зор маңызы бар. Демек, партия, совет, шаруашылық ұйымдары, финанстан органдары олардың басшылары мемлекеттік аппаратты жақсарту мақсатымен әкімшілік-басқару орындарын ықшамдап, оған жұмсалатын шығынды азайта беру, мемлекет қаржысын орынсыз ысырап етуге қарсы батыл күресу мәселелеріне бұдан былай да баса назар аударуға тиіс.

Тың өлкесіндегі кейбір әлеуметтік, экономикалық өзгерістер жайында

Ә. ҚӘКІМЖАНОВ,

экономика ғылымының кандидаты

Коммунист партиясының және оның Н. С. Хрушев жолдас бастаған Орталық Комитетінің басшылығымен соңғы жылдары жүзеге асырылған келелі шаралардың ішінде астықты мол өндіру және әсіресе Қазақстанда көптеген тың және тыңайған жер игеру мақсатын көздеген шараның алатын орны ерекше. Тың, тыңайған жер игеру сияқты күрделі де қиын істің сәтті болуы еліміздің экономикасын жедел өрге бастыру жөнінде Коммунист партиясы ұстаған бағыттың дұрыстығын дәлелдеді, шаруашылықтың социалистік системасының ұшан-теңіз мүмкіндігін айқын көрсетті. Бұл сонымен бірге еліміздегі халықтар достығының ерекше көрінісі болды.

Коммунист партиясының тың игеру саясатына социализм жауларының жала жаппақ болуы кездейсоқ нәрсе емес. Мысалы, батыс герман империалистерінің итаршысы Клаус Менерт деген біреу «Азия, Москва және біз» деген кітапшасында тың игеру ісін «Қазақстанды отарланғандық» деп сандырақтайды. Тек жаулар ғана осылай деуі мүмкін. Егер біздің елімізде қалыптасқан және көп ұлтты буржуазиялық мемлекеттердің еш бірінде болуға мүмкін емес халықтар достығын Клаус Менерт сияқтылар отаршылдық десе, онда нағыз отаршылдық саясатты қалайша атауға болар еді.

Біздің елде жалпы мемлекеттік маңызы бар міндеттерді шешкенде, шаруашылық маңызы өте зор құрылыс тұрғызығанда еліміздегі барша халықтардың бірлесіп қимыл жасауы дәстүрге айналған. Орыс, өзбек, украин, қырғыз, белорусс, армян халықтары, ұлы Отанымыздың барша халықтары Қазақстанға таңдаулы ұлдары мен қыздарын тың игеруге жібергенде, олар бүкіл Отан алдындағы патриоттық, қазақ халқы алдындағы туысқандық борышын орындады. Сол сияқты басқа советтік республикалардағы алып құрылыстарда істеп жүрген қазақтың ұлқыздары аз емес. Бұл жағдай еліміздегі барша халықтың түп мақсаты бір екенінен туған. Ол мақсат — коммунизмнің өндіргіш күштерін өркендете беру мақсаты.

Коммунист партиясының тың, тыңайған жер игеру саясатының дұрыстығын өмірдің өзі көрсетті. Бір кезде Маленков, Каганович, Молотов, Булганин, Шепиловтардың партияның сара жолына, әсіресе тың игеру ісіне қасарысып қарсылық білдірген әрекетінің қаншалықты теріс болғанын кәзір айқын көріп отырмыз.

Тың, тыңайған жер игерудің басты жемісі — еліміздің шығысында — Қазақстан мен Сібір өлкесінде кең байтақ астықты өңірдің жасалуы және астық өнімінің қауырт молаюы. Осының арқасында астықтың әрбір жан басына есептегенде келетін мөлшері арта түсті. Бұл мөлшер Совет Одағы бойынша 1949 — 1953 жылдары орта есеппен жыл сайын 438 килограмм болып келген болса, 1954 — 1958 жылдары 561 килограмм болды. Ал Қазақстанда 558 килограмнан 1 620 килограмға жетіп отыр. Қазақстан астықтың жан басына келетін мөлшері жағынан Америка Құрама Штаттарын шаңына да ертпей кетті деуге болады. Кәзір Совет Одағы жан басына шаққанда бидай өндіру жа-

рынан Америка Құрама Штаттарын басып озды. Қазақстан дихандары бұған кесек үлес қосып отыр.

Астық шаруашылығының қауырт алға басуы арқасында Қазақстан товарлы астық жағынан елімізде екінші орынға шығып, астығы мол өлкеге айналды. Мұны бүкіл елімізде дайындалған астық пен республикадан тысқары жерге жөнелтілген астықтың мөлшерінен айқын көруге болады. Мәселен, Совет Одағы көлемінде дайындалған барлық астықтан Қазақ республикасының алатын орны мынадай:

Тың жерлерді игергенге дейін	Тың жерлерді игеру кезінде
1949 — 1951 жылдары 5,6 процент	1954 — 1958 жылдары 19,3 процент
1951 — 1953 жылдары 5,3 —»—	1956 — 1958 жылдары 24,9 —»—
1953 жылы 7,7 —»—	1958 жылы 27,2 —»—

Республикадан тысқары жерге жөнелтілген астықтың мөлшері де кенет өсіп отыр. Мысалы, бұл мөлшер 1950 — 1953 жылдармен салыстырғанда 1954 — 1957 жылдары 6 есе, ал 1938 — 1940 жылдарға қарағанда 7 еседен астам өскен. Революциядан бұрынғы 1912 — 1913 жылдарға қарағанда 17 есе өскенін көреміз.

Тың, тыңайған жер игеру ісінің игілігі тек астық шаруашылығын өркендетуге ғана тиіп отырған жоқ. Тың игеруге жұмсалған күрделі қаржының да орны артығымен толып, табыс түсіп келеді. Мәселен, 1954 — 1959 жылдары республикамыздың астық шаруашылығын ұлғайтуға мемлекет тарапынан 20 миллиард сомдай күрделі қаржы жұмсалған еді. Осы айтылған алты жылдың ішінде товарлы астықтан айналым салығы ретінде түскен өсімнің өзі ғана (совхоздардың пайдасы мен зиянын есептегенде) 31 миллиард сом болды. Демек, мемлекеттің тыннан түскен таза табысы 11 миллиард сом болып отыр.

Егер тың жерлердегі егіннің түсімін молайту мүмкіншіліктері толық пайдаланылған болса, астықтың ысырабына қарсы күрес ойдағыдай жүргізілген болса, астықтың жалпы түсімі де, мемлекеттің кірісі де анағұрлым артық болған болар еді. КПСС Орталық Комитетінің соңғы декабрь Пленумы бұл жағдайға ерекше назар аударып, сол кемшілікті жою шараларын белгіледі.

Республика ауыл шаруашылығының негізгі саласы — астық шаруашылығын өркендету, осыған орай миллиондаған гектар тың және тыңайған жер игерілуіне байланысты ауыл-деревняда аса ірі игілікті әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жүзеге асты. Бұл өзгерістер, бірінші жағынан, астық шаруашылығын өркендету қарқынын тездету түсуге зор ықпал еткен болса, екінші жағынан, жалпы ауыл шаруашылығының өндіргіш күштерін жедел дамытуға себепкер болуда. Тың өлкесінің ауыл шаруашылығында байқалатын өзгерістердің ең бастысы — совхоз секторының қауырт өскендігі, ауыл-деревняда пайда болған едәуір таптық өзгерістер.

Тың жерлерді игеру үшін ең алдымен көптеген адам күшін жетістіру, оларды кең-байтақ өлкеге орналастыру керек болды. 1954 — 1956 жылдары Қазақстанның тың жерлеріне Совет Одағының жер жерінен 640 мың адам келді. Олардың басым көпшілігі механизаторлар мен түрлі маман жұмысшылар еді. Тың игеру үстінде республика халқының саны үнемі өсіп отырды. 1959 жылдың 15 январына Қазақстанда халықтың саны 1953 жылға қарағанда 24 процент өсті. Ал республиканың солтүстігіндегі облыстарда — Акмола облысында 41 процент, Көкшетауда — 37, Қостанайда — 56, Павлодар облысында — 44 процент өсті. Халықтың өсуіне байланысты әкімшілік-территориялық өзгерістер де болды. Тың жерде көптеген совхоз орнауына байланысты бірқатар жаңа әкімшілік аудандар пайда болды.

Совет Одағының басқа республикалары мен облыстарынан Қазақстанға сан мыңдаған адам қоныс аударды. Бірақ бұл революцияға дейінгі Россияда болған қоныс аудару саясатына мүлде ұқсамайды. Патша үкіметі 1906—1910 жылдары Сібір мен Қазақстанға көптеген шаруалар семьясын көшіргені мәлім. Кезінде В. И. Ленин патша өкіметінің халық мүддесіне қарсы жүргізген осы қоныс аудару саясатын батыл әшкерелеп, оның сәтсіздікке ұшырағанын атап айтты. Патша өкіметі көптеген шаруаларды жана жерге қоныстандырғанда елдің экономикасын алға бастыру мақсатын көздемеді. Оның мақсаты мүлде шиеленісіп кеткен жер мәселесінің шатағынан құтылу, сан мыңдаған наразы шаруалардан құтылу еді. Бұл қоныс аудару ісі қоныс аударушылардың да, жергілікті халықтың да мүддесіне қайшы болды. Патша үкіметі қоныс аударушыларды жана жерге азды-көпті төзімді орналастырудың қамын ойлаған да жоқ. Патшаның Сібір мен Қазақстандағы жергілікті әкімдері тың жерлерді игеруді мақсат етпей, көшіп келген шаруаларға жергілікті халықтың пайдаланып отырған жерін тартып алып беру жолына түсті. Ең шұрайлы жер көшіп келген кулактарға берілді. Еркінсіген кулактар жергілікті халыққа қысым көрсетіп, зәбір жасай бастады. В. И. Ленин «Қазіргі үкіметтің аграрлық саясаты туралы мәселеге» деген мақаласында кулактардың жергілікті халыққа көрсеткен зәбірі туралы қатты қынжылып жазады. Ал қоныс аударған шаруалардың басым көпшілігі жана жерге жайғасып қоныс тебе алмай, шаруасы күйзеліске, өздері қайыршылыққа ұшырады. Көпшілігі еліне кері көшіп кетті.

Социализм жағдайындағы жай мұнан мүлде өзгеше. Совет адамдары Сібір мен Қазақстанға нағыз адамгершілік, отаншылдық ізгі ниетпен келді. Егер революциядан бұрын көшіріліп келгендер Сібір мен Қазақстанға бұрынғы қонысында кедейшілік әбден титығына жеткендіктен, тәуекелге бел байлап, «пәлен жерде бақыр бар» дегендей «бетімнен жарылқар ма екен», «бақытым ашылар ма екен» деп келген болса, совет тұсында тың игерушілер жана өмір, коммунистік қоғам құрылысшылары ретінде келді. Тың игеруге келген жүздеген мың совет адамдарының көпшілігі еліміздің ірі-ірі өнеркәсіп орындары мен мәдени орталықтарынан келген жастар. Олар партия мен үкіметтің шақыруына үн қосып, туып өскен мекендерін тастап, ғасырлар бойы ту жатқан жерді игермекке келді. Олар жаңа жерде толып жатқан қиыншылық кездесетінін жақсы білді. Бірақ ол қиыншылықты жеңуге партия мен Совет үкіметі, күллі совет халқы көмектесетініне кәміл сенді олар. Сенім ақталды да. Қазір тың өлкесіне көз жіберсек, электр нұрына шомылған, жабдығы мол, қалыпты тұрмысқа енген қалың ел көреміз. Ондағы жұмысшы поселкелері орталықтағы елді пункттерден қай жағынан болса да кем емес.

Сонымен, тың жер игеру барысында Қазақстанда жаңа қоғамдық, әлеуметтік өзгерістер жүзеге асты. Оның негізгі мазмұны мынада — Қазақстанда, тың жер игерген басқа өлкелердегі сияқты, жұмысшы табының жаңа үлкен отряды құралып, қалыптасты. Мұның өзіне тән өзгешелігі де жоқ емес. Тың жерде қалыптасқан жұмысшы табы отрядының ауыл-селолық жердегі бұрынғы жұмысшылардан бір өзгешелігі олардың басым көпшілігі еліміздің алдыңғы қатарлы өнеркәсіп орындарынан келді. Бұл жаңа жұмысшылар республикамыздың ауыл-селоларына озат өндіріс мәдениетін ала келді.

Әскер қызметінен босанып қайтқан солдаттар мен сержанттар да бір талай совхоз ұйымдастырды. Олар совхоз өндірісіне жақсы тәртіп, керемет ұйымшылдық енгізіп, қиыншылықтарды жеңуде әскери жігер көрсетті.

Ауыл шаруашылығына жұмысшы табының осы сынды үлкен тобының келіп қосылуы ауыл-селолық жерде өндіргіш күштерді өркендете

беруге зор ықпал етеді. Мұның саяси мазмұны да ерекше. Өнеркәсіп орталықтарынан келген кексе жұмысшылар тың жерде ауылшаруашылық өндірісін тез ұйымдастырып әкету үшін, жастарды оқытып, тәрбиелеп, тракторшы, комбайншы, шофер мамандығына жаттықтыру үшін көп еңбек сіңірді. Жастар тез мамандық алып, совхоз, колхоз өндірісіне қажетті өнер үйреніп, жұмысқа тез төселіп кетті. Тың, тыңайған жер игеру ісі — сан мыңдаған адам үшін коммунистік тәрбие мектебі болды. Олар осы зор мектепте қажырлы еңбекке төселді. Тың игерушілер толып жатқан қиыншылықты жеңу үстінде шыныққан үстіне шыныға түсті. Тың түлектері бұрынғы құлазыған елсіз даланы жаңғыртып, жаңа түрге енгізгені сияқты өздері де өзгеріп, ысыла түсті. Бұл жағдай К. Маркстің: адам баласы өз қолымен жасайтын керемет байлық дүниесін қаншалықты жаңартып, түрлендіре түссе, өзі де соншалықты, сол дәрежеде өзгеріп жаңғырып отырады, деген сөзін толық растайды.

Қоныстанушылар егін егіп, оны орып жинаумен бірге өздеріне азды-көпті жақсы үйлер салып алды. Аз ғана уақыт ішінде жайлы да көркем үйлері мен клубтары, мектептері мен ауруханалары, оқу үйлері мен магазиндері бар жүздеген жұмысшы поселкелері пайда болды. Әрине, бұған партия мен үкімет, совет халқы зор көмек көрсетіп, ерекше қамқоршылық жасады. Қиыншылықтарға қарсы күресте, астық үшін күресте совет адамдарының жаңа мінез-құлқы қалыптасты, жаңа еңбекші коллективтер — жұмысшылар коллективі өсіп, өркендеді. Олар ел сүйсінерлік еңбек атағына ие болды. Тың көтерушілердің бұл еңбегін бүкіл халқымыз зор бағалап отыр. Н. С. Хрушев жолдас КПСС Орталық Комитетінің декабрь Пленумында (1958 жылы) сөйлеген сөзінде былай деді: «Партияның басшылығымен совет халқы тарихта теңдесі жоқ талай ерлік істер істеді. Бұл күндері еліміздің ұлттық мақтанышы болып саналатын ұлы жеңістердің шежіресіне халықтың еңбектегі жаңа ерлігі — миллиондаған гектар тың және тыңайған жерлерді игеру еніп отыр».

Қазақ республикасына оның барша еңбекшілерінің тың, тыңайған жер игерудегі, еліміздің шығысында аса ірі астықты өлке ұйымдастырудағы, астық өнімін молайтып, 1956 жылы мемлекетке бір миллиард пұт астық тапсыру жолындағы ерен ерлік еңбегі үшін наградқа Ленин ордені берілді. Ақмола, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Көкшетау және Павлодар облыстарына да ауыл шаруашылығы өнімін, әсіресе астықты мемлекетке көп тапсырғаны үшін Ленин ордендері берілді. Сондай-ақ 1956 жылы Қазақ Республикасы бойынша 139 кісіге Социалистік Еңбек Ері атағы, 40 530 кісіге ордендер мен медальдар берілді.

Тың игеру үстінде өскен сан мыңдаған диханшылар мен егіншілер мұнан былай да ауыл шаруашылығы өнімін молайта беру үшін қажырлы еңбек ете берешек.

1957 жылы жарты миллионға жуық халқы бар 860 ауылшаруашылық артелін совхоз етіп қайта құру нәтижесінде совхоз қызметшілерінің саны тағы бірсыпыра өсті. Бұрынғы колхозшылар жұмысшы табының қатарына қосылып, мемлекет меншігіне жататын өндіріс құралдарымен еңбек ететін болды. Мұның өзі колхоз-кооператив меншігі мен мемлекет меншігі біртектес социалистік меншік екенін сипаттайды. Мұның мүмкін болған тағы бір себебі жұмысшы табы мен колхозшы шаруалар арасында тап айырмашылығы бірте-бірте жойылып келе жатқандығында¹. Қазақстанда көп колхоздардың совхозға айналуы сан мыңдаған адамның тұрмысы мен өмірінде үлкен өзгеріс болатынын

¹ Әрине, бұдан колхоздардың алдағы уақытта даму жолы оларды совхоздарға айналдыру арқылы болып отырады деген пікірден біз аулақпыз. Бұл — өз алдына бір әңгіме. Автор.

көрсетеді. Өйткені кешегі колхозшылар енді мемлекет кәсіпорында-рында істеп жатыр. Ал мұнда еңбек ұйымдастыру, жұмысты меха-никаландыру дәрежесі колхоздағыдан анағұрлым жоғары. Совхоз жұмысшылары қатарына қосылған колхозшылар, әрине, қалыптаса қоймаған жұмысшылар болып табылады. Бұл жағдай совхоз жұмысшыла-ры арасында саяси-тәрбие жұмысын жақсартып беруді талап етеді.

Сонымен, тың жерде көптеген совхоз орнауы нәтижесінде респу-бликамыздың ауыл, деревнясында үлкен тап өзгерісі пайда болды. Қазір селендік жердегі жалпы халықтың ішінде жұмысшылар мен қыз-метшілердің үлесі артып отыр. Ол үлес, мәселен, Ақмола мен Батыс Қазақстан облыстарында 70 процентке жуық, Көкшетауда — 66 про-центтен астам, Қостанайда — 85 проценттен астам, Павлодар облы-сында — 60 проценттей болады.

Тың игеру кезінде колхоз өндірісі де айтарлықтай өсті. Колхозшы шаруалардың өзі мықтап өзгеріске ұшырауда. Колхозшылар қатарына МТС-терде индустриялы еңбек тәрбиесінен өткен көптеген механизатор кадрлар қосылды. Ал трактор, комбайн және басқа машиналардың МТС-тен колхоздарға берілуіне байланысты колхозшылар машина басқару ісіне мамандана береді. Машинаның көбеюі, колхоз өндірісінің механикалана беруі, көптеген колхозшылардың кәзіргі заманғы техни-каны меңгере түсуі, — осының бәрі колхозшы шаруалар мен жұмысшы-лар арасындағы тап айырмашылықтары жойылуын тездетеді. Ол кол-хозшы шаруалардың сана-сезімін арттырып, олардың коммунистік көзқарасы қалыптасуын жеңілдетеді. В. И. Ленин ұсақ шаруаның мі-нез-құлқын өзгерту міндеті туралы айта келіп, былай деді: «Тек мате-риалдық база, техника, егіншілікте тракторлар мен машиналарды кең көлемде қолдану, кең көлемде электрлендіру ғана ұсақ егінші жөнін-дегі бұл мәселені шеше алады, былайша айтқанда, оның бүкіл психо-логиясын сауықтыра алады. Міне, ұсақ егіншіні осы ғана түп негізінен және барынша тез өзгертер еді» (Шығармалар, 32-том, 221-бет).

Тың, тыңайған жер игерген жылдары ауыл шаруашылығы сектор-ларының ара салмағы да көп өзгерді. Қазір ауыл шаруашылығының өндіріс қорларының көпшілігі тың өлкесінде мемлекет кәсіпорындары-ның, ең алдымен, совхоздардың қарамағында. Егіс көлемі жағынан да жағдай осылай. Мәселен, 1958 жылы егістің Ақмола облысында 68 про-центі, Көкшетауда 64 проценті, Қостанайда 86 проценті, Павлодар об-лысында 66 проценті совхоздарда болды.

Мал шаруашылығы саласында да өзгерістер жоқ емес. Ресубли-ка көлеміндегі барлық малды ірі қараға айналдырып, оны 100 процент-ке теңесек, соның ішінде совхоздар мен басқа да мемлекеттік шаруа-шылықтардағы мал саны 1953 жылы 17,5 процент болса, 1958 жылы 35,1 процент болды. Сол жылдары колхоздарда 63,9 және 40,2 процент болды. Ал жұмысшылар мен қызметшілердің, колхозшылардың жеке меншігіндегі мал саны 1953 жылы 18,6 процент, 1958 жылы — 24,7 про-цент болды. Мұнан мемлекет секторындағы мал саны көбейе бастаған-ның көреміз. Бірақ оның өсу қарқыны ірі мемлекеттік кәсіпорындар-дың мүмкіншіліктерінен анағұрлым кейін қалып отыр. Ал халықтың жеке меншігіндегі малдың осы уақыт ішінде өсе бастағанын байқай-мыз. Бұл бағытты теріс бағыт деп бағалауымыз керек. Өйткені, халық-тың мал шаруашылығы өнімдері жөніндегі барлық қажетін колхоз бен совхоздардың қоғамдық шаруашылығы ғана өтейді. Сондықтан жеке меншіктегі емес, қоғамдық мал шаруашылығы өсе беруге тиіс. Осыған сәйкес соңғы уақытта жағдай түзеліп те келеді.

Қазақстанның, әсіресе тың жер игерген облыстардың ауыл шаруа-шылығынан түсетін жалпы өнімнің көпшілігін мемлекет секторы—сов-хоздар береді. Бұлардың егіншілік пен мал шаруашылығының жалпы өнімінен алатын үлесі 1958 жылы Ақмола облысында 58,5 процент,

Көкшетауда — 55,1, Қостанайда — 72,4, Павлодарда — 57,5, Солтүстік Қазақстан облысында — 59,3 процент болды.

Ал ауыл шаруашылығынан түскен жалпы өнімінің құрамына көз жіберсек, тыңдағы көптеген совхоздарда шаруашылықтың түрлі саласын дұрыс сәйкестіру ісі әлі жолға қойылмағанын байқаймыз. Мұнда әсіресе мал шаруашылығының жайы мәз емес. Тың совхоздарында мал шаруашылығының 1958 жылы жалпы өнімдегі үлесі Ақмола мен Көкшетау облыстарында 7 процент, Қостанай мен Павлодарда 13, Солтүстік Қазақстан облысында 17 процент қана болды. Совхоздардың көпшілігінде мал шаруашылығы әзірге өндірістің пайда келтірмейтін саласы болып отыр. Сондықтан бүгін таңдағы басты міндет — мал шаруашылығына да ерекше назар аудару. Соның өзінде мал шаруашылығын өркендету үшін ең алдымен астық шаруашылығын, әсіресе жүгері егісін, малдың жемшөп қорын молайту керек.

Енді секторлардың ауыл шаруашылығы өнімін дайындаудағы алатын үлесін саралап көрейік. 1958 жылы республика бойынша совхоздар мен басқа да мемлекеттік шаруашылықтардың астық дайындауы арасалмағы 69 процент болды. Ал Ақмола облысында—75 процент, Көкшетауда—68, Қостанайда—87, Павлодарда—71, Солтүстік Қазақстан облысында—75 процент болды. Мұнан колхоздардың ролі құлдырап кеткен екен деп ойламау керек. Қазір астық дайындауда колхоздар да көрнекті орын алады.

Мал шаруашылығы өнімдерін дайындауда да секторлардың арасалмағы мықтап өзгерді. 1958 жылы республика бойынша колхоздар мен совхоздар еттің 95,4 процентін, сүттің — 92,4 процентін, жүннің — 93,5 процентін дайындады. Мұнан мал шаруашылығынан түсетін өнімді мемлекетке тапсыруда колхоздар мен совхоздардың жетекші, шешуші орын алатынын көреміз. Айта кететін бір жағдай, республика совхоздары бұл ретте мүмкіншіліктері мен резервтерін әлі толық пайдалана алмай келеді. Оның үстіне жұмысшылар мен қызметшілердің, колхозшылардың жеке меншігіндегі артық малы қоғамдық шаруашылыққа қатысуға шырмау болып жүр. Міндет — жеке меншіктегі емес, қоғамдық мал шаруашылығын бұрынғыдан да басым өркендете беруде болып отыр.

Қорытып айтқанда, тың және тыңайған жер игеру барысында Қазақстанның солтүстігіндегі облыстарының, тіпті бүкіл республикамыздың ауыл шаруашылығында елеулі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер болды. Бұл өзгеріс ауыл шаруашылығы өндірісінде, әсіресе оның басты саласы — астық шаруашылығында мемлекеттік, жалпыхалықтық сектордың үлесі анағұрлым артқанын көрсетеді. Тың өлкесінде совхоздар қазір ауыл шаруашылығы өнімінің басым көпшілігін беріп отыр. Жетіжылдықта совхоздардың ролі мұнан да гөрі арта берешек. Басты міндет — совхоздардың өндірісті ұйымдастыру жағынан, өндіріс салаларын дұрыс сәйкестіре білу, әсіресе мал шаруашылығын көтеру жағынан, еңбек өнімділігін арттырып, ауыл шаруашылығы өнімінің түсер құнын арзандата беру жағынан барлық жерде өнегелі жетекші шаруашылық болуына жету.

Республикамыздың еңбекшілері КПСС Орталық Комитетінің декабрь (1959) Пленумының тарихи нұсқауларына жауап ретінде жетіжылдықтың тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындау ісіне 1960 жылдың өзінде шешуші үлес қосу үшін күресті өрістетуде. Бұл қажырлы күрестің жаңа зор жеңістерге жеткізуі сөзсіз. Бұл жетістіктер республикамыздың Отан алдындағы абыройын тағы да арттыра түсетін болады.

Мол да арзан өнім алудың бір мүмкіндігі

С. БЕГІМБЕТОВ,

Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің секретары

КПСС Орталық Комитетінің декабрь Пленумы еліміздің ауыл шаруашылығын үздік өркендетудің негізгі жолдарын белгілеп берді. Бүкіл совет халқы, ауыл шаруашылығының еңбеккерлері әдеттегідей бұл жолы да партиямыздың лениндік Орталық Комитетінің шешімдерін бірауыздан мақұлдап, оны орындауға әзір екенін білдіруде. Бұл күндері барлық еңбек адамдарының ойын қалай еткенде ішкі резервтер мен мүмкіндіктерді ашып, іске толық қосамыз, ұлы істегі өз үлесіміз қайсы деген пікір билеп отыр.

Оңтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығының еңбеккерлері де жаңа белеске шығудың жолын іздестіріп қарастыруда. Ішкі резервтерді сарқа пайдалануды, әрбір колхоз бен совхоз орналасқан жер жағдайының, ауа райының өзгешелігіне, ерекшеліктеріне қарай шаруашылықтың табысты мол беретін тиімді саласын өрбіту шараларын ойластырып жатыр.

Облысымыздың бір шеті мындаған жыл бойы мәңгілік мұз бен қарға оранған Алатаудан басталып, жортқан аңның тұяғы, ұшқан құстың қанаты күйетін құмды далаға тіреледі. Оның 153,2 мың шаршы километрлік көлемі Грузия, Армения, Тәжікстан сияқты одақтас республикалардың жерінен анағұрлым артық, ал Бельгиядан бес есе, Даниядан төрт есе, Австриядан екі есе көп. Осындай кең көлемді жер жағдайы, ауа райы санқилы облыстың ауыл шаруашылығын бүгін таңда алда тұрған міндеттерге сайма-сай жоспарлап үздік өркендету мәні зор іс.

Бұл салада бірсыпыра ұйымдастыру шаралары жүзеге асырылып, кейбір табыстарға қол жеткенін атап айтуға болады. Қоғамдық мал саны көбейіп, одан алынатын өнім де жылдан-жылға молайып келеді. Көзір облысымыздың колхоздары мен совхоздарында қабылдаған міндеттемеден тыс 15 мыңдай ірі қара мал, 17 мыңнан аса қой, ешкі, 4 мыңдай жылқы бар. Өткен жылы міндеттеме шошқа өсіру жөнінде 133,7 процент, құс өсіру жөнінде асыра орындалды.

Өткен жылы мемлекетке 43 мың тоннаға жуық ет, 36 мың тоннадан аса сүт, 9 мың тоннадан астам жүн, 8 миллион жұмыртқа тапсырылды және сатылды. Негізінен алғанда мал өнімдерін дайындау жоспары асыра орындалды. Сондай-ақ, сүт өндіру 160 мың центнерге, немесе екі есе, ет — 660 мың центнерге, немесе 32 процент, жүн — 18 мың центнерге немесе 1,6 есе артты. Бір миллион 200 мың қаракөл елтірісі былтырғыдан көп дайындалды. Әрине, бұл табыстың шегі емес. Колхоздар мен совхоздарды ауыл шаруашылығының белгілі бір кәсібіне бейімдеу ісі жолға қойылғанда бұдан да жоғары көрсеткішке жетуге болар еді, бұған қажетті жағдай да бар. Өйткені шаруашылықты белгілі кәсіпке бейімдел өркендету және түрлі саланы дұрыс ұштастыру әр колхоз бен совхоздың табиғи-экономикалық мүмкіндіктерін толық пайдалануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар ол қаржы мен еңбекті аз жұмсап, өнімді мол да арзан өндіруге қолайлы жағдай жасайды.

Жер жағдайының, ауа райының ерекшеліктеріне қарай Оңтүстік Қазақстан облысы 5 аймаққа бөлінеді. Ол—Мырзашөл, Қелес, Түркістан, Орталық, Таулы аймақтар. Бірақ соңғы кезге дейін осы аймақтардағы шаруашылықтарда төрт түлік мал өсірудің қолайлы екені жете ойластырылмады. Сөзімізді дәлелдеу үшін мынадай мысалдар келтірейік. Көп жылдар бойы Созақ, Шаян, Шәуілдір, Георгиев, Түлкібас, Қаратас аудандарының колхоздары мен совхоздары мақта егіп келді. Алайда әр гектардан орта есеппен 6 центнерден артық өнім алынып көрген емес. Сондықтан әрбір гектардан алынатын табыс 1 900 сомнан аспайтын. Экономикалық жағынан тиімсіз болғандықтан соңғы жылдары бұл аудандардың шаруашылықтарында мақта егуді тоқтатуға тура келді. Оның орнына бұл жерлерге жүгері, овощ, бау-бақша егісі орналастырылды. Мұның өзі, біріншіден, мал шаруашылығын онан әрі үздік өркендетуге, одан алынатын өнімді молайтуға жағдай жасады. Екіншіден, облыста овощ, бау-бақша өндіру мөлшері артты. Бұл халықты азық-түлікпен жабдықтау ісін жақсартуға біршама көмектесуде.


Ал, ең негізгісі алғашқы жылдың өзінде әр гектар жерден алынатын табыс екі еседен астам өсті. Орта есеппен картоп пен овощ егілген әр гектардан 6 720 сомнан, жүгеріден 7 100 сомнан табыс түсті. Өткен жылы 30 мың гектардан аса жерге жүгері егілді. Осының өзінен ғана қанша сүрлем дайындалды десеніңші! Сүрлемді мейлінше көп салу—қоғамдық мал шаруашылығын өркендетудің, әсіресе оның өнімділігін күрт молайтудың маңызды шарты екені мәлім.

Шәуілдір ауданы кәзір негізінен жемшөптік жүгері егіп, қоғамдық мал шаруашылығымен айналысады. Аудан шаруашылықтары бұл жөнінде елеулі табысқа ие болды. Мұнда мал санын көбейту, малдың өнімділігін молайту міндеттемесі асыра орындалды. Өткен жылы ет өндіру 946 тонна, жүн өндіру 470 центнер артты.

Мал шаруашылығын мамандандыруға бірсыпыра жұмыстар істелгенімен елеулі кемшіліктер де бар. Мәселен, Сырдария өзенінің оң жақ жағалауындағы совхоздардың кейбіреулері қаракөл қойын, енді біреулері биязы жүнді қой өсіреді. Дұрысында бұл жерлерде негізінен биязы жүнді қой өсіру керек. Бұған жете назар аударылмай келеді. Мысалы, «Сырдария» совхозы қаракөл қойын өсіреді. Ал, оның көршілері «Дарбаза», Жданов атындағы совхоздар биязы жүнді қой өсірумен шұғылданады. Жер, табиғат жағдайы осы шаруашылықтармен бірдей «Арыс», «Темір», «Қожа тоғай», «Задария» совхоздары да қаракөл қойын өсіреді. Сонымен бірге Қызылқұм жайылымын толық пайдалану үшін қаракөл қойы бар совхоздар әзір аз. Ал бар совхоздарда бұл малдың саны шағын.

Сондықтан алдағы кезде бұл шаруашылықтардың бәрін биязы жүнді қой өсіруге көшіруді ойластыру керек. Ол үшін қойдың бұл тұқымын бірте-бірте көбейтіп, жетіжылдықтың аяғына дейін көздеген нысанаға жету амалын қарастырған жөн. Қаракөл қойын негізінен Қызылқұм жайылымында баққан тиімді деп есептейміз.

Негізгі міндетке қосалқы салмақ көбейгені үнемі қолайлы бола бермейді. Соңғы кезге дейін асыл тұқымды қой өсіретін «Күйік» совхозы Шымкент қаласына сүт дайындап беріп келді. Мұның өзі совхоздың негізгі ісіне кейде нұқсан да келтіргенін жасыруға болмайды. Алдағы кезде мұндай жағдайға жол бермеу мақсатымен осы шаруашылықты екіге бөлу ұйғарылды. Енді ол екі совхоз болған соң жағдай мүлде өзгереді. Оның біріншісі—биязы жүнді қой өсіреді, екіншісі—Шымкент, Ленгір қалаларының халқын сүтпен, өзге де өнімдермен қамтамасыз етеді. Облысымызда ең ірі өнеркәсіп орталықтарының бірі



Кентау қаласының тұрғындарын азық-түлікпен жабдықтауды жақсарту мақсатымен оның жанынан «Кентау» совхозын ұйымдастырдық.

КПСС Орталық Комитеті декабрь (1959 ж.) Пленумының шешімдерінде елімізде ет өндіруді арттыру мақсатымен мал бордақылайтын арнаулы бригадалар мен фермалар ұйымдастыру керек екені айтылған. Сондықтан да біз Сырдария өзенінің бойына орналасқан совхоздарда етке өткізілетін ірі қара мал өсіретін арнаулы фермалар ұйымдастыруды көздеп отырмыз. Өйткені көп жылғы тәжірибеде бұл аймақта малдың осы тұқымын өсіріп, арзан ет өндіруге болатыны байқалды. Мәселен, Арыс ауданының «Задария», Созақ ауданының «Тасты» совхоздарында әр центнер сиыр етінің түсер құны 127—275 сомнан аспайды. Алайда, Сыр бойына орналасқан шаруашылықтардың бәрін де дерлік ірі қара мал өсіру ісі шындап қолға алынбай келеді.

Кәзір Сыр бойындағы «Задария», «Байыркұм», «Сүткент», «Көксу», «Шардара», «Қожа тоғай», «Темір», «Овцевод», «Шәуілдір» совхоздарының орта есеппен 700—750-ден ғана ірі қара малы бар. Ал, бұл шаруашылықтар орналасқан жерлердің табиғи мүмкіндігі ірі қара санын едәуір арттыруға толық мүмкіндік береді. Әр совхозда 1 500—2 000-ға дейін ірі қара өсіруге болады. Соның өзінде қой шаруашылығын өркендете беруге ешқандай зиян келмейді.

«Арыс» совхозында кәзір небәрі 3 000-ға жуық ірі қара мал, 466 шошқа, 2 076 жылқы, 5 000-ға тарта құс бар. Оның үстіне мұнда 50 мыңнан аса қой өсіріледі. Совхоз 1959 жылы жүгері егуді қолға алып, бұл егістің көлемін екі мың гектардан асырды, 12 мың тонна сүрлем салды. Яғни бұл совхозда қой шаруашылығынан гөрі ірі қараны, шошқаны, құсты көп өсіруге қажетті жағдайдың бәрі бар. Тек алдағы кезде жүгері егісінің көлемін ұлғайтып, оны 5 мың гектарға дейін жеткізуге толық мүмкіндік бар. Бұл совхозды ірі қара мал, шошқа, құс өсіретін, арзан ет өндіретін шаруашылыққа айналдыруға жағдай жасайды. Совхоз таяу уақыттың ішінде 16 мың центнер ет дайындайтын табысты шаруашылықтың бірі болады. Оның үстіне мұнда етті арзанға түсіруге болады. Совхозда сиыр етінің түсер құны кәзірдің өзінде 270 сомға дейін төмендетілді.

Бірақ бұрын жоспарлау ісінде мынадай ағаттыққа жол берілді. Облыстың бірсыпыра шаруашылықтарында, нақты мүмкіндіктің баржоғына қарамастан, шошқа өсіру белгіленген. Бірақ бұл жемшөптің тапшылығынан ешқандай пайда бермей келеді. «Қожа тоғай» совхозында әр центнер шошқа етінің құны 1 380 сомға жеткен. Мұндай жағдай өзге де шаруашылықтарда орын тепкен, оның себебі бұлар өздерінде егіске қолайлы жер болмағандықтан жемді сатып алып отырған.

Үстіміздегі жылы шошқа өсіруге қолайлы жерлерде бірнеше шошқа фермасы ұйымдастырылмақшы. Атап айтқанда, Түлкібас, Георгиев, Шаян, Қаратас, Сайрам аудандарының шаруашылықтарынан ұйымдастыру ісі қолға алынды.

Георгиев, Түлкібас, Қаратас аудандарының таулы жерлердегі колхоздары мен совхоздарында және Сайрам ауданында қойға қарағанда, сүтті мол беретін сиыр тұқымын көп өсіру керек еді. Бірақ олай істелмеген. Кәзір соның салдарынан да әрбір жүз гектарға шаққанда Георгиев ауданында 8,8 ірі қара мал, 67,9 қой, Түлкібас ауданында 7,7 ірі қара мал, 68,6 қой бар. Ал, қой өсіру үшін жайылым жеткілікті болуы шарт. Таулы аудандарда қой жаятын жерлер аз да, оның есесіне жүгері егуге қолайлы суармалы учаскелер көп. Бұдан туатын қорытынды жоғарыда аталған аудандарда жүгері егісінің көлемін көбейтіп, сауын сиырлар санын арттыру қажет. Сонда сүт өндіру де еселеп артады.

Осы аудандардың шаруашылықтары өзіндегі семіртіліп етке өткізілетін бойдақ малдың бәрін дерлік жазда Бетпақ далаға, Сарыарқаға жайып семіртуді ұйымдастыруды ойластырған абзал.

Мырзашөл өңіріне орналасқан Мақтаарал, Ильич, Киров аудандарының колхоздары мен совхоздарында да мал шаруашылығын өркендету жұмысы бір жүйеге келтірілмей келеді. Мұнда да сауын сиырлар көбею орнына кеміп кеткен.

Мақтаарал ауданында 1953 жылы 1761 сиыр бар еді. Ал өткен жылы оның саны азайып, 1391 сиыр ғана қалған. Міне, бұдан кейін ауданда сүт сауу мөлшері төмендегеніне таңдануға болмайды. Нақ осындай жағдай Киров ауданында да орын алуда. Мақта егетін бұл аудандарда сауын малын көбірек өсіру керек.

Қоғамдық мал шаруашылығын, оның жетекші саласының бірі—қой шаруашылығын өркендету жайын сөз еткенде, бұл мәселеден жаңа жайылымды игеру, барларын тиімді пайдалану жұмыстарын бөле қарауға болмайды. Облысымызда 12 миллион гектар жайылымдық жер бар. Оның 3,7 миллион гектары Қызылқұмда, 2 миллион гектары Мойынқұмда, 2 миллион гектары Бетпақдалада, 2 миллион гектарға жуығы Сарыарқада, 2,7 миллион гектары басқа жерлерде. Осы жайылымдардың 5,4 миллион гектары ғана суландырылып игерілген. Қалғаны бос жатыр. Алда осы жерлерді игеру сияқты аса күрделі міндеттер тұр.

Шәуілдір ауданындағы «Овцевод» совхозының Шораев жолдас басқарған төртінші фермасының малы өткен жылы «Қараөзек» жайылымының орта шеніне дейін жеткізілді. Бірақ, оты шүйгін, жері ыңғайлы, суландырылған осы жайылымнан әртүрлі болмашы сылтаулармен кері қайтып кетті. 150—200 километр қашықтағы осындай құнарлы жайылымға біздің облыс шаруашылықтары бармай отырғанда Өзбек ССР-інің Ждуан ауданының малшылары 600—700 километр жырақтан өз малын осында әкеп бағуда. Ал Арыс, Ильич аудандарының колхоздары, Киров ауданының совхоздары өздеріне бекітіліп берілген жайылымдарды ойдағыдай пайдалана алмай отыр.

Қараөзек жайылымының тиімді екенін мынадай мысалдан айқын байқауға болады. Бұрнағы жылы Киров ауданы, «Шардара» совхозының екі отар тоқтысы осында бағылды. Ол мал қыс кезінде де қонды болып шықты. Мұны байқаған совхоз басшылары өткен жылы барлық қойының жартысын Қараөзекке жіберді. Қазір ондағы малдың бәрі күйлі. Ал, керісінше Сыр бойында қалған қойдың ішінде арық-тұрықтар көп. Демек, бұдан былай «Қызылқұм», «Көксу» совхоздары, Арыс, Ильич аудандарының колхоздары Қараөзек жайылымын пайдалануға ерекше көңіл бөлуге тиіс.

Көлемі 111 мың гектардан аса Балтакөл жайылымын соңғы кезге дейін Шымкент маңындағы колхоздар иеленіп, кейін тастап кетті. Босқа қалған жер өткен жылы «Овцевод» совхозына берілді. Қазір 62 мыңдай ғана қойы бар бұл совхоздың жері 570 мың гектардан асады. Ал, осы жерде 200 мыңнан аса қой бағуға болады.

«Овцевод» совхозы Балтакөл жайылымында небәрі 15 мыңдай мал қыстатуда. Мұнда мәдени ошақтары көп: орта мектеп-интернат, аурухана, мал дәрігерлік пункті, байланыс бөлімшесі жұмыс істейді. Осында мал шаруашылығына басшылық ететін арнаулы штаб құрылған. Былайша айтқанда, Балтакөлден жаңа совхоз орталығын ұйымдастыруға қажетті жағдайдың бәрі бар. Осыны ескере келіп, облыстық партия комитеті мен облыстық Совет атқару комитеті «Овцевод» совхозын екіге бөлуді ұйғарды. Мұның өзі шаруашылыққа басшылық етіп, бақылау жасауды күшейтіп, мал санын едәуір арттыруға, Балтакөл жайылымын тиімді пайдалануға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Өткен жылы біздің облысқа Сарыарқадан бір миллион 885 гектар жер берілді. Оның бержағында Бетпақдаланың, Шу бойының әлі жете

игерілмей отырғанын былай қойғанда, осындай кең алқапты жерді таяу уақыт ішінде пайдаға асыру оңай іс емес. Бірақ қол қусырып қарап отыруға тағы да болмайды. Жоғарыда айтылғандай, Түлкібас, Георгиев, Қаратас, сондай-ақ Шаян, Арыс аудандарының етке өткізілетін барлық бойдақ малын жазда Бетпақдала мен Сарыарқаға қарай айдау қажет. Мұны шаруашылыққа пайдалы іс деп қарау керек.

Етке өткізілетін малды Қарағанды қаласындағы комбинатқа тапсыруға болады. Бірақ бұл арада ойланатын бір жай бар: бұл комбинаттың өзі алыс. Оған малды айдап баруға көп уақыт кетеді де, мал арықтап, біраз етінен айрылып қалады. Сондықтан да республикалық тиісті ұйымдар Жезқазған ет комбинатын тез салу жағын қарастырғаны жөн деп санаймыз. Бұл сайып келгенде Бетпақдала мен Сарыарқада бағылатын бізден басқа да Қарағанды, Жамбыл, Қызылорда сияқты облыстардың етке өткізетін жүздеген мың малын мемлекетке семіз, қонды күйінде тапсыруға жағдай жасар еді.

Жайылымды игерудегі ең басты мәселе — суландыру ісі. Осы мақсатпен де Созақ ауданының мал жайылымы учаскелерінен 19 артезиан құдығы қазылған. Бірақ олардың суын пайдалану дұрыс ұйымдастырылмай келеді. Орта есеппен әр артезиан құдығы секунтына 20—30 литр су береді. Сонда 19 құдықтың суымен 400—500 гектар жерді суландырып, мал азығы үшін аса бағалы жүгері өсіруді кең көлемде жүргізуге жағдайдың бәрі бар деген сөз. Әңгіме осындай игі істі қолға алып, ұйымдастыра білуде болып отыр.

Облыста мал шаруашылығын шұғыл өркендету үшін 6 миллион гектардай жайылымды суландыру керек. Ол үшін бірнеше терең құдықтар қазылуға тиіс. Алайда, облыста бұған қажетті техника әлі күнге дейін жеткіліксіз. Қолда бар бұрғылау станоктарымен, құдық қазғыштармен тереңдігі 30 метрге дейінгі құдықтарды қазуға болады. Сондықтан да Ауыл шаруашылығы министрлігі машина жасаушылармен бірлесе отырып, терең құдықтар қазуға қажетті техниканы дайындап шығаруды ойластыруы керек.

6 миллион гектар жайылымды игеру көп қаржыны қажет етеді. Жетіжылдықтың ішінде осы мақсатқа алдын ала жасалған есеп бойынша 88 миллион сом ақша жұмсалуға тиіс. Осындай игі істер жүзеге асырылғанда ғана малды көбейтіп, одан алынатын өнімнің түсер құнын төмендете беруге жағдай жасалады.

Елімізде ет молшылығын жасау үшін құс шаруашылығына да ерекше көңіл бөлінуі тиіс екені белгілі. Дәнді дақыл егетін шаруашылықтарда, әсіресе Арыс, Түркстан, Георгиев, Қаратас, Шаян аудандарының колхоздары мен совхоздарында құс өсіру ісін дұрыс жолға қоюдың маңызы ерекше. Облысымызда су құстарын өсіруге қолайлы көлдер мен өзендер аз емес. Бірақ бұл мәселеге жеткілікті көңіл бөлінбей жүр. Мәселен, Созақ ауданындағы «Құмкент» совхозында бірнеше көл бар. Бірақ олардың құс өсіруге қаншалықты пайдалы екені зерттелмей анықталмай отырғаны қынжыларлық жай.

Қоғамдық мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттыру ең алдымен осы салада істейтін адамдарға байланысты. Сондықтан да облыстық партия, совет ұйымдары малшыларды мәдени-тұрмыс жағынан қамту ісіне едәуір көңіл бөле бастады. Шәуілдір ауданының «Темір», «Арыс», Қаратас ауданының «Күйік» совхоздары малшылар үшін мал отары басынан тұрғын үйлер салу ісін қолға алды. Өткен жылдың өзінде «Темір» қой совхозы малшылар үшін жүзден аса тұрғын үй салып берген-ді. Мойыны қашық мал отарларында тәп-тәуір шаруашылық орталықтары салына бастады. Ильич ауданының Орынбасар деген жайылым басында тұрғын үйлер, магазин, емхана, почта, интернат, мектеп салынды. Дегенмен мұндай ізгі істер көп жерде батыл қолға алынбай келеді.

Облыста мал шаруашылығының өркендеуімен бірге өз ісін жете меңгерген малшы кадрлар қатары да көбейе түсуде. Кәзір облыс малшылары өткен жылы қарауындағы әрбір жүз саулықтан 171-ден қозы алған «Шымқорған» совхозының атақты шопаны Шақабаяв, әр қойдың орта салмағын 83 килограмға жеткізіп етке өткізген Шаян ауданы, «Шалдар» совхозының шопаны Маманов, шошқа өсірушісі Голивец, әр сиырдан 4 900—5 500 килограмнан сүт сауған Сайрам ауданы «Победа» колхозының сауыншылары Ысқақова, Дудлева жолдастарды мақтан етіп, қадір тұтады. Партия ұйымдары осындай еңбек озаттарының жұмыс тәжірибелерін жинақтап, жұртшылық игілігіне айналдыруда. Кәзіргі кезде әрбір ферманы, бригаданы мамандармен нығайту жөнінде ұйымдастыру шаралары жүзеге асырылып жатыр.

Облыстың колхоздары мен совхоздарында КПСС Орталық Комитеті декабрь Пленумының шешімдерін талқылауға арналған жиналыстар барлық жерде бірдей зор өрлеу үстінде өтті. Колхозшылар, совхоз жұмысшылары ауыл шаруашылығын шұғыл өркендетудің соны мүмкіндіктерін ашып, көтеріңкі міндеттемелер қабылдауда. «Арыс», «Темір», «Мақтаарал», «Күйік» совхоздарының, Шаян ауданындағы «Красная Нива», Түркстан ауданындағы «Коммунизм» колхоздары биыл ет тапсыру жоспарын екі еседен асыра орындаймыз деп серт етті.

Үстіміздегі жылы облыс бойынша 68 мың тонна ет дайындалмақ. Соның 51 мың тоннасы мемлекетке тапсырылады. Бұл биыл жоспардағы 12,2 мың тонна ет артық өткізіледі, жетіжылдық жоспар 1960 жылдың өзінде орындалады деген сөз.

Биыл орта есеппен әр сиырдан 1 800 килограмнан сүт алып, мемлекетке 38,5 мың тонна сүт, 102 мың центнер жүн, 549 мың қаракөл елтірісін тапсыру жөнінде міндеттемелер қабылданды. Мал саны да едәуір артады. 1960 жылдың аяғында қара мал саны 160 мыңға, оның ішінде сауын сиырдың саны 49 мыңға, қой-ешкі 3 миллион 270 мыңға, шошқа 50,2 мыңға, жылқы 65,2 мыңға, құс 450 мыңға жеткізіледі. Мал басын бұлай арттыру үшін төлдейтін әрбір 100 малдан 95 бұзау, 108 қозы, әр мегежіннен 25 торай алуды қамтамасыз етеміз.

Биыл жемшөптің берік қорын жасау шаралары көзделуде. Ол үшін жүгері егісінің көлемін 20 мың гектарға арттырып, бұл дақылды 50 мың гектар жерге егу ұйғарылып отыр. Басқа да мал азығындық дақылдардың, көпжылдық және біржылдық екпе шөптердің шығымдылығы да едәуір жақсартылады. Сонымен бірге табиғи шөпті орып-жинау ісін ұқыпты ұйымдастырамыз. Мал қыстатуды жақсы аяқтауға, бұл жөніндегі кемістіктерді тез түзетуге назар аударылуда. Міне, мұның бәрі мал шаруашылығын шұғыл өркендетуге берік негіз қалайды.

Коммунистік партия мен Совет үкіметі алға қойған аса күрделі де құрметті міндетті орындау жолындағы күресті күшейте отырып, Оңтүстік Қазақстан облысының малшылары жана табыстарға жете береді.



Капитализмді жақтаушы бір философ туралы

Кәзіргі заманғы буржуазия идеологиясының көздеген мақсаты— іріп-шіріп бара жатқан капиталистік құрылысты арашалап жанталаса қорғау болып отырғаны баршаға аян. Халық бұқарасын қанап-тонауға, жұмыссыздыққа, соғысқа ұшырататын буржуазиялық қоғамдық құрылысты сақтап қалу мақсатында буржуазия кәзір өз идеологтары арқылы дүниежүзілік коммунистік қозғалысқа қарсы өршелене күрес жүргізеді, осы заманғы капитализмді «еркін дүние», «жалпыға бірдей игілікті мемлекет» деп дәріптеп көрсеткісі келеді.

Маркстік-лениндік дүние тану көзқарасына қарсы күресте Латын Америкасы елдеріндегі буржуазияның сойылын соғып, жырып жырлаушылар едәуір роль атқарады. Марксизмге-ленинизмге қарсы күтырына күрес жүргізушілердің бірі Мексикадағы буржуазияшыл философ Антонио Касо болып есептеледі.

* *

Өзінің идеялық жағынан өсу жолында Касо француздың реакцияшыл идеалист философы Бергсонның интуитивизмінен (ғылыми дүние тануды елемейтін философиялық ағым) христиан экзистенциализміне (материалдық дүниенің барлығын мойындамайтын субъективтік идеализмнің бір түрі) дейін көтерілді. Оның «Философиялық проблемалар» деген тұңғыш кітабы 1915 жылы басылып шықты. Бұл кітап жас Касоның философиялық көзқарасына Бергсонның интуитивистік концепциясының қаншалықты күшті әсер еткенін айқын көрсетеді. «Философиялық ақиқатқа жету үшін, — деген болатын ол сол кезде, — ғылым әдістері мен қорытындыларын интуицияның деректерімен бірге ала отырып қарау керек».

Француздың реакцияшыл идеалист философы Анри Бергсонның (1859—1941) Касоға ықпал жасағаны кездейсоқ емес-ті. Мексиканың белгілі марксист философы Эли де Гортаридің айтқанындай, философия қолма-қол шешуді қажет ететін өмірлік мәселелердің, сондай-ақ жалпы проблемалардың идеологиялық көрінісі болып саналады. Рас, бұл көріністердің көбінесе дұрыс болмауы да мүмкін. «Философтар, — деді ол идеалист философтар туралы айта келіп, — өздерінің ойларын мейлінше бұлдыр бейнелейді, әсіресе өздерінің жасаған қорытындысынан шығатын нәтижеден қорқып қауіптенген кезде әмен осылай істейді немесе өзінің қоғамдық болмысы туралы адамды өте-мөте қатты ойландыратын проблемалардан жұрттың назарын басқа жаққа аударып әкетуге тырысады. Сөйте тұра, күмән жоқ, философияның қоғамның экономикалық, әлеуметтік және саяси дамуында өз тамырлары бар, әрбір тарихи дәуірдегі көзқарастар сол дәуірде болып жататын әлеуметтік соқтығыстарға сәйкес келеді және философия осы оқиғалардың барысына әсер етеді». («Философия мәселелері», № 2, 1957 жыл, 93-бет).

Касоның өзін де осы жалпы қарғадаға жатқызуға болады. Ол империализм дәуіріндегі Мексиканың ірі буржуазиясының мүдделерін жақтап қорғаушы болды. Бұл дәуір буржуазиялық философияның иррационализм (дүниені ғылыми тұрғыдан ақыл-ойға салып тануды жоққа шығаратын) мен мистикаға, яғни діни көзқарасқа бет бұрып, дүниені

логикалық, рационалдық тұрғыдан танудан біржола бас тартқан және ғылымнан іргесін аулақ салған дәуір еді.

Халық бұқарасының революциялық қимылынан және маркстік-лениндік ілімнің тарауынан қорыққан мексикан буржуазиясы және оның итаршылары еңбекшілердің қозғалысын басып жаныштаудың жаңа амалдарын іздестірді, елде марксизм-ленинизмнің тарауына кедергі жасап, оған түрлі реакцияшыл идеалистік ағымдарды қарсы қойды.

Бергсонның жолын қуған Касо ғылыми дүние танудың, логикалық ойлаудың мәнін жасытып төмендетуге тырысады. Касо формальдық жағынан ақыл мен интуицияны қатар қойса да, өз өмірінің ақырғы күндеріне дейін иррационалист, яғни дүниені ғылыми тұрғыдан тануды жоққа шығарушы кісі болды.

Философия өзінің міндеті жағынан да, сол сияқты бұл міндетті шешу әдістері жағынан да ғылымнан өзгеше деп есептейді Касо. Оның пікірінше дүние абстракт ұғымдарды қару ететін ақыл-ой арқылы емес, жүреппен, сезіммен, интуициямен (топшылау арқылы) танылады. Сайып келгенде, философия адамды «спиритуалистік метафизикаға» әкеліп соқтыруға тиіс, яғни ғылымға жат реакцияшыл, діни көзқарасқа әкеліп соқтыруы керек. Ал бұған апаратын жол интуиция арқылы ғана өтеді. Сонымен, Касо дүниені ғылыми, материалистік тұрғыдан тануға қарама-қарсы өзінің «спиритуалистік метафизикасын» ұсынады.

Осы заманғы Мексика философтарының бірі С. Рамос «Мексикадағы философияның тарихы» деп аталатын өз кітабында: Касо философия дүниесінде өзінің спиритуалистік сенімімен көзге түсті, оның бұл сенімі бойынша, дүние деген үнемдеу, қанағатшыл және қайырымды болу — міне осының бәрі оның философиясының өзегі болып табылады дейді. Шынында да, Касо, сайып келгенде, өзінің спиритуалистік философиясын христианизммен байланыстырып түйістіреді де, ең бір реакцияшыл философиялық ағым — христиандық экзистенциализм позицияларына барып ұрынады. Бұл тенденция оның 1922 жылы жазған «Менің философиялық көзқарастарым» атты кітабынан байқалады.

Өмір сүру экономиясы, дейді Касо, өмірге және оның өсу, өну, өлу және тағы сол сияқты көріністеріне басшылық етеді. «Өмір—күшті аз жұмсап, пайданы көп табу» деп тұжырымдайды ол.

Философия тарихында «үнемдеу» ұғымы жаңа ұғым емес екені жұртқа мәлім. В. И. Ленин өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» деген атакты еңбегінде Авенариустің «Философия дегеніміз күшті неғұрлым аз жұмсау принципі бойынша дүниеге ой жіберу» дейтін шығармасын сынға алады, бұл шығармада аталған «принципті» қолданғанда, дейді Ленин «ойды үнемдеуге» бола тек түйсік қана өмір сүреді, материя сол «үнемдеуге» бола жойылатын болады, яғни материясыз түйсік бар, мисыз ойлау бар болып шығады. Бұл барып тұрған алжасқандық, дейді Ленин, субъективтік идеализмді тұздығын жаңартып алға тарту әрекеті болып табылады.

Жоғарыда аталған еңбегінде В. И. Ленин Махтың 1872 жылы жазған «Түйсіктер анализі» деген кітабында айтылған ойды үнемдеу туралы қағидасын да өлтіре сынайды. Бұл еңбегінде Мах таза субъективизм көзқарасын дәріптеп дүниені түйсіктермен шектеуге тырысты. Махтың субъективтік-идеалистік философиясының ізімен кеткен Касо Махтың ойды «үнемдеу» принципі, фактілердің, құбылыстардың өзара жымдасуы болып табылады деп жазады.

В. И. Ленин махистердің мұндай қағидаларын түйреп, өткір сынай келіп, былай деді: егер ойды үнемдеу принципін шынында да дүние тану теориясының негізі етіп алатын болсақ, онда бұл принцип субъективтік идеализмнен басқа ештеңе емес.

Атом бөлінбейді деп «ойлау» «үнемдірек» пе, немесе атом оң және теріс электрондардан құралған деп «ойлау» «үнемдірек» пе? дейді

Ленин. Орыстың буржуазиялық революциясын либералдар жасады деп ойлау «үнемдірек» пе немесе бұл революция либералдарға қарсы жасалды ма деп ойлау «үнемдірек» пе? «Бұл арада «ойды үнемдеу» категориясын қолданудың өрескелдігін, субъективизм екенін көру үшін жоғарыдағы сұрауларды қоюдың өзі де жеткілікті. Адамның ойы ақиқатты дұрыс бейнелесе, оның дұрыстығының өлшемі практика, тәжірибе, индустрия болса, адамның ойы сонда «үнемді» болып шығады.

* *

Қасо өзінің «өмір сүру — үнемдеу» дейтін философиясын саналы түрде христианизммен қосып біріктіреді, сөйтіп фидеизмге, құдайшылыққа барып ұрынады. Бірақ мексикан философы өзінің философиясына бұдан басқа тағы да жаңа, антиэкономикалық принцип қажет деп есептейді. Оның ойынша бұл принцип христианизмге көшетін өткел ретінде қызмет етіп, адамның мәнін оның «экономикалық өмір сүруі» тұрғысынан емес, оның «спиритуалдық өмір сүруі» тұрғысынан түсіндірген болар еді.

Адамның спиритуалдық өмір сүруінің мәнін түсіндіре алатын бұл қандай антиэкономикалық принцип? Ол көркемөнер. Міне осы арадан Қасоның реакциялық және ғылымға қарсы ілімсымағы басталады. Осы «ілімге» сүйене отырып, ол христиандық қайырымдылық туралы өзінің этикалық теориясы мен ілімін дамытады. Қасоның уағыздауы бойынша, жанды заттар дүниесіне саналы және санасыз өзімшілдік тән, қандай болса да тірі зат, соның ішінде адам, басқалардан өзінің саналылығымен ерекше жоғары тұрғанына қарамастан, өз пайдасы үшін ұмтылады, органикалық дүниеде күллі тірі заттар, соның ішінде адам да күшті аз жұмсау арқылы өз өмірін сақтап қалу үшін күрес жүргізеді.

Қасоның пайымдауынша, көркемөнер деген не? Көркемөнер, — дейді ол, — «риясыз ләззат алу» немесе дүниені «таза күйінде бағдарлау». Көркемөнердің пайда болуымен бірге адам өзінің айуандық қалпынан айығып, «адамдық рухына» ие болды. Көркемөнер мен адам қатар өмір сүреді, яғни көркемөнердің пайда болуымен бірге дейді ол одан әрі, біздің бұл «маймылдық дүниеміз» адамзат дүниесі болып қалыптасты. Қысқаша айтқанда, Қасо көзқарасының көркемөнерге берген ыспаттама-анықтамасы осындай. Бірақ тарихи материализм көркемөнер туралы мұндай теріс теорияны қатаң сынға алып ғылымға жат теория есебінде әшкерелейді. Өйткені мұндай теория идеалистік принциптерді нәр етіп, басшылыққа алады. Мұндай теория көркемөнердің әлеуметтік мәнін ескермейді.

Марксизм-ленинизм көркемөнердің пайда болуы мен дамуын материалистік тұрғыдан түсіндіреді, сөйтіп көркемөнерді құдай жаратты деген сандырақты жоққа шығарады. Марксизм-ленинизмнің дәлелдеп отырғанындай, көркемөнердің мазмұны шындық өмірден алынады, көркемдік творчество адамдардың материалдық өмірінен пайда болып, белгілі бір қоғамдық қажеттерге қызмет етеді.

Қасоның «көркемөнер көркемөнер үшін» дейтін қағидасына келетін болсақ, бұл жаңалық емес. «Таза көркемөнерді» жақтаушылар — эстеттер көркемөнерді әрқашан да «ерекше бір дүние» ретінде өздерінің эстетикалық қажетін қанағаттандыру құралы ретінде қарап, көркемөнерді тек таңдаулы адамдардың ғана ісі деп санады.

Көркемөнер халықтыкі деген болатын Ленин, еңбекшілердің қалың бұқарасы арасына ол мейлінше терең тамыр жаюға тиіс. Көркемөнер осы бұқараға түсінікті және сүйікті болуға тиіс. Ол осы бұқараның ой-сезімін және жігерін біріктіруге, оларды алға ұмтылдыруы керек. Көркемөнер олардың арасындағы шеберлерді оятуға және оларды өсіре беруге тиіс. Жұмысшылар мен шаруалар бұқарасы қара нанға зар болып отырғанда біз ат төбеліндей азғантай топтың аузына шырынды бал

бауырсақ тосып отыруға тиіспіз бе? Мен мұны әлбетте, төте, тұспалдай да түсінемін: біз жұмысшылар мен шаруаларды көзден таса етпеуге тиіспіз, деген еді Ленин.

Қасоның пікірінше, адамның өзін өзі құрбан етуі заңды нәрсе. Осы заманғы капитализм жағдайында өзін өзі құрбан етуді, жуасуды, көнбіс болуды, «қайырымдылықпен өмір сүруді» және басқаларын насихаттау Қасоның бүкіл философиялық жүйесінің түпкі мақсаты болып саналады.

Қасоның айтуынша, моральда пайда, мүдде, өзімшілдік сияқты ұғымдар болмауға тиіс. Қайта мұның керісінше мораль өзін өзі құрбан ету, жақынын сүйу, зорлыққа қарсы күш қолданбау және басқалары сияқты діни астарлы ұғымдармен байланысты болуға тиіс. Не бір мүддеге негізделген моральдың қайсысы болса да, деп есептеді Қасо, саудагершілдік мораль болып табылады, ал оның өзі тек сөз жүзінде ғана мораль, ал іс жүзінде мораль емес. Қасо бұл арада марксизм-ленинизмнің мораль туралы ғылыми қағидаларына да қарсы шығады.

Маркстік философия адамдар әділеттілік пен әділетсіздік, абырой мен борыш, жақсылық пен жамандық туралы ұғымдарды қоғамның материалдық өмір жағдайларына қарай қарастырады. Олай болса, бір біріне дұшпан тапқа бөлінген қоғамда, Қасо қаншама дәлелдесе де, жұрттың бәріне бірдей моральдың болуы мүмкін емес.

Маркстік философия мораль дегеніміз тарихи өзгеріп отыратын нормалардың, принциптердің, әдет-ғұрып ережелерінің, ал таптық қоғамда олардың өз таптарына, өзінің партиясына және өзіне жау таптармен партияларға көзқарасының жиынтығы деп үйретеді. Қасо, мұның керісінше, мораль адамдардың тұрмыс жағдайына тәуелді емес, ол «экономикаға қайшы келеді» деп дәлелдеуге тырысады.

Қасоның қайырымдылық, қасіретті жеңу және басқа сол сияқты діни-философиялық ұғымдары бір-бірімен шырмалып жатады. Үстіміздегі ғасырдың алғашқы ондаған жылдарында неғұрлым реакцияшыл буржуазиялық топтардың қалың бұқараның дінге сенімін күшейту үшін күрескені жұртқа мәлім. Дінге қарай ойысқан бұл сияқты тенденцияның таптық және саяси мәнін В. И. Ленин сол кездің өзінде-ақ түсіндіріп берді. Еңбекшілерді бұрынғыша бағынышты жағдайда ұстау мүмкін болмағандықтан мұның жаңа амалын ойлап табу қажет болды. Біраз өңделіп, жаңартылған дін сондай амалдың бірі еді. Полицейлік дін, деп жазды Ленин, кәзір бұқараны топастандыру үшін жеткіліксіз, кәзіргі заманғы буржуазияға неғұрлым мәдениетті, неғұрлым жаңартылған, неғұрлым епті дін керек. Дінді жаңартып, оны өмірге жанасымды ету «заказын» орындауды Мексикада Қасо қолға алды. Қасоның діни-философиялық жүйесі — оның бүкіл философиялық жүйесін тұжырымдады. Мәселен, оның ең негізгі еңбегі «Үміт туралы очерк», «Сенім туралы очерк» деген сияқты діни тақырыптағы тараулармен аяқталады. Философ-идеалист ретінде ол діни-философиялық талдаумен басынша шұғылданып, жоғарыда көрсетілген діни, христиандық ұғымдарды (қайырымдылық, жақын-жамағайынға сүйіспеншілік, қасіретке көнбіс болу тағы басқалары) философиялық ойлау шеңберіне енгізуге тырысты.

Қасоның уағыздауы бойынша жақын-жамағайынға сүйіспеншілік, қайырымдылық деген не? Америка философы П. Романелл бұл сұраққа жауап бере келіп, былай дейді: «Қасо үшін бұл ұғым кәзіргі заманғы философ-моралистердің айтып жүргендерінің бәрінен де жоғары нәрсе. Қасо үшін бұл христиан дініне шын берілген, адамзат бақыты үшін «өзін өзі құрбандыққа шалған» Христос тәрізді әрбір жанның өмір жолы. «Жақыныңа одан өзің күткен үміттен гөрі көбірек жақсылық жаса» деген ұран — Қасо моралінің арқауы.

* *

Баска реакцияшыл философтар сияқты А. Касо да тарихтың ілгері басқан үдемелі қозғалысына қарсы, қоғам жөніндегі маркстік-лениндік теорияға қарсы, социализмге қарсы күресте сөз жүзіндегі түрліше әдіс-айлаға, софистикаға, яғни жалған, алдамшыл дәлелді қолданушылыққа және эклетикаға (яғни бір-біріне қайшы түрліше көзқарасты бытыстырып қалай болса солай біріктіру) сүйенеді.

Өзінің «Өмір сүру — үнемдеу, қанағатшыл және қайырымды болу», «Адамның жеке басы және тотальдық мемлекет» деген және басқа еңбектерінде өндіріс тәсілі адам баласы өмірінің ең басты, ең шешуші шарты, қоғамның қозғаушы күші деген марксизмнің негізгі қағидаларының бәріне қарсы шығады. «Материалистер, өмірге тән нәрселерді көрмейді, өмірде материядан басқа нәрсенің бар екенін білмейді» деп материалистерге кінә таққысы келеді оның.

Касоның көзқарасы бойынша, қоғамдық дамудың негізгі, әрі басты күші материалдық өндіріс емес, эгоизм, үстемдік құруға тырысу болып саналады. Неге бұлай деген сұрауға ол: адам организмі жануарлар организмі сияқты «сыртқы материалды өз материалы етуге», өмір сүруге тырысады. Мұның өзі бүкіл қоғамның биологиялық заттардан құрылатынын, сол себепті қоғамның өзі «биологиялық» қоғам болып есептеле-тінін, биология заңына бағынатынын көрсетеді деп жауап береді.

В. И. Ленин бұл сияқты биологиялық заңдылықтарды қоғамдық өмірмен үйлестіру жөнінде былай деп жазды: «Қоғамдық ғылымдар жөнінде түк пайда келтірмейтін және келтіре алмайтын биологиялық және энергетикалық сөзсымақтарды мұндай тізбектеуден асқан өнімсіз, жансыз, схоластикалық бірдемелерді ойлап табу мүмкін бе?... Бұл, әрекет, басынан аяғына дейін түкке жарамайтын әрекет, өйткені «іріктелу», энергияны, энергетикалық байланысты «ассимиляциялау мен дезассимиляциялау» деген, тағы сондай ұғымдарды қоғамдық ғылымдар саласына қолдану құр бос сөз болып табылады. Іс жүзінде бұл ұғымдардың жәрдемімен қоғамдық құбылыстарды ешбір зерттеуге, қоғамдық ғылымдардың методын ешбір анықтауға болмайды. Кризистер, революциялар, таптардың күресі, тағы сол сияқты құбылыстарға «энергетикалық» немесе «биологиялық-социологиялық» белгі таға салудан оңай ешнәрсе жоқ». (В. И. Ленин, Шығармалар, 14-том, 359—360-беттер).

Тарихи фактілер буржуазиялық социологтардың әлеуметтік құбылыстарға биологиялық белгі тағу жөнінде нәтижесіз, жансыз, схоластикалық бірдемелермен шұғылдануының таптық айқын мақсаты бар екенін көрсетеді. Олар «күші үнемдеу», «бейімделу» жөніндегі жалған ілімдердің, үндестік теорияларының көмегімен жұмысшы табының революциялық қозғалысының даму жолын бөгеуге барынша күш салып әрекеттенуде, жұмысшы табының қалың бұқарасы арасында маркстік-лениндік ілімнің таралуына кедергі жасауға тырысуда. Олар биологияны марксизмге қарсы күрес құралы ретінде пайдалануға ұмтылуда.

Адамның қоғамдық тірі жан екенін бірлескен еңбек нәтижесінде ұзақ дәуір бойы дамып қалыптасқанын, оның жануарлардан анағұрлым жоғары тұратынын Касо ескермейді. Мұндай көзқарас оны қанағаттандырмайды. Егер ол мұны ескеретін болса, онда оның бүкіл философиялық жүйесі күйреген болар еді, оның әлеуметтік тұжырымдары теріске шыққан болар еді. Өйткені ол капитализмді жақтаушы адам, сондықтан да ол үстемдік етуші тәртіпке қарсы болмандар, соған бейімделіндер, құдайды сүйіндер деп байбалам салады.

Міне, осындай сандырақтарды ол социология деп көрсетеді. Жоғарыда біз Касо «өмір сүру—үнемдеу» дегенімен нені түсіндіргісі келетінін қысқаша айтып өттік. Енді соған «күшті неғұрлым аз жұмсау» деген

сөздер қосылады. Бірақ мұның да әуелгіден ешқандай айырмасы жоқ. В. И. Ленин С. Суворовтың ойлап шығарғаны бос сөз, бұл Евгени Дюрингтей атақ алмақ болып, ұйқысы қанбаған адамдардың ойдан шығарған бос сөзі. Суворов жаңа сөзсымақты ойлап шығарды, бірақ істі былықтырып, шатастырды, деп көрсетті. «Өйткені «күшті үнемдеу» деген не, оны қалай өлшеу керек, ол ұғымды қалай қолдану керек, бұған қандай дәлме-дәл және нақтылы фактілер сай келеді — мұны Суворов түсіндірген жоқ, мұны түсіндіру мүмкін де емес, өйткені бұл — жатқан бір былық». (В. И. Ленин, Шығармалар, 14-том, 366-бет).

Қасоның ойдан шығарған сөзі жөнінде де осыны айтуға болады. Бұл арадағы айырмашылық сол — Қасо ұғымының неғұрлым реакцияшыл сипаты бар.

Қасо қоғамды «жоғары сатыдағы жануарлар» болып табылатын жеке адамдардың жәй жинағы деп есептейді. Жеке адамдардың кәдімгі жануарлардан белгілі дәрежеде ақыл-ойының артықшылығы, өзінің істеген ісінің мәнін түсініп, бағалай білуі жағынан ғана айырмашылығы бар. Өмір дегеніміз эгоизм болып табылады деген өзінің қағидасын таптар және таптық күрес жөніндегі маркстік-лениндік теорияға қарсы қояды. Егер Қасо эгоизмді буржуазиялық индивидуализмді тарихтың қозғаушы күші деп есептейтін болса, марксизм-ленинизм бұл теориясымақтың жалғандығын ғылыми тұрғыдан әлдеқашан әшкерелеп берді. Марксизм-ленинизм, барлық адам баласы тарихының қозғаушы күші жеке адамдардың бір-бірімен соқтығысында емес, таптар күресінде екенін, эгоизмде емес, таптар мүдделерінің қақтығысында екенін жанжақты дәлелдеді. Мұны қоғамның тарихи дамуы растап та отыр.

Мексикан социологтарының социализм адамның табиғи праволарына шек қояды, жеке бастың бостандығы мен инициативасын бөгейді деген сандырағы да пролетариат демократиясын буржуазиялық демократиямен ауыстыруға ұмтылу жолының бір түрі ғана.

«Коммунизмнің жаулары, — деді Н. С. Хрущев жолдас Қытай Халық Республикасының 10 жылдығы құрметіне Пекинде болған салтанатты қабылдауда, — тозығы жеткен капиталистік құрылысты жамап жасқауға тырысып, жеке меншікті деп аталатын кәсіпкерлік адамның өз қабілетін жақсы көрсетуіне мүмкіндік береді-міс, ол жақсы нәтижелер береді-міс, деп айтуға құмар-ақ. Бірақ капиталистік жолға түскен елдердің даму қарқынын социалистік елдердің даму қарқынымен әншейін салыстырудың өзі де халықтың қандай құрылыс тұсында — социалистік құрылыс немесе капиталистік құрылыс тұсында өзінің творчестволық қабілеттерін неғұрлым жақсы көрсететінін мейлінше айқын сипаттайды».

А. Қасоның марксизмге және социализмге қарсы негізгі қағидалары міне осындай. Буржуазиялық бұл социологтың ойдан шығарған «ілімінің» тұрлаусыздығы, боямалылығы айдан анық. Бұл «ілім» оған капитализмді боямалап көрсетіп, оның антагонистік қайшылықтарын бүркемелеу үшін, ғылыми социализмге жала жауып, совет халқының ұлы істерін, социалистік құрылыстың жеңістерін жасыру үшін қажет болды. Алайда, буржуазияның бұл сияқты апологеттері қаншама әдіс-айла қолданса да, капитализмнің антагонистік қайшылықтарын шешуге қабілетсіз екенін жасыра алмайды, оны ешбір бүркемеленушілік апаттап сактай алмайды. Сол сияқты маркстік-лениндік ұлы ілімді қаралау, социалистік құрылыс жайында шындықты жасыру олардың қолынан ешбір келмейді.

Ә. БӘЖЕНОВ,

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Қоғамдық ғылым академиясының аспиранты.

Партия тұрмысы

Социалистік міндеттемені орындауды қалай ұйымдастырамыз

М. СУЖИКОВ,

Қазақстан КП Семей облыстық комитетінің секретары

Кәзіргі басты міндет озат шаруашылықтардың, өндіріс жаңашылардың тәжірибесін, ғылым жетістіктерін кеңінен пайдаланып, егіншілік пен мал шаруашылығынан неғұрлым мол өнім алу, еңбек өнімділігін арттырып өнімінің түсер құнын арзандату. Мұның өзі елімізде азық-түлік молшылығын жасаудың, халықтың тұрмыс-күйін үнемі жақсарту берудің бірден-бір сенімді жолы.

Біздің облыстың еңбекшілері жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындап, ауыл шаруашылығы өнімінің барлық түрін өндіру жөнінде Америка Құрама Штаттарын қысқа мерзімде қуып жету күресіне лайықты үлес қосу мақсатымен өздеріне жаңа көтеріңкі міндеттемелер қабылдады.

Биыл біздің облыстың колхоздары мен совхоздары кемінде 70 миллион пұт астық алуға, мемлекетке 60 мың тонна ет, 6 500 тонна жүн, 53 мың тонна сүт, 15 миллион жұмыртқа сатуға бел байлады.

Ауыл шаруашылығын өрге бастыра берудің шараларын белгілеген КПСС Орталық Комитетінің декабрь Пленумының шешімдері ауыл-село еңбекшілерінің жігері мен қайратын тасыта түсті. Облыс еңбекшілері ет молшылығын жасау жөнінен жетіжылдықтың ақырына белгілеген тапсырманың дәрежесіне 1961 жылы, яғни үш жылда жетуге мақсат етіп отырса, ал, біздің көптеген шаруашылықтар мен бірсыпыра аудандар: Аякөз, Новопокров, Новошұльба, Жарма, Бесқарағай, Көкпекті аудандарының колхоздары мен совхоздары өз күш-мүмкіндіктерін есептей келіп, жетіжылдық жоспарды екі жылда орындауға серт берді.

Міне, мұның бәрі ауыл шаруашылығы еңбекшілері Отанымыздың алдында тұрған міндеттерді терең түсінетінін көрсетеді. Озат шаруашылықтар мен аудандардың бұл көтеріңкі міндеттемелері өмір—талабынан туған, жалпыхалықтық қолдау табатын игілікті бастама.

Облыстың мал өсірушілері мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің жетіжылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындаумен бірге, қоғамдық малдың барлық түрін көбейте бермекші. Біздің шопандар жетіжылдық жоспардың қой өсіру жөніндегі тапсырмасын 1962 жылы орындап, қой санын 3 545 мыңға жеткізуге бел байлап отыр. Ал, қоғамдық малдың басқа түрлері жөнінен жетіжылдық жоспар 1963 жылы орындалады. Бұл үшін биылдың өзінде облыстың шаруашылықтарында сиыр санын 22 процент, сол сияқты негізгі мегежіндердің санын 3 есе көбейту белгіленіп отыр.

Міндеттеме қабылдау бұл үлкен істің, игі ниеттің алғашқы бастамасы ғана. Сондықтан да халық батыл міндеттеме қабылдау бір мәртебе, ал, оны орындау мың мәртебе деп санайды. Облыс еңбекшілерінің міндеттемесі әрбір колхозшы мен жұмысшы өз күшіне сеніп, әрбір шаруашылық күш-мүмкіндіктерін есептей отырып қабылданған. Мұндай

Батыл да нақты міндеттеме халық бұқарасының ынта-жігерінен, талабынан туып отыр.

Соңғы жылдары бүкіл еліміздегі сияқты біздің облыстың колхоздары мен совхоздары да экономика жағынан нығайды. Соңғы екі жылдың ішінде облыста бірсыпыра ұсақ әлсіз колхоздар ірілендірілді, немесе олардың негізінде жаңа совхоздар құрылды. Мұның өзі жақсы нәтижеге жеткізді, енді оларда жер де, техника да, жұмыс күші де тиімді пайдаланылатын болды. Сонымен бірге ауыл-селода коммунистер көбейді. Көптеген шаруашылықтарда партия комитеттері құрылды, ал, бригадаларда, фермаларда, бөлімшелерде, отарларда бастауыш партия ұйымдары және партия, комсомол топтары жұмыс істейтін болды. Колхоздар мен совхоздарды, аудандық партия комитеттері мен аудандық совет атқару комитеттерін маман кадрлармен нығайту жөнінде көптеген жұмыстар істелді. Кәзір біздегі әрбір шаруашылықта кемінде 9—10 ауылшаруашылық маманы жұмыс істейді. Бұл үлкен күш. Ендігі міндет оларды ауыл шаруашылығы өндірісін ұйымдастыру ісіне бір кісідей жұмылдыра білуде, олардың әрқайсысын өз орнына қоя білуде болып отыр. Бұл үшін кадрларды зерттеп, әркімнің қабілет-қасиетін, талап-тілегін білу керек.

Бізде ауылшаруашылық өндірісінің тамаша ұйымдастырушылары, еңбегімен даңқы шыққан жаңашылдар, өнегелі де жігерлі озат адамдар өсіп шықты. Міне осының нәтижесінде облыстың колхоздары мен совхоздары жетіжылдықтың алғашқы жылының тапсырмаларын орындау жолындағы күресте елеулі табыстарға жетті. Ең бастысы ауыл шаруашылығының еңбекшілері, бүкіл біздің кадрларымыз жақсы шынығып, жаңа да қиын міндеттерді орындауға жеткілікті эзірлік жасады.

Колхоздар мен совхоздар Отан қоймасына 30 миллион пұттан астам астық құйып, мемлекетке астық сату жөнінде өздері алған міндеттемесін республикамызда бірінші болып орындады. Социалистік міндеттемені орындауда Новопокров, Аякөз, Новошұльба, Бородулиха, Жарма және Шар аудандарының еңбекшілері жақсы өнеге көрсетті. Облысты тұтас алғанда соңғы екі жылдың ішінде дәнді дақылдардың түсімі бұрынғы екі жылмен салыстырғанда гектарына 3,1 центнерден артық болды. 1958 жылы біздің совхоздарда өндірілген бір центнер астықтың түсер құны орта есеппен алғанда 28 сомнан, ал колхоздарда 21,5 сомнан келді. Бұл республикамыздағы арзан астық. Міне бұл мысалдар бізде егін шаруашылығының мәдениеті, колхозшылар мен совхоз жұмысшыларының шеберлігі артып келе жатқанын көрсетеді.

Жетіжылдықтың бірінші жылында біздің мал өсірушілер де елеулі табыстарға жетті. Олар мемлекетке 51,4 мың тонна ет, немесе 1958 жылғыдан 1,6 есе артық, 5 912 тонна жүн бұрынғы жылғыдан 22,7 процент артық, 14,4 миллион жұмыртқа немесе 1958 жылғыдан 20,9 процент артық сатты.

Міне, бұл табыстар облыс еңбекшілеріне биыл — жетіжылдықтың екінші жылы алған міндеттемелерін асыра орындауына колхоздар мен совхоздарда бай сарқылмас мүмкіндіктер бар екенін көрсетеді. Біздің шаруашылықтар саналуан қуатты техникадан да, құнарлы жерден де кенде емес. Партия, совет, комсомол және шаруашылық ұйымдардың, оларда жұмыс істейтін мыңдаған кадрлардың алдында тұрған басты міндет осы мүмкіндіктерді пайдалануға бұқараны шебер жұмылдыру да болып отыр.

Бұл үшін партия ұйымдары кәзір еңбекшілер бұқарасының өндірістік және саяси белсенділігін көтере беру үшін тәрбие жұмысының барлық жолдары мен әдістерін пайдалануда. Партия ұйымдары, ондағы мыңдаған үгітшілер мен насихатшылар әрбір еңбекшіге өздері қабылдаған социалистік міндеттемені орындаудың бүкілхалықтық күресіне қандай үлес қосатынын түсіндіріп, олардың жігерін тасытуда.

Әрбір шаруашылықта бар мол қорларды ашып пайдалана білу кадрлардың дәрежесіне, олардың ұйымдастыру шеберлігіне, бұқараның саналылығына байланысты. Мысалы, өткен жылы Аякөз ауданының еңбекшілері ауыл шаруашылығының барлық саласын өркендету жөнінде жақсы табыстарға жетті. Бұл табыстардың негізгі ұйтқысы аудандық партия комитеті, бастауыш партия ұйымдары, ондағы кадрлар болды.

Осы аудандағы «Қаракөл» совхозын (директоры М. Әмірғалин, партия ұйымының секретары Ешангазин жолдастар) алайық. Бұл шаруашылық бұдан 3 — 4 жыл бұрын артта қалып келе жатқан болатын. Аудандық партия комитеті бұл жағдайды түзету үшін совхозды кадрлармен нығайтып, оларға күнделікті басшылық жасап, шаруашылықты жолға қоюға көмектесті. Осының нәтижесінде бұл шаруашылық кәзір озаттардың қатарына қосылды. Совхоз соңғы жылдардың ішінде ет және жүн алу дәрежесін төрт еседен астам арттырды. Былтыр совхоз мемлекетке 8 100 центнер ет тапсырды. Мұның өзі одан бұрынғы жылғыдан 1 940 центнер артық. Совхоз шопандары әрбір 100 саулықтан 109 қозы алып аман өсірді, әр қойдан 4,9 килограмм жүн қырықты. Облысымызда мұндай шаруашылықтар көп-ақ.

Совхоз коллективінің қолы жеткен бұл табыстар партия ұйымының, басшы қызметкерлердің, мамандардың бұқараны ұйымдастыра, жігерлендіре білгенін көрсетеді. Н. С. Хрущев жолдастың КПСС Орталық Комитетінің декабрь Пленумында сөйлеген сөзінде айтқанындай, «...адамдарды ұйымдастырып, үлкен істерге бастап жігерлендіре білу керек. Басшы бұған егер өзі жігерлі болса жетеді, ол сонда ғана адамдарды да өзінің соңынан ертіп алға бастай алады. Ал, егер оның өзі енжар адам болса, ол ешкімді де жігерлендіре алмайды, қайта басқаларды да енжар етеді».

Облыста бірсыпыра колхоздар мен совхоздар ауылшаруашылық өнімдерін молайту жөніндегі өз мүмкіндіктерін пайдалана алмады. Мысалы, өткен жылы облыс бойынша мемлекетке ет, жүн, сүт, жұмыртқа сату жоспары артығымен орындала тұрса да, 12 колхоз, 2 совхоз ет сатудың, 45 колхоз, 20 совхоз жұмыртқа сатудың, 42 колхоз, 7 совхоз жүн сатудың жоспарын орындамады. Осы көрсетілген шаруашылықтардың бәрі тек қана жоспарларын орындағанның өзінде біздің облыс мемлекетке қосымша 500 тонна ет, 1,5 миллион жұмыртқа және 250 тонна жүн сататын еді.

Бірсыпыра шаруашылықтардың басшы кадрларының жұмысты ұйымдастыру, іскерлік қабілеті, білім дәрежесі әлі де ойдағыдай емес. Сондықтан да мұндай кемшіліктерге жол беріледі. Кадрлардың дәрежесі төмен. Бізде колхоз председателдерінің 35 процентінің, совхоз директорларының 70 процентінің ғана жоғары және орта дәрежелі ауылшаруашылық білімі бар, ал қалғандары тәжірибемен ғана жұмыс істеп жүрген жолдастар. Сондықтан да облыстық, аудандық партия комитеттерінің алдында кадрларды іріктеп, орналастыру және тәрбиелеу жөнінде үлкен міндеттер тұр. Әсіресе, артта қалған колхоздар мен совхоздарды қолынан іс келетін, жаңалықты, озат әдістерді өндіріске енгізуге жетекші бола білетін маман қызметкерлермен нығайтып отыру керек. Кәзір колхоз председателдерінің орынбасарлары болып 227 маман, ферма меңгерушілері мен бригадир болып 221 маман істейді. Міне осылардың ішінен іріктеп жоғарылатуға толық мүмкіндік бар. Мұның өзі бір жағынан шаруашылықтардағы пайдаланылмай жатқан мүмкіндіктер мен қорлардың көзін ашып, пайдаланудың кілті.

Біз биыл астық өндіру жөнінен жетіжылдықтың аяғына белгіленген дәрежеге жетпекшіміз. Алдымызға мұндай үлкен мақсат қойғанда мынандай мүмкіндіктерді пайдалануды еске алып отырмыз.

Көктемгі егіс жұмыстарын қысқа мерзімде 5—6 күн ішінде агротехникалық ережелерге сай өткізу сол мүмкіндіктің негізгісі. Бұған партия ұйымдарының назары аударылды. Бұл үшін облыстың барлық шаруашылықтарында дерлік техниканы жөндеу 15-ші мартқа дейін аяқталды. Бородулиха, Новошувльба аудандары техника жөндеуде үздік шықты. Сонымен бірге механизатор кадр даярлау ісі шұғыл қолға алынды. Механизатор кадрларды әрбір колхоз бен совхоздың өзінде даярлаумен бірге Семей қаласының кәсіпорындары колхоздар мен совхоздар үшін 1 500 механизатор оқытып, үйретіп жатыр. Облыстық партия комитеті мен облыстық Совет атқару комитеті 20-шы марттан 1-ші апрельге дейін көктемгі егіске әзірлік, әрбір колхоз бен совхоздың өзіне жеткілікті механизатор даярлау жөніндегі шаралардың жүзеге асырылуына қоғамдық байқау өткізуді ұйғарып отыр. Бұл көктемгі егіске әзірліктегі кемшіліктерді ақырына дейін жояды. Биыл біз сырттан механизатор шақырмау мақсатын көздеп отырмыз. Егер біздің колхоздар мен совхоздар осы дайындық жұмыстарының нәтижесінде көктемгі егісті қысқа мерзімде сапалы өткізсе, онда олар әрбір гектардан кемінде 1—2 центнерден қосымша өнім алады. Ал, біздің бұған сеніміміз күшті.

Тың жер игеру есебінен дәнді дақылдар егісінің көлемін арттыра түсеміз. Көктемде колхоздар мен совхоздар 100 мың гектардан астам тың жер игереді. Бұл үшін кәзірден бастап Аякөз, Аксуат, Шұбартау, Көкпекті аудандарының колхоздары мен совхоздарында жер іріктеліп алынып, тиісті техника әзірленіп жатыр. Біз осы тың жердің есебінен ғана 12 миллион пұт қосымша астық алуды жобалап отырмыз.

Егін шығымдылығын арттырудың тағы бір таусылмас көзі егіншіліктің мәдениетін көтеру, ауыспалы егіс тәртібіне көшу, сортты тұқым себу. Біздің облыста бұл шаралар да табандылықпен іске асырылып келеді. Кәзірдің өзінде 28 шаруашылық дұрыс ауыспалы егіс тәртібіне көшірілген, биыл тағы да 26 шаруашылық ауыспалы егіс тәртібін толық меңгереді. Егістік жердің кемінде 90 процентіне аудандастырылған сортты тұқым себу мақсатын қойып отырмыз. Бұған кәзіргі қолда бар тұқым толық жетеді.

Біз астықты молайтудың тағы бір мүмкіндігін қарастырып жатырмыз. Ол—егістің құрылымын қайта қарап, әсіресе, сулы жерлерден аз өнім беретін дақылдарды ығыстыра отырып, жүгері егісінің көлемін арттыра түсу. Жүгері астықты да, мал азық қорын да молайтудың тірегі бола алады. Мұны біздің озат шаруашылықтардың да тәжірибесі айқын көрсетіп отыр. Облыста биыл жүгері егісінің көлемі 140 мың гектарға жеткізіледі.

Бірақ, бізде бұл сияқты жаңалық істің қиыншылығынан қорқатын, көргенінен жазбайтын шаруашылық басшылары, тіпті партия, совет қызметкерлері де жоқ емес. Осылардың кесірінен біздің облыста жүгері егісі әлі де болса кең тарап, тиісті орнын алып кете қойған жоқ. Өткен жылы бірсыпыра шаруашылықтар мен кейбір аудандарда күтімнің нашар болуы салдарынан жүгері егісінің шығымы өте төмен болды. Ендігі жерде партия комитеттері мен партия ұйымдарының алдына мұндай енжарлыққа, салдыр-салақтыққа жол бермеу міндетін қойып отырмыз.

Егін даласының құнарлылығын, дақылдардың шығымдылығын арттырудың кепілі тыңайтқыштарды пайдалану. Н. С. Хрущев жолдас декабрь Пленумында сөйлеген сөзінде әрбір шаруашылықтың жергілікті тыңайтқыш базасы болуы туралы мәселе көтерді. Н. С. Хрущев жолдас мал көп болса, тыңайтқыш көп болады, тыңайтқыш көп болса өнім жоғары болады, өнім жоғары болса, мал көп болады деп көрсетті. Міне, бұл шаруашылықты ұйымдастыруда еске алатын негізгі қағида. Жергілікті тыңайтқыштарды барлық шаруашылықта да әзірлеуге болады.

Бұған ешқандай қосымша шығынның керегі жоқ. Кәзір облыста 500 мың тоннадай жергілікті тыңайтқыш әзірленді. Көң тыңайтқыштарының егін шығымдылығын қаншалықты арттыратынын біздің облыс шаруашылықтарының тәжірибесінен де көруге болады. Мысалы, өткен жылы Үржар ауданының «XX партсъезд» атындағы колхозында облыстың атакты жүгері өсірушісі механизатор Қайсамат Әзілқанов жолдас өз учаскесінің әр гектарына 13 тоннадан жергілікті тыңайтқыш төкті. Ол 150 гектар егінді көмекшісі екеуі ғана баптап өсірді. Сөйтіп, сүрлемдік жүгерінің гектарынан 510 центнерден собықты пая және астық үшін егілген жүгеріден 42 центнерден өнім алды. Біз биыл бұл тәжірибенің барлық шаруашылықта да пайдаланылуына ерекше көңіл бөліп отырмыз.

Міне бізде астық молшылығын жасаудың осы сияқты мүмкіндіктері мен жолдары бар. Олар біздің алған міндеттемені абыроймен орындап шығамыз деген сенімімізді нығайта түседі.

Сол сияқты ет өндіру және мал басын көбейту жөніндегі міндеттемені орындауға қажетті мүмкіндіктер бізде ұшан-теңіз. Біз ең алдымен малдан төлді көп алуды ұйымдастырамыз. Биыл біздің шаруашылықтарда әрбір 100 сиырдан 95 бұзау өсіру белгіленіп отыр. Бұл үшін малдың күтімін жақсартамыз. Сонда январь, февраль айларында бұзаулаған сиырлардан жыл аяғына дейін екінші рет бұзау алуға болады. Бізде бұл тәжірибені қолданып жүрген шаруашылықтар бар. Мысалы, өткен жылы Шұбартау ауданының колхоздары әрбір 100 сиырдан 97 бұзау өсірді. Ал, «Шалабай» совхозының бақташысы Қабыш Сейтқазинов жолдас әрбір 100 сиырдан 100 бұзау өсіріп, олардың салмағын 8 ай ішінде 300—340 килограмға жеткізді. Міне осы озат тәжірибені қолдана отырып, биыл ірі қарадан облыс бойынша 82 мыңнан астам төл өсіреміз. Сонда бізде 61,5 мың бас ірі қараны бордақылап, етке өткізуге мүмкіндік туады. Мұнан кемінде 19,8 мың тонна сиыр етін алуға болады.

Сол сияқты қойдан да төлді өткен жылға қарағанда мол алу белгіленіп отыр. Мысалы, өткен жылы орта есеппен әрбір 100 саулықтан 80 қозы алынған болса, биыл 100-ден қозы алынады. Мұның өзі қосымша 200 мың қой өсіруге мүмкіндік береді.

Биыл шошқа бордақылап, мемлекетке сату ісін де жолға қоямыз. Облыстың колхоздары мен совхоздары биыл 10 мың тонна шошқа етін мемлекетке сатпақшы, бұл өткен жылғыдан 2,6 есе көп. Бұған кәзірдің өзінде дайындық жүріп жатыр. Кәзір колхоздар мен совхоздарда 10,5 мың шошқа жемге қойылды.

Мұның үстіне облыста арзан құс етін алуға да мүмкіндіктер бар. Мысалы, Бесқарағай ауданынан құс өсіретін арнаулы «Долон» совхозы ұйымдастырылды. Мұндағы 600 гектардан астам жерді алып жатқан табиғи су айдынында жыл сайын 1 миллион үйрек өсіріп, оны мемлекетке тапсырып отыруға мүмкіндік бар. 1 миллион үйрек орта есеппен 40 мың қойдың етіндей ет береді. Құс өсіруді мүмкіндігіне қарай басқа колхоздар мен совхоздар да қолға ала бастады. Осы мүмкіндіктердің бәрін есептей келгенде биыл біздің облыс еңбекшілерінің мемлекетке ет сату жөніндегі міндеттемелерін артығымен орындайды деп сеніммен айтуға болады.

Қоғамдық мал басын өсіру және мал шаруашылығы өнімдерін молайту жөніндегі міндеттеменің табысты орындалуы көп жағдайда мал қыстатуды ойдағыдай өткізуге байланысты. Облыстың колхоздары мен совхоздарының көпшілігі-ақ қысқа тыңғылықты әзірленудің нәтижесінде қоғамдық малды қыстан аман да күйлі шығарып келеді. Бұл жөнінде Мақаншы, Новошұльба аудандарын үлгі етіп айтуға болады.

Бірақ, бірсыпыра колхоздар мен совхоздарда мал нашар қыстатылуда. Бесқарағай ауданының «Қазақстанның XV жылдығы», «Путь к

коммунизму» колхоздарының және Новопокров ауданындағы «Қоростель» совхозының басшылары мал қыстатуға әзірміз деп тиісті орындарға бірнеше рет мәлімдеген болатын. Олардың сөзі мен ісі бір жерден шықпады. Осы шаруашылықтарда қыстың екі айы өтпей-ақ шөптің жетпеуі салдарынан мал шығыны бола бастады. Бұл жағдайларды облыстық, аудандық партия комитеті мен совет ұйымдары дер кезінде зерттеп, ондағы орын алған кемшіліктерді жою жөнінде шаралар белгіледі. Бұл шаруашылықтарға қосымша жемшөп жеткізіліп берілді. Облыстың партия ұйымдары қоғамдық малды сақтап қалуға барлық күш мүмкіншілікті жұмылдырды.

Кәзіргі жағдайда ұйымдастыру жұмысының аса бір маңызды міндеті озат тәжірибені пайдалану, барлық еңбекшілердің еңбек озаттары мен жанашылдарының тәжірибесін қолдана отырып, жемісті жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Біздің облыста да бүкіл еліміздегі сияқты ауыл шаруашылығының озат адамдары көп. Олардың тәжірибесін кең таратып, барлық еңбекшілерді солардан үлгі алуға ұйымдастыру міне бұл біздің ұйымдастыру, партиялық басшылық жұмысымыздың да бай резерві.

Озаттардың тәжірибесі біздің колхоздар мен совхоздарда ауыл шаруашылығы өнімдерін мол алудың қандай бай көздері әлі де ашылмай жатқанын көрсетеді. Мысалы, Новошувба ауданындағы Ленин атындағы совхоздың шошқа өсірушісі Арвит Крейник биыл бір өзі 2 000 шошқаны бағып, мемлекетке 2 000 центнер ет тапсыруға және әр центнер еттің түсер құнын 240 сомнан айналдыруға серт беріп отыр. Ол еліміздің атақты шошқа өсірушісі Социалистік Еңбек Ері Ярослав Чиж жолдаспен социалистік жарысқа түсті. А. Крейник жолдас кәзірдің өзінде мемлекетке 620 центнер ет тапсырды. Сол сияқты «Қарақол» совхозының шопаны Сәбет Жақсыбеков өткен жылы жоғары табысқа жетті. Ол әрбір жүз саулықтан 145 қозы алып, әр қойдан 5,5 килограмнан жүн қырықты. Сәбет Жақсыбеков өз отарынан екі жылда үш рет қозы алып, әрбір жүз саулықтан жылына 190 қозы өсіруге бел байлады. Бұл қой саны тек бір жыл ішінде ғана екі есеге жуық өседі деген сөз. Сөйтіп, ол ставропольдық шопан Иван Малашенкомен жарысқа түсті. Бұл жарыс облыста қой өсіруде жаңа табысқа жетуіміздің ұйтқысы, үлгі өнегесі болады. Кәзір біз бұл өнегені барлық шаруашылықтарға таратуға ұйғарып отырмыз.

Үржар ауданы «Красные горные орлы» артелінің аға шопаны Социалистік Еңбек Ері Үйсінбай Барлықбаев жолдас КПСС Орталық Комитеті декабрь Пленумының шешімдеріне үн қоса отырып, өнімнің түсер құнын кемітуге, еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған жаңа бастама көтерді. Ол ірілендірілген шопандар бригадасын құруды ұйғарды. Облыстық партия комитеті бұл бригаданың жұмыс тәжірибесін қолдады. Келешекте бұл тәжірибені зерттеп, облыстың барлық шаруашылықтарына таратпақшымыз.

Ірілендірілген бригадаларда 7 адам болады, олар үш мыңдай қойды бағады, сонда әрбір адамға 400-ден қой келеді, ал бұрын әрбір шопан 160—200 қой ғана бағатын. Бригадада бір-екі механизатор, бір зоотехник болады. Мал азығын бригаданың өзі даярлайды. Еңбекті жанаша ұйымдастыру шопандарға 8 сағаттық жұмыс күніне көшуге мүмкіндік береді.

Озат адамдар — өз ісіне шексіз берілген, өздері атқаратын жұмыстың тәсілдерін кәміл меңгерген еңбеккерлер. Олар жәй қара дүрсін еңбекпен кәзір ойдағыдай нәтиже ала алмайтынын жақсы біледі. Үнемі оқу, іздену, озат тәжірибені, техника жаңалықтарын күнделікті жұмысына қолдану — міне табыстың кілті осында деп біледі олар.

Егер облыстың барлық шопандары мен сауыншылары, жүгері өсірушілері мен механизаторлары озаттар дәрежесінде еңбек етіп, солардай өнім беретін болса, біз кәзіргі алып отырған міндеттеменің дәрежесінен әлдеқашан озып кеткен болар едік. Облыстың партия ұйымдары алған міндеттемелерді орындаудың кепілі ретінде озаттардың тәжірибесін кең таратуға күш салуда. Облыстың колхоздары мен совхоздарында кәзір озат тәжірибені үйрететін 24 мектеп бар. Бұл мектептер озат шаруашылықтарда ұйымдастырылған. Басқа шаруашылықтардың өкілдері үнемі осы шаруашылықтарда болып, озат тәжірибемен танысып отырады.

Біздің колхозшылар мен совхоз жұмысшылары еліміздің басқа облыстарындағы озат тәжірибені үйренуге де ынта қойып отыр. Жақында ауыл шаруашылығының бір топ қызметкерлері Москва, Владимир облысына жүріп кетті. Олар бұл облыстардың колхоздары мен совхоздарынан жаңа үлгімен мал қораларын салу, ірі қараны қораларда байламай бағу тәжірибелерін үйренеді. Облысымыздың бір топ жүгері өсірушілері (15 адам) жақында Украинаның атақты жүгері өсірушісі Евгений Долонюкке жүріп кетті. Олар жүгеріні еккеннен бастап, жиып алғанға дейінгі жұмыстардың тәжірибесін үйренеді. Міне, бұл тәжірибелер біздің облыстың ауыл шаруашылығы еңбекшілеріне де жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындауға көмектеседі.

Егін шаруашылығы мен мал шаруашылығының мәдениетін көтеру ісінде колхоздар мен совхоздарда жұмыс істейтін бұқараға негізгі ауылшаруашылық машиналарын тегіс меңгерген механизатор, барлық мал түрінің де жағдайын білетін малшы, шебер құрылысшы мамандықтарын үйретудің маңызы зор. Кәзіргі жағдайда ауыл шаруашылығының тағдырын шешетін міне осы үш мамандық. Сондықтан біз колхоздар мен совхоздарда жұмыс істейтін адамдардың кемінде 80-90 процентінің осындай жалпы мамандығы болуын көздеп отырмыз. Кәзір облыста ауылшаруашылық курстарында, механизаторлар курсында 30 мыңнан астам адам оқып жүр. Сонымен бірге кадрлардың мамандық білімін көтеру үшін Семей малдәрігерлік институтының жанынан ауылшаруашылық университеті ашылды.

Жетіжылдықтың екінші жылының тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындау жолындағы күрес күннен-күнге қыза түсуде. Облыстың партия ұйымдары өзінің басты міндеті социалистік жарысты өрістете отырып, әрбір еңбекшіге өзінің алған міндеттемесін орындауына жағдай жасау, социалистік жарыстың күнделікті жариялылығын қамтамасыз ете отырып, артта қалғандарға көмектесіп, оларды озаттардың қатарына теңеп отыру деп біледі. Бұл үшін бізде социалистік жарыстың қорытындылары бригадалар мен фермаларда әр он күн сайын, колхоздар мен совхоздарда әр ай сайын, аудандар және облыс бойынша тоқсан сайын шығарылып отырылады. Социалистік жарыстың қорытындыларын әрбір шаруашылықта партия ұйымдарының үгітшілері кең насихаттап таратады. Сонымен бірге жарыс қорытындылары, жарыста озып шыққандардың ісі мен үлгісі, тәжірибесі баспасөз, облыстық радио, бюллетеньдер арқылы кең таратылады.

Социалистік жарыста алған міндеттемелердің орындалуын ұйымдастыру, әрбір адамға қамқорлық жасап, оның жалпыхалықтық күрестен өз орнын табуына жағдай жасау деген сөз. Біздің партия, совет, комсомол, кәсіподақ ұйымдарының қызметкерлері, барлық кадрларымыз табанды ұйымдастыру жұмысын жүргізумен бірге, өз жеке бастарының өнегесімен де бұқараны еліктіріп, сонынан ерте отырып, жетіжылдықтың екінші жылында алда тұрған міндеттерді толық орындап шығады.

Бастауыш партия ұйымдарының іскерлігін арттыра берейік

У. ИМАНӘЛИЕВ,

*Қазақстан КП Орталық Комитеті партия органдары
бөлімі меңгерушісінің орынбасары*

КПСС Орталық Комитетінің декабрь Пленумы ауыл шаруашылығын жаңа сатыға көтеру, бай мүмкіндіктерді пайдалану, елімізде азық-түлік молшылығын жасау міндетін алға қойды. Бұл міндетті жүзеге асыру жолында партия ұйымдары, коммунистер мен комсомолцтер белсене күресуге міндетті.

Партиямыздың ХХІ съезі жетіжылдық жоспардың тағдыры ең алдымен кәсіпорындар мен құрылыстарда, колхоздар мен совхоздарда, ғылыми мекемелерде, партия, совет ұйымдарында шешіледі деп көрсеткен болатын. Міне осымен байланысты бастауыш партия ұйымдарының ролі бұрынғыдан да арта түсті. Олар бұқараны өндірістік жоспарды орындауға және асыра орындауға жұмылдыруға тиіс. Бұл үшін партия органдары кәсіпорындардағы, колхоздар мен совхоздардағы партия ұйымдарына басшылықты жақсартып, олардың бұқараны ұйымдастыру, саяси-тәрбие жұмыстарын жетілдіре беруіне күнделікті қамқорлық жасауы керек. Міне сонда ғана бастауыш партия ұйымдары коллективтің әрбір мүшесін алда тұрған міндеттерді жете түсінетін, мемлекеттік және еңбек тәртібін қатаң сақтайтын етіп тәрбиелей алады.

Республика еңбекшілері партия ұйымдарының басшылығымен жетіжылдықтың алғашқы жылында елеулі табыстарға жетті. Халық шаруашылығын өркендетудің жоспары артығымен орындалды.

Бастауыш ұйым жұмысының пәрменділігі партия ұйымы бюросына және оның секретарына көптен-көп байланысты. Бастауыш партия ұйымының секретары коммунистердің сеніміне, қолдауына сүйенетін, моральдық-саяси қасиеттері жоғары адам болуға тиіс. Бастауыш ұйымның секретары партияның қаулысын мүлтіксіз жүзеге асыру жолындағы белсенді күрескер. Міне, сондықтан да КПСС Орталық Комитеті партия ұйымдары секретарьларын іріктеп алуға, тәрбиелеуге көп көңіл бөліп келеді.

Республикамыздың партия органдары соңғы жылдары бастауыш партия ұйымдары секретарьларының сапа құрамын жақсарту жөнінде едәуір жұмыстар істеді. Өткен есеп беру-сайлау жиналыстарында партия ұйымының басшылығына ең таңдаулы коммунистер — озат жұмысшылар, мамандар, бұқара арасында беделді, ұйымдастыру қабілеті бар коммунистер ұсынылды.

Біздегі бастауыш партия ұйымдарының жұмысын жақсартуда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Х пленумы (1958 жыл) ерекше роль атқарды. Пленумда ұйымдастыру жұмысының жайы мен оны жақсарту шаралары туралы мәселе қаралды. Пленум облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттерінен бастауыш партия ұйымдарына басшылықты жақсартуды, бастауыш партия ұйымдарының кәсіпорындардағы, колхоздар мен совхоздардағы істің жағдайы үшін жауапкершілігін күшейтуді, коммунистердің өндірістегі авангардтық ролін арттыра түсуді, бастауыш партия ұйымдары жұмысының жақсы тәжірибесін негізінен таратуды талап етті.

Қазақстан КП Орталық Комитеті бастауыш ұйым секретарьларының жиі ауыстырылуын мейлінше азайтуды тапсырды және олардың сапалық құрамын жақсартуды шұғыл міндет есебінде алға қойды. Бұл міндетті жүзеге асырудың алғашқы нәтижесі мынадай: егер 1958 жылғы 1 январьдағы мәлімет бойынша бастауыш партия ұйымдары секретарьларының 19,7 процентінің ғана жоғары және ортадан жоғары білімі болса, 1960 жылғы 1 январьдағы мәлімет бойынша олардың 24,4 процентінің жоғары және ортадан жоғары білімі бар. Бастауыш партия ұйымы секретарьларының арасында мамандар едәуір көбейді. Қазір 1 143 инженер-техник және 430 агроном, зоотехник және механик бастауыш партия ұйымдарын басқарып жүр.

Бастауыш партия ұйымдары секретарьларының құрамын жақсарту жөнінде Павлодар, Оңтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан облыстарының партия комитеттері көп жұмыс істеді. Мысалы, Батыс Қазақстан облысында бастауыш партия ұйымы секретарьларының бәрінің де орта және ортадан жоғары білімі бар. Ал Оңтүстік Қазақстан облысында колхоз бен совхоз партия ұйымы секретарьларының арасында 80 адам ауыл шаруашылығының маманы.

Бастауыш партия ұйымының секретарьларын дұрыс іріктеп алудың және коммунистердің өндірістегі, қоғамдық тұрмыстағы белсенділігін арттырудың нәтижесінде кәсіпорындардағы, колхоздар мен совхоздардағы партия ұйымдары нығайып, бұқараның жалынды ұйымдастырушысына айналды. Ұйымда 50-ден астам коммунисті бар колхоздарда, 100-ден астам партия мүшесі бар совхоздарда партия комитеттері құрылды. Ал бригадаларда, фермаларда бастауыш партия ұйымдары, партия топтары жұмыс істей бастады.

Осымен байланысты бастауыш партия ұйымдарының шаруашылық-саяси міндеттерді орындаудағы ролі арта түсті. Енді партия комитеттері, партбюро секретарьларын ғана емес, сонымен бірге партгруппортарды және өндіріс учаскелерінің партия ұйымдары секретарьларын іріктеп алуға да ерекше көңіл бөлуі керек. Барлық партия ұйымдарында да істің тағдыры ондағы ұйымдастыру жұмысының дәрежесіне, кадрларға, ұйымдастырушыларға байланысты. Мысалға Алматы облысы Талдықорған ауданындағы Крупская атындағы колхоздың партия ұйымының жұмыс тәжірибесін алайық. Ұйымда 64 коммунист есепте тұрады. Партия ұйымының секретары Н. Селиваненко жолдас коммунистерді өндірістің шешуші буындарына қоюға ерекше көңіл бөледі. Қазір мұнда 24 коммунист егін шаруашылығында, 14 коммунист мал шаруашылығында, 10 коммунист механизаторлар арасында және 4 коммунист құрылыс бригадасында жұмыс істейді. Коммунистер барлық жерде де колхозшыларды өздерінің еңбектегі, тұрмыстағы өнегесімен еліктіріп, бастап отырады. Мысалы, коммунистер В. Лотова, Ф. Некрасова, О. Шматенко жолдастар қызылша өсіретін звеноларды басқарады. Олар жыл сайын қызылшаның гектарынан 500—600 центнерден өнім алып келеді. Сол сияқты артельде партия мүшесі М. Пожидаеваны бүкіл колхозшылар құрметтеп, өздеріне үлгі санайды. Ол өткен жылы әрбір сиырдан 2 550 литрден сүт алуға міндеттеме қабылдаған еді, өз міндеттемесін артығымен орындап, әрбір сиырдан 3 330 литрден сүт сауды. Сол сияқты артельдегі 7 шолан коммунист те еңбекте жақсы өнеге көрсетіп келеді. Шопандар Б. Малдыбаев, О. Қойлыбаев жолдастар өткен жылы әрбір 100 саулықтан 125-тен қозы алды.

Ұйымдағы әрбір коммунист белгілі бір партиялық тапсырма орындайды. Партия ұйымының секретары оларға бұл тапсырманы коммунистің қабілетіне, білім дәрежесіне, оның істеп жүрген жұмыс бағытына қарай беріп отырады. Қазір коммунист Шеповалов жолдас колхоздың қабырға газетінің редакторы, Райымбеков жолдас саяси үйірменің насихатшысы, зоотехник Таранова жолдас товарлы-сүт фермасында

социалистік жарысты қорытындылаушы, Харитонов жолдас комсомол саяси мектебінің насихатшысы, 22 коммунист үгітші болып жұмыс істейді. Партиялық тапсырманы жедел орындай отырып, коммунистердің барлығы да өз білімдерін тынбай көтереді. Барлық коммунистер де ауыл шаруашылығының экономикасын үйренетін үйірмеге қатынасады.

Бастауыш партия ұйымы партия жиналысын үнемі мерзімінде өткізіп отырады. Соңғы он айдың ішінде мұнда 13 партия жиналысы өткізілген. Партия жиналыстарында социалистік жарыс, алынған міндеттемелердің орындалуы, мал қыстату, көктемгі егіске әзірлік, коммунистердің оқуы және партия ұйымы тұрмысының басқа да маңызды мәселелері талқыланады.

Үгіт коллективінің жұмысы да жап-жақсы ұйымдастырылған. Ай сайын үгітшілердің сабағы, кеңесі өткізіліп, оларға тиісті көмек көрсетіледі. Сонымен бірге партия бюросының мүшелері, колхоз басқармасының мүшелері колхозшылар бұқарасының арасында баяндама, әңгіме өткізіп отырады. Міне осы бұқаралық саяси жұмыстың нәтижесінде жарыс жақсы ұйымдастырылған. Социалистік жарыстың қорытындылары әрбір бригадада, фермада ай сайын талқыланып, қабырға газеттері, көрсеткіш тақталары, колхоз радиоторабы арқылы таратылып отырады.

Жарыс озаттарын ынталандыру шаралары да жақсы ойластырылып жүргізіледі. Озаттарға Қызыл ту тапсырумен бірге ақшалай, заттай сыйлық беріледі. Мысалы, өткен жылы қант қызылшасынан мол өнім алған 300-ден астам адамға 300 мың сомдай ақшалай сыйлық берілді, мал өсірушілер сыйлыққа 200 центнер сүт, 80 қой және 11 мың сом ақша алды.

Осылайша партия ұйымы колхозшылар бұқарасы арасында ұйымдастыру, саяси-тәрбие жұмыстарын жүргізе отырып, артель экономикасын көтеру ісіне елеулі үлес қосты. Колхоздың ақшалай табысы соңғы жылдардың ішінде (1953 жылдан бері) 10 миллион сомға дейін өсті. Бұл негізінен егін шаруашылығының мәдениетін көтеріп, шығымдылығын арттыру есебінен, мал шаруашылығының өнімділігін молайту есебінен алынған табыстар. Мысалы, соңғы бес жылдың ішінде дәнді дақылдардың шығымдылығы әрбір гектардан 11,8 центнерден 17,5 центнерге дейін, қант қызылшасының шығымдылығы 328 центнерден 480 центнерге дейін, әрбір сиырдан алынған сүт 1 479 литрден 2 653 литрге дейін, әрбір қойдан алынған жүн 1,5 килограмнан 2,8 килограмға дейін өсті. Осының нәтижесінде колхозшылардың еңбеккүніне берілетін ақы да артты. Егер 1953 жылы колхозшылардың әрбір еңбеккүніне 2 килограмнан астық, 2 сомнан ақша берілсе, өткен жылы 2 килограмнан астық, 10 сомнан ақша берілді. Мұның өзі колхозшылардың қоғамдық еңбекке ынталылығын арттыра түсті.

Колхоз мемлекеттен 1,4 миллион сомның түрлі техникасын сатып алды. Техника колхозда ұқыпты да өнімді пайдаланылатын болды. Мал шаруашылығындағы жұмыстар да машинаның күшімен атқарылуда. Кәзір механикаландырылған ұста дүкені салынып жатыр. Соңғы бес жылдың ішінде артельде мәдени-тұрмыс және шаруашылық құрылыстары көп салынды. Колхоз орталығында 350 орындық клуб, радиоторабы және электр станциясы бар. Мұнымен бірге 150 орындық балалар бақшасы, мектеп, аурухана, астық қоймалары, жабық қырман, механикаландырылған сиыр және шошқа қоралары салынды. Қаратал өзенінің бойындағы мал жайылым учаскесінен шопандар үшін 25 үй, 100 орындық клуб, кітапхана, дәрігерлік пункт, қонақ үйі, екі монша, 30 қой қора салынып, ондаған құдық қазылды.

Колхозшылар бұқарасының шаруашылық пен мәдениетті өркендетудегі қол жеткен бұл табыстары бастауыш партия ұйымының шаруа-

шылыққа шебер басшылық ете білгенін, ең бастысы адамдарды жұмылдыра білгенін көрсетеді.

Республикамыздың партия ұйымдары тың игеру жылдарында ұйымдастыру жұмысының бай тәжірибесін меңгерді. КПСС Орталық Комитеті мен Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті тың жерлерде жана совхоздар ұйымдастырумен байланысты мұнда көптеген партия қызметкерін, ширақ, сергек, талапты, алғыр адамдарды жіберді. Олардың көпшілігі-ақ бұқараның тілін таба білді, еңбекшілердің сеніміне бөленіп, олардан үйрене жүрді.

КПСС Орталық Комитеті ауыл шаруашылығының барлық саласын үздік өркендету жөнінде партияның ХХІ съезі шешімдерін жүзеге асыра отырып, артта қалып келе жатқан колхоздар мен совхоздарды кадрлармен нығайтуға ерекше көңіл бөліп келеді. Республикамызда озат шаруашылықтармен бірдей жағдайда бола отырып, жұмысы нашар колхоздар мен совхоздар бар. Бұларда шаруашылықты үдете өркендетудің орасан мүмкіндіктері ашылмай жатыр. Бұл көбінесе кадрларға, ұйымдастыру жұмысына байланысты. Мысалға Көкшетау облысының Қызылту ауданындағы іргелес екі совхоздың жұмысын алайық. Степной совхозы (бұрынғы директоры Янковский, партия ұйымының секретары Мирный жолдас) Толбухин атындағы совхозбен (директоры Моргун, партия ұйымының секретары Моеревич жолдастар) іргелес жатыр. Олардың жер жағдайы бірдей. Ал осыған қарамастан бұл совхоздардың шаруашылық дәрежесі әртүрлі. Толбухин атындағы совхоз соңғы үш жылдың ішінде 38,6 мың гектар егіннен 6 150 мың пұт астық өндіріп, оның 4,5 миллион пұтын мемлекетке тапсырды. Бұл совхозда егіннің гектарынан 9,3 центнерден өнім алынды, ал бір центнер астықтың түсер құны 31 сом 81 тиыннан (жоспар бойынша 40 сом 30 тиыннан) келді. Совхоз мемлекетке 2 130 центнер ет, 9 910 центнер сүт тапсырды. Үш жылдың ішінде совхоз 4 082 мың сом таза пайда алды. Ал, ұйымдасқаннан бері (1954 жылы) 9 376 мың сом таза пайда алды. Жуырда Моргун жолдастың Ленинград аудандық партия комитетіне секретарь болып сайланды.

Совхоздың партия ұйымында 37 коммунист бар, оның 17-сі егін шаруашылығында, 5-і мал шаруашылығында жұмыс істейді. Олар совхоз өндірісінің озат адамдары. Партия ұйымы совхоз жұмысшыларының, озаттардың бастамасын қолдап, олардың тәжірибесін кең таратып отырады.

Ал, Степной совхозында үш жылда 22,2 мың гектар егіннен 1 726 мың пұт астық өндіріп, мемлекетке 1 миллион пұт, яғни өндірген астығының 58,3 процентін тапсырды. Мұнда астықтың орташа түсімі гектарына 4—5 центнер, немесе Толбухин атындағы совхоздан 4,8 центнер кем болды. Ал, бір центнер астықтың түсер құны 77 сом 35 тиын болған. Бұл Толбухин атындағы совхоздың берген астығынан 45 сом 54 тиын қымбат.

Совхозда мал шаруашылығы да нашар өркендеген. Үш жылдың ішінде совхоз мемлекетке болғаны 1 080 центнер ет, 2 590 центнер сүт тапсырды. Өнімдердің шығыны көп болғандықтан бұл совхоз үш жылдың ішінде пайда табудың орнына, мемлекетке 9 632 мың сом зиян келтірген. Совхоз өткен жылды да нашар аяқтады. Мұнда агротехникалық ережелер нашар сақталды. Соның салдарынан егіннің шығымы төмен болып, гектарына 5 центнерден ғана өнім алынды. Мемлекетке астық тапсырудың жоспары небәрі 28 процент қана орындалды.

Совхоздың бастауыш партия ұйымы бұл кемшіліктерді уақытысында түзей алмады, оның себебі ұйымның өз жұмысында да көптеген кемшіліктер болды. Ол совхоз дирекциясының жұмысына бақылау жүргізе алмады. Коммунистерден тапсырылған іске жауапкершілік талап етілмеді. Совхоз директоры коммунист Янковскийдің өзі тұрмыста

азып, совхоз шаруашылығын төрт аяғынан бірдей ақсатты. Осыдан кейін жоғары партия органдары Янковскийді партиядан шығаруға мәжбүр болды.

Республикамызда өзінің тиісті дәрежесінде бола алмай, колхоздар мен совхоздардың өндірістік жұмысына ықпал жасай алмай, бұқараны ұйымдастыра алмай отырған осындай бастауыш партия ұйымдары да бар. Бұл кемшіліктерді түзету үшін ең алдымен оларға партия комитеттері тарапынан көмекті, басшылықты күшейту қажет. Оларды кадрлармен нығайту керек. Н. С. Хрущев жолдас партияның ХХІ съезінде жасаған баяндамасында: «Басшылық қызметіне халық игілігіне барлық күш-жігері мен білімін беретін, жұмысқа революциялық жалынды рух, большевиктік шабыт енгізіп отыратын, принципшіл, жаңалықты сезгіш, даярлығы жеткілікті, істі білетін инициативалы адамдарды жоғарылату қажет» деп көрсеткен болатын. Барлық партия комитеттері мен партия ұйымдары осы лениндік нұсқауды бұлжытпай жүзеге асырып отыруға тиіс.

Бастауыш партия ұйымдарының жұмысы саналуан саланы қамтиды. Колхоздар мен совхоздардағы істің тағдыры, табысқа жетудің тек колхоз председателдері мен совхоз директорларының қолында, соларға ғана байланысты емес, сонымен бірге басқа кадрларға — бригадирлерге, ферма менгерушілеріне, мамандарға, механизаторларға да байланысты. Сондықтан бастауыш партия ұйымдары міне осы кадрларды іріктеп алу, орналастыру, тәрбиелеу ісімен шұғылдануға тиісті. Алайда көптеген партия ұйымдары бұл кадрларды тәрбиелеу, іріктеп алу ісіне жеткілікті көңіл бөлмейді. Мысалы, Көкшетау облысындағы 600-ден астам бригадир мен ферма менгерушісінің ішінде 25 адамның ғана орта дәрежелі ауылшаруашылық білімі бар. Ал, облыста 2,5 мыңдай ауылшаруашылық мамандары бар. Бұлардың бәрі тиісті орнына пайдаланылып отыр деп айтуға болмайды.

Кәзір колхоз және совхоз партия ұйымдарының алдында жауапты міндеттер тұр. Олардың ең бастысы: көктемгі егіске жақсы әзірлік жасау. Бұл үшін әрбір шаруашылықта жеткілікті механизатор кадрларын даярлау керек. Бұл іс үлкен ұйымдастыру жұмысын жүргізуді талап етеді. Бастауыш партия ұйымы, оның секретарьлары бұл жұмысқа қолма-қол басшылық жасауға тиіс.

Республикамыздың барлық бастауыш партия ұйымдарында да есеп беру-сайлау жиналыстары болып өтті. Оларда коммунистер жұмыстағы кемшіліктерді сынап, биыл ауыл шаруашылығы еңбекшілері алған міндеттемелерін табыспен орындауының қосымша мүмкіндіктерін ашып көрсетті. Мысалы, Қарағанды облысы партия ұйымдарының есеп беру-сайлау жиналыстарында коммунистердің 30 проценттейі ұйымның жұмысы туралы сөйлеп, кемшіліктерді ашуға, шаруашылықта жақсы табыстарға жету үшін қолданылатын шараларды белгілеуге қатынасты.

Ақмола облысының партия ұйымдарында да есеп беру-сайлау жиналыстары жоғары дәрежеде өтті. Мысалы, «Донской» совхозының партия ұйымының жиналысында 27 коммунистің 11-і жарыссөзге шығып сөйледі. Бұл облыста 13 партия ұйымында коммунистер партбюроның және бастауыш партия ұйымы секретарьларының жұмысын қанағаттанғысыз деп тапты. Ал екі бастауыш партия ұйымында коммунистер секретарьлыққа ұсынылған адамдарды сайламай тастады. Міне бұл фактілер коммунистердің партия ұйымының жұмысын талқылауға белсене қатынасып, оған сын көзімен баға бергенін көрсетеді.

Өткен есеп беру-сайлау жиналыстарының нәтижесінде бастауыш партия ұйымы секретарьларының сапа құрамы бұрынғыдан да жақсара түсті. Ақмола облысында кәзір бастауыш партия ұйымы секретарьларының ішінде 467 адамның жоғары білімі бар, бірсыпыра колхоздар

мен совхоздарда партия ұйымын мамандар басқарып отыр. Бастауыш партия ұйымының басшылығына көптеген ынталы коммунистер келді.

Міне, мұның бәрі облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттеріне үлкен міндет жүктейді. Олар бастауыш партия ұйымы секретарьларына күнделікті көмектесіп, басшылық жасап отыруға тиіс. Партия комитеттері партия ұйымдарының, партия қызметкерлерінің тәжірибелерін қорытып, кеңінен таратулары керек.

Республикамызда бастауыш партия ұйымдарына күнделікті басшылық жасап отыратын партия комитеттері аз емес. Мысалға Алматы облысының Гвардия аудандық партия комитетін алайық. Бұл аудандық партия комитетінің секретарьлары Гришагин және басқа жолдастар жер-жерде болғанда ең алдымен партия ұйымының жағдайымен, қызметімен егжей-тегжейлеп танысады. Партия ұйымының секретарьларына қандай мәселеге баса назар аудару керек екенін айтып отырады.

Бірақ аудандық партия комитеті көбінше өзінің бастауыш партия ұйымдарының жұмыстары туралы қабылдаған шешімдеріне формальды қарайды. Кейде шешім қабылдаудың қызығына түсіп, оның орындалуын қадағаламайды. Мысалы, аудандық комитеттің бюро мәжілісінде өткен жылдың бірінші тоқсанында Сарыбұлақ совхозы партия ұйымының секретары Кузданов жолдастың есебі үш рет тыңдалды. Мұнда қабылданған қаулының бәрінде де партия ұйымы жұмысындағы бәзбаяғы бір кемшіліктер көрсетіліп, оны түзету талап етілді. Бірақ бұдан совхоздағы жұмыстың жағдайы жақсармады. Аудандық партия комитеті бір мәселе жөнінде қайта-қайта шешім қабылдай берудің орнына өзінің алғашқы қабылдаған шешімін іске асыруды ұйымдастырып, бұл жөнінде партия ұйымының секретарына көмектескені дұрыс болар еді.

Қазан аудандық партия конференциясында—«Заветы Ильича» колхозы партия ұйымының секретары Цыбин жолдас аудандық партия комитетінің секретарьларын партия ұйымдарына үстірт басшылық жасайтыны үшін дұрыс сынады. Аудандық комитет партия ұйымындағы істің жағдайын терең зерттеп, көмектесудің орнына болмашы іс үшін оның секретарын ауыстыра береді. Мысалы, өткен жылы «Заветы Ильича» колхозы партия ұйымының секретары үш рет ауыстырылған.

Бастауыш партия ұйымы секретарьларына көмектесу, оларға басшылық ету жұмыстарының формалары мен әдістері саналуан. Бұл жөнінде әрбір жердегі нақты жағдайды, алда тұрған міндетті қатты ескеріп отыру керек. Партия комитеттері бастауыш партия ұйымдарына шаруашылықты өркендетудің жаңа резервтерін ашуға, жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындауды ұйымдастыруға көмектесуі қажет. Ең басты мәселе бастауыш партия ұйымдарына шаруашылықтың шешуші буындарына коммунистерді дұрыс орналастырып, олардың бұқараға ықпалын арттыруға көмектесу керек. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысының Совет ауданының партия ұйымдары бұл маңызды мәселеге көңіл бөлмеген. Ауданның партия ұйымдарында есепте тұратын бір мыңға жуық коммунистен 117 адам ғана мал шаруашылығында жұмыс істейді. Ал осы ауданның «Путь к коммунизму» және Аманкелді атындағы колхоздарында мал шаруашылығында бір-бірден ғана коммунист бар.

Партия комитеттері Қазақстан КП X съезінің қарарын басшылыққа ала отырып, бастауыш партия ұйымдарына басшылық ісіндегі кемшіліктерді түзетіп, олардың белсенділігін арттыра беруге тиіс. Міне сонда ғана бастауыш партия ұйымдары еңбекшілер бұқарасының ұйымдастырушысы болады.

Венгрия социализм жолында

Туысқан Венгер Халық Республикасының еңбекшілері жылда 4 апрель күні өз мемлекетінің қайта туған күнін тойлайды. 1945 жылғы 4 апрельде Венгрияны жеңімпаз Совет Армиясы неміс фашистерінен азат еткен болатын. Сол кезде венгер халқының өмірінде тағы бір зор оқиға болды. Венгрияда антифашистік, халықтық-демократиялық революция басталды. Бұл революцияда пролетариат шешуші күш болды, оған Коммунистік партия басшылық етті. Соғыс кезінде Компартия хортистік тәртіпке және герман фашистеріне қарсы күресіп, халық бұқарасының антифашистік қозғалысын ұйымдастырды. 1944 жылы майдан Компартия топтастырған антифашистік күштер негізінде *Венгер Майданы* құрылды; майданға коммунистермен бірге социал-демократиялық партия мен ұсақ шаруалар партиясы кірді. Бұл венгер халқының тарихындағы аса зор оқиға болды. 1944 жылы жазда Венгрияда партизандық күрес өрістей бастады. Бұл күресті Компартия бастаушы да ұйымдастырушы болды.

Ажалы жақындаған неміс фашистері мен жергілікті сатқындар жер көлемі шағын Венгрияға 1944 жылы күзде орасан көп күш — 79 дивизия жинақтады. Мұның өзі Германияның ағылшындар мен американдарға қарсы шығарған Франциядағы, Бельгиядағы, Голландиядағы, Даниядағы, Италиядағы әскерлерінен көп еді. Бірақ фашистер қаншама күш жинап жанталасса да сәтсіздікке ұшырады. Қаһарман Совет Армиясы жауды талқандап, 1945 жылғы 4 апрельде Венгрияға бостандық әперді.

Венгер Коммунистік партиясы басқыншыларға қарсы соғыс кезінде-ақ Венгер Майданын нығайтуға күш салды. 1944 жылы 2 декабрьде Венгрияның Ұлттық Тәуелсіздік Майданы (ВҰТМ) құрылды, оған жоғарыда аталған үш партиядан басқа шаруалардың ұлттық партиясы мен азаматтық-демократиялық партиясы, кәсіподақтар кірді. ВҰТМ программасында коммунистердің басты талаптары қабылданды. Бұл үлкен саяси одақ барлық антифашистік демократияшыл күштерді империалистік реакцияға қарсы, ұлттық тәуелсіздік күреске, халық шаруашылығын қалпына келтіру күресіне жұмылдыру үшін қажет болды. Тәуелсіздік Майданының құрамындағы партиялар жергілікті өкімет органдарын — Ұлттық Комитеттер құрды. Ұлттық Комитеттер Уақытша Ұлттық Жиналысқа 230 депутат сайлады. Депутаттардың 72-сі коммунист болды. Ұлттық Жиналыс жаңа Венгрияның алғашқы Заң шығарушы органы ретінде халықтық-демократиялық мемлекеттің негізін қалады, Уақытша үкімет тағайындады.

Венгриядағы халықтық демократия алғашқы кезеңнен бастап-ақ пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы болып дамыды.

Халық өкіметі өз қызметін өте ауыр жағдайда бастады. Елдің экономикасы күйзеліске ұшыраған еді. Өнеркәсіп орындары мен шахталардың 30 проценті қирап, бүлініп қалған-ды. Фашистер соғыста жеңіліп, қашқан кезде Венгриядан 60 мың автомашинаны (сол кездегі автопарктің 86 проценті), 2 500 паровозды ала кетті. 3 мың километр темір жол, 1 404 көпір қиратылды. Будапештегі үйлердің 70 проценті өртеніп кетті. Соғыста Венгрияның ұлттық мүлкінің 45 проценті жо-

йылды, оны ақшаға шаққанда 300 миллиард форинттен асты. Бұл Венгрияның бесжылдық ұлттық табысынан көп!

Осындай қиыншылықтарға қарамастан Уақытша үкімет мемлекеттік тәртіпті, қоғамдық саяси өмірді демократияландыру, саяси реакцияны жою, жер реформасын жүргізу, халық шаруашылығын қалпына келтіру, монархияны жою шараларын іске асыруға кірісті.

Уақытша үкімет ең реакцияшыл саяси топты — ірі жер иелерінің экономикалық үстемдігін жою, шаруалардың тілегін орындау мақсатымен 1945 жылы март айында жер реформасы туралы Декрет жариялады. Реформаны жүзеге асыру нәтижесінде 5,6 миллион хольд¹ жер ұлт меншігіне айналдырылды; оның 2 миллионы 642 мың шаруа мен батракқа берілді.

Коммунистік партияның басшылығымен еңбекші бұқараның саяси белсенділігі артып, солшыл блок қалыптасты. Бұл блок кейін Халық Майданы болып бірікті. Солшыл блокке сүйенген Компартия халықтық-демократияны нығайту жолында 1946 — 1947 жылдардың өзінде ақ едәуір табысқа жетті. Монархия жойылып, оның орнына республика жарияланды, шахталар мен электр станциялары мемлекет меншігіне алынды, ақша реформасы жүргізілді; бұлардың бәрі еңбекші бұқараның мүддесіне толық сай келді. Ақша реформасы халықтық-демократия тәртібінің экономика-финанс жағдайын нығайтты.

1946 жылы күзде еңбекші бұқара өнеркәсіп бұйымдарының бағасын 25 процентке төмендетуді, химия өнеркәсібін ұлт меншігіне айналдыруды, банкке мемлекеттік бақылау орнатуды талап етті. Жұмысшылар мен шаруалардың экономикалық және саяси ролі артты. Мұның бәрі буржуазияның шамына тиді. Олар да қол қусырып қарап отырған жоқ, зұлымдық әрекеттерін күшейте түсті. Бірақ олардың шиі шығып қалды. 1946 жылғы декабрьде мемлекеттік төңкеріс әзірлеген халық мүддесіне қас топтар әшкереленді.

Осындай жағдайда солшыл блоктан (коммунистерден, социал-демократтардан, шаруалардың ұлттық партиясы өкілдерінен) жаңа үкімет құрылды. Сонан кейін ғана демократиялық өзгерістер қарқынды жүргізілді.

Солшыл үкімет 1947 жылғы август айынан бастап халық шаруашылығын қалпына келтірудің үш жылдық жоспарын іске асыра бастады. Осы кезде халықтық-демократиялық революцияның бірінші кезеңі аяқталып, екінші кезеңі басталды, яғни Венгрияда пролетариат диктатурасы орнады.

1947 — 1948 жылдары ірі банктер мен өнеркәсіп орындары мемлекет қарамағына алынды. Соның нәтижесінде барлық жұмысшылардың 86 проценті буржуазияның қанауынан құтқарылды, өндірістегі жұмыс халық мүддесі үшін істелетін болды.

Венгер Халық Республикасының алғашқы үшжылдық мемлекеттік жоспары (1947 — 1949 ж.) еңбекшілердің сарқылмас жігері мен қажырлы еңбегі, СССР-дің туыскандық мол көмегі арқасында екі жыл бес айда орындалды.

Венгер Еңбекшілер партиясының басшылығымен (1948 жылы 12 июньде Компартия мен социал-демократиялық партияның бірігу съезінде құрылған) халықтық-демократиялық мемлекеттің конституциясы әзірленді. 1949 жылы августа Венгер Халық Республикасы және оның конституциясы жарияланды. Жаңа конституция бойынша өткізілген Советтердің сайлауында жұмысшылар мен шаруалардың саяси одағы — Халық Майданы 97,8 процент дауыс алып, үлкен жеңіске ие болды. Сайлау нәтижесінде 3 200 жергілікті совет құрылды, бұл халық мемлекетін нығайта түсті.

¹ 1 хольд — 0,57 га.

1950 — 1954 жылдары республика еңбекшілері бірінші бесжылдық жоспарды орындап шықты. Бес жыл ішінде өнеркәсіп өнімі 1938 жылы дәрежемен салыстырғанда 3 есе өсті. Венгрияда машина жасау, химия, металлургия өнеркәсібі, ауыр индустрияның басқа да салалары үздік өркендеді. Өнеркәсіп, экскаватор, автомобиль, комбайн, тағы басқа түрлі күрделі машиналар жасауды меңгерді.

Венгрияның ауыл шаруашылығы да едәуір табысқа жетті. Бірінші бесжылдықта социалистік сектор барлық егістік жердің 30 процентіне ие болды. Сонымен бірге мәдениет саласындағы жетістіктер де ойдағыдай болды. Бүкіл Венгрияда сауатсыздық жойылды, оқу жасындағы балалар түгел мектепке тартылды. Көптеген кітапхана, кинотеатр, өзге де мәдениет орындары ашылды.

Алайда социалистік құрылыс міндеттерін шешу үстінде Венгрияның мемлекет және партия басшылары жалпы саяси мәселелерде де, экономикалық саясат пен мәдени құрылыс саласында да өрескел қателік жіберді. Шаруашылық жоспарларын жасаған кезде Венгрияның нақты жағдайы, ерекшелігі ескерілмеді. Елді шамадан тыс жедел қарқынмен индустрияландыру саясаты халық шаруашылығында сәйкессіздік туғызды. Ауыл шаруашылығын дамытуға, халық көп тұтынатын бұйымдар өндіруге нұқсан келсе де қаражаттың едәуір бөлегі ауыр өнеркәсіпті шамадан тыс дамытуға жұмсалды. Бұл Венгрия сияқты шағын елдің күші жетпейтін өте көлемді шара еді. Оның үстіне ірі кәсіпорындарға қажетті шикізат кеміс болатын. Экономикалық негізге сүйенбеген бұл саясат халықтың тұрмысын тез көтеруге бөгет жасады.

Партия мен үкімет басшыларының бұл қателігін халықаралық реакциядан нұсқау, жәрдем алған қас жаулар пайдалана қойды. Караниет күштер алғашқыда «ұлттық коммунизм» деген марксизм-ленинизмге, пролетарлық интернационализмге жат ұранды бетке ұстады. Социализмге қарсы бұл опасыздарға Венгриядағы ревизионистер сөзімен де, ісімен де көмектесті. Имре Надь, Лошонци, сол сықылды басқа да ревизионистер «ұлттық коммунизмнің» жалған ұранына көптеген жұмысшылар мен шаруаларды шырмалтты.

1956 жылғы 23 октябрьден 3 ноябрьге дейінгі уақыт ішінде Венгрияда социализмге қарсы топтар контрреволюциялық төңкеріс жасауға әрекеттенді. Бұған ревизионистерден, контрреволюционерлерден тыс Батыс Германиядан, Австриядан жедел әкелінген фашистер, абақтыдан әдейі босатылған 15 мыңдай бұзақылар, басқа да әртүрлі сатқындар қатыстырылды. Қарапайым халыққа қаны қас азғындар коммунистерді, ілгері ниетті адал азаматтарды ұрып-соғып, өлтіре бастады.

Бүкіл венгер халқының социализм жолындағы жеңісіне үлкен қауіп төнді. Осындай сын сағатта венгер халқының адал ұлдары коммунист Янош Кадар, Ференц Мюнних және басқалары Венгер Революциялық Жұмысшы-Шаруа үкіметін құрды. Үкімет қантөгіс қырғынды тоқтатып, қанқұмар фашистерге тойтарыс беру үшін Совет Одағынан көмек сұрады. Социалистік елдер халықтарының жеңісін қорғау мақсатымен, Варшава договорына сәйкес Венгрияда тұрған совет әскер бөлімдерінің көмегімен республиканың еңбекші бұқарасы опасыздар мен фашистердің зұлымдық көтерілісіне қирата соққы берді. Сөйтіп елде заңды тәртіп орнады.

Революциялық халық үкіметінің өткендегі қателіктер мен кемшіліктерді түзеуге бағытталған программасын халық, ілгері ниетті барлық адамдар қызу қуаттады. Елдің экономикалық өмірі бірте-бірте қалпына келе бастады. Халық өкіметінің органдары қалалар мен селоларды қалпына келтіру, құрылыс жұмыстарын ұйымдастырды. Өйткені фашистік бүлікшілер елге орасан көп зиян келтірді: барлық шығын ақшаға шаққанда 22 миллиард форинт болды. Венгрия экономикалық жағынан күйрей жаздады, оған инфляция — ақшаның құнсыздануы

қауі төнді. Міне осындай ауыр жағдайда Совет Одағы, Қытай Халық Республикасы, Чехословакия, Герман Демократиялық Республикасы, өзге де социалистік мемлекеттер Венгрияға азық-түлік, дәрі-дәрмек, құрылыс материалдарын және басқаларын беріп, экономикалық көмек көрсетті. Бұл социалистік елдердің, олардың халықтарының ауыз бірлігі берік, ынтымағы күшті, интернационалдық бауырлас екенінің, халықтық-демократиялық, социалистік құрылыстың өміршең екенінің тағы бір дәлелі болды.

Венгер еңбекшілерінің қажымас еңбегі, социализм елдерінің қалтқысыз жәрдемі арқасында Венгер Халық Республикасы экономикалық қиыншылықтан тез құтылды. Халық шаруашылығы өрге баса бастады.

Венгриядағы аласапыраннан кейін Венгер Еңбекшілер партиясы қайта құрылып, Венгер Социалистік жұмысшы партиясы деп аталды. Партияның басшылығымен халық шаруашылығын өркендету, еңбекшілердің әл-ауқатын жақсарту жөнінде ересен жұмыс жүргізіліп келеді. 1958 жылы июнь айында Венгрияның Мемлекеттік Жиналысы халық шаруашылығын өркендетудің үшжылдық (1958 — 1960 жылдар) жоспарын қабылдады.

Үшжылдық жоспардың бірінші жылының тапсырмасы шаруашылықтың барлық саласы жөнінен ойдағыдай орындалды. Ұлттық табыс 28 процент көбейді.

Венгер еңбекшілері 1959 жылы да едәуір табысқа жетті. Жалпы өнеркәсіп өнімі 1958 жылғыдан 5 процент артты, химия өнеркәсібі өнімді—7 процент, машина жасау өнеркәсібі—11 процент артық шығарды.

Ауыл шаруашылығындағы жетістіктер де қуанарлық болды. Әсіресе ауыл шаруашылығында істейтін машиналардың, тракторлардың, комбайндардың саны көбейді. Мысалы, 1959 жылы Венгрияда тракторлардың саны 33 мыңға жетті. Кооперативтік қозғалыс күшейіп, социалистік сектор нығайды. 1959 жылдың тек алғашқы бірнеше айында ауылшаруашылық кооперативтеріне 100 мыңнан астам семья мүше болып кірді. Кооперативтер иемденіп отырған егістік жердің көлемі бұрнағы жылғы 15 проценттен 36,3 процентке дейін өсті. Кооперативтік қозғалыстың өсуі жұмысшылар мен шаруалардың одағын нығайтты.

Еңбекшілердің тұрмыс халі жақсара түсті. Жұмысшылардың нақты жалақысы 1949 жылдан бері 60 процент, шаруалардың нақты табысы 30 процент артты. Тек өткен жылы мұғалімдердің жалақысы 220 миллион, пенсия 680 миллион форинт көбейді.

1959 жылдың аяқ шенінде Венгер Социалистік жұмысшы партиясының VII съезі болып өтті. Съезд Венгрияның 15 жыл ішінде қол жеткен табыстарының қорытындысын шығарып, 1961 — 1965 жылдарда халық шаруашылығын өркендетудің болашақ жоспарын белгіледі. Екінші бесжылдық жоспардың негізгі мақсаты, — делінген съездің қаулысында, — социализмнің негізін құруды аяқтау және социалистік құрылысты жеделдету. Екінші бесжылдық кезінде Венгрияда жалпы өнеркәсіп өнімі 65 — 70 процент, ауыл шаруашылығы өнімі 30—32 процент, еңбек өнімділігі 37—40 процент, ұлттық табыс 50 процент өседі. Қысқа мерзім ішінде 1 миллион тұрғын үй салынады, т. б.

Венгрияның бейнетқор, ержүрек халқы екінші бесжылдық жоспардың тапсырмаларын да ойдағыдай орындап шығатыны сөзсіз. Өйткені социализм құрылысында ол жалғыз емес. Венгер Халық Республикасының Совет Одағы, Қытай Халық Республикасы, тағы басқа социалистік елдер сияқты сенімді де дос одақтастары бар.

Маркстік-лениндік идеямен қаруланған Венгер Социалистік жұмысшы партиясының басшылығымен венгер халқы өз елінде социалистік қоғам орнатып, жарқын болашақ — коммунизмге жақындай түседі.

Хат және корреспонденция

Ауыл-селода дәрігерлік қызмет күшейтілсін

Біздің елде халықтың денсаулығын жақсарту ісіне күнделікті көңіл бөлініп отырады. Коммунистік партия мен Совет үкіметі еңбекшілерге дәрігерлік көмек көрсетуден қаржы аяған емес. Елімізде болған зор әлеуметтік өзгерістер, сол сияқты халықтың материалдық әл-ауқаты мен мәдениетінің өсуі тамаша жемісін берді. Совет өкіметі жылдарында еңбекшілердің ауру-сырқауы азайды, жалпы өлім-жітім төрт еседен аса кеміді. Мұның өзі советтік қоғамдық құрылыстың зор артықшылығын дәлелдейді.

Совет Одағында экономика, ғылым мен техника, мәдениет адамға қызмет етеді. Бізде халыққа дәрігерлік көмек тегін көрсетіледі. Отанымыздың түкпір-түкпірінде медицина мекемелерінің саны жылдан жылға көбейіп келеді. Үстіміздегі жетіжылдықта ауруханалар мен поликлиникалар жүйесі едәуір артады. Оларда қыруар дәрігерлер, фельдшерлер істейді. Дәрігерлердің көптігі жағынан Совет Одағы дүние жүзінде бірінші орын алады.

Жақында КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі «СССР халқына медициналық қызмет етуді онан әрі жақсарту және халықтың денсаулығын сақтау шаралары туралы» қаулы қабылдады. Бұл қаулыда халыққа медициналық қызмет көрсету ісінде қол жеткен табыстармен қатар, елеулі кемшіліктер бар делінген. Ауыл-селолық жерлерде, әсіресе тың игерген аудандарда халыққа дәрігерлік көмек берудің жайы мәз емес. Кейбір жергілікті партия, совет, кәсіподақ ұйымдары бұл мәселеге баса назар аудармай отыр.

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің осы қаулысы біздерге, медицина қызметкерлеріне, сол сияқты жергілікті партия, совет ұйымдарына үлкен міндет жүктейді. Ол міндет — колхоз, совхоз даласының еңбеккерлеріне, қалалар мен ауыл-селолардың халқына дәрігерлік қызмет көрсету ісін барынша жетілдіру, яғни ауыл-селоға жетілген, маманданған дәрігерлік көмекті жақындату. Қазіргі уақытта Алматы облысында емдеу-профилактикалық, санитарлық және балалар мекемелерінің саны бұрынғыдан әлдеқайда көбейіп отыр. Облыстың ауыл-селоларында осындай 800-ден аса мекеме жұмыс істейді. Олардың ішінде екі балалар санаторийі, 494 фельдшер-акушерлік емдеу пункті, 109 тұрақты балалар яслиі, 76 әйелдер босанатын үйі, 11 арнаулы диспансер бар.

Өткен екі жылда 13 аурухана пайдалануға берілді, колхоздарда 9 аурухана салынды. Ауыл-село медицина мекемелері ең жаңа медицина аппаратурасымен, лабораториялық жабдықтармен қамтамасыз етіліп келеді. Облыстағы екі медицина училищесі фельдшерлер мен акушеркалар, медицина сестраларын даярлайды. Медицина-санитариялық мекемелерде бес мыңға жуық кадр қызмет істейді, олардың 800-ден астамы дәрігер.

Тек 1958—1959 жылдардың өзінде ғана ауыл-селолық жерлерге 1211 медицина қызметкері жіберілді, олардың 315-сі дәрігер. Аудандық, қалалық және ірі учаскелік ауруханаларда арнаулы маман дәрі-

герлердің көмегі ұйымдастырылуда. Бұларда негізгі мамандықтың дәрігерлері — терапевтер, хирургтар, педиатрлер, акушер-гинекологтар, санитарлық дәрігерлер жемісті қызмет атқаруда.

Міне, мұның бәрі денсаулық сақтау ісін жақсартуға, ауру-сырқауды азайтуға қолайлы жағдай жасады.

Өздерінің жемісті, қажырлы еңбегімен жұртшылықтың сүйіспеншілігіне бөленген ауыл-село дәрігерлері, фельдшерлері, акушеркалары мен сестралары көп. Ал, шынында дәрігер мамандығы — жауапты да, қуанышы мен қиыншылығы мол мамандық. Дәрігер қай уақытта болсын науқас адамға көмекке келуі керек, ол науқас адамды жазып шығарып, белсене еңбек етуге, өмір қуанышына оралтуы керек. Бұл мамандық енжарлыққа, салдыр-салақтыққа, ықылассыздыққа төзбейді. Бізде дәрігерлердің басым көпшілігі өз ісіне шын берілген және оны сүйіп атқаратын адамдар. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі дәрігерлердің қажырлы еңбегін көрсетумен бірге, олар келешекте де өзінің бар күш-жігерін коммунизм құрылысшыларының денсаулығын қорғауға жұмсайды деп үлкен сенім білдірді.

Соңғы бес жыл ішінде ғана облысымыздың 13 дәрігеріне республиканың еңбек сіңірген дәрігері деген құрметті атақ берілді. Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі 300 адамды денсаулық сақтау ісінің үздігі деген значекпен наградтады. Көптеген медицина қызметкерлері, оның ішінде дәрігерлеріміз емдеу-профилактика қызметімен қоса үлкев қоғам жұмыстарын атқарады. Біздің облыстан 118 медицина қызметкері — еңбекшілер депутаттары жергілікті советтерінің депутаттары.

Балалар дәрігері Е. Е. Моисеева Алматы облысының медицина мекемелерінде жиырма үш жылдан артық жұмыс істейді. Елизавета Ефимовна Моисееваны қызметтес жолдастары да, балалар да, ата-аналар да жақсы көреді. Өйткені ол кішіпейіл, өзінің мамандығына жетік, ісіне ұқыпты, ұйымдастыру қабілеті күшті. Елизавета Ефимовна ауырған балаларға қамқорлықпен, ерекше жылылық сезіммен дәрігерлік көмек көрсетеді, оларды емдеп, сауықтырудан білімін де, тәжірибесін де аямайды. Елизавета Моисеева қай жерде істемесін, коллективтің қоғам жұмысына белсене қатысады. Ол көп жыл бойы бастауыш партия ұйымының секретары болды. Еңбекшілердің денсаулығын қорғауда мінсіз қызмет еткені үшін Е. Е. Моисеева жолдасқа Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген дәрігері» деген құрметті атақ берді.

Осы сияқты Жамбыл ауданы, Жанкелдин атындағы колхоздың фельдшер пунктінін менгерушісі Үсенова Қапия да өзінің үлгілі ісімен колхозшылар арасында беделді. Акушерка Қ. Үсенованы дүниеге келген екі мың жас сәбидің ата-аналары құрмет тұтып, аузынан тастамайтыны осыдан. Облысымызда мұндай медицина қызметкерлері көптеп табылады.

Бірсыпыра ауруханалардың жұмысы жақсы. Д. Сұлтанов жолдас бас дәрігер болып істейтін Жамбыл аудандық ауруханасы, республикамыздың еңбек сіңірген дәрігері, медицина ғылымының кандидаты С. Табынбаев жолдас бас дәрігер болып істейтін Панфилов қаласының ауруханасы, Шелек темекі совхозының, Айдарлы мал жайылымының ауруханалары еңбекшілердің денсаулығына әрдайым қамқорлық жасайды, сырқат адамдардың үйіне келіп, дәрігерлік жәрдем көрсетеді, профилактикалық (аурулардың алдын алу, түсінік) жұмыстарын жүргізеді.

Қаратал аудандық ауруханасында (бас дәрігері М. М. Цай жолдас) 18 дәрігер бар. Поликлиника бөлімшесінде ауруларды терапевт, хирург, акушер-гинеколог, көз, тіс дәрігерлері қабылдап отырады. Бұл аурухананың коллективі халық арасындағы профилактикалық жұмыспен адамдардың денсаулығын тексеріп тұруға баса көңіл бөліп келеді. Сонымен бірге аурухананың дәрігерлері малшыларға дәрігерлік көмек

беру үшін мал отары учаскелеріне жиі-жиі шығады. Өткен жылы бұл аурухананың хирургі, терапевті, балалар ауруларын емдейтін дәрігері бірнеше рет мал отары учаскесіне барып, ауруларды емдеді, шопандар мен жылқышылар, бақташылар арасында лекциялар оқып, тазалық сақтау, мәдениет мәселелерінен әңгімелер өткізді.

Түрген учаскелік ауруханасының (бас дәрігері В. И. Қукушкин жолдас) коллективі он бес мыңдай адамды қамтиды. Селолық Советтің, колхоз басқармасының көмегімен, колхозшылардың қолға алуымен ауруханаға жаңадан жақсы үй салынды. Бұл аурухананың дәрігерлері, фельдшерлері өткен жылы еңбекшілерге жүзден аса лекция оқып, көптеген әңгіме өткізді.

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі өзінің қаулысында денсаулық сақтау ісін онан әрі жақсартудың, медицина мекемелерінің жүйесін көбейте берудің маңызды шараларын да белгіледі. Үстіміздегі жетіжылдықта жаңадан көптеген аурухана салынумен бірге, олар жаңа аппаратурамен мол жабдықталуға тиіс.

Жасыратыны жоқ, біздегі аудандық ауруханалардың біразы тар. Халыққа медициналық көмекті күшейту үшін аудандық, ауыл-селолық ауруханаларды үлгі-жобамен салып, олардағы төсек санын 100—200-ге жеткізу керек. Жетіжылдықтың аяғында Еңбекшіқазақ, Іле, Ұйғыр, Балқаш, Талдықорған, Нарынқол аудандарында аудандық ауруханалардың үлгі-жобалы үйлері салынып бітуге тиіс.

Соңғы кезде облыстың бірсыпыра алдыңғы қатарлы колхоздары өз күшімен және өз қаражатымен медицина мекемелерін, сондай-ақ балалар мекемелерін салып алды. Мысалы, Киров ауданының Аманкелді атындағы колхозы, Ұйғыр ауданының «Октябрь» колхозы, Талдықорған ауданының Фурманов атындағы колхозы, Қапал ауданының Калинин және Сталин атындағы колхоздары тағы басқалары өз күштерімен аурухана салды. Мұндай игілікті бастаманы келешекте де қостап отыру керек және қаржымен, материалмен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз ету керек.

Біздің алдымызда тұрған негізгі мәселенің бірі — медицина мекемелерінің жүйесін онан әрі дамыту. Бұл мекемелердің саны облысымызда едәуір өскенін жоғарыда айттық. Бірақ соған қарамастан, жұртшылықты ауруханадағы орындармен қамтамасыз ету мардымсыз. Панфилов, Андреев, Шелек, Ұйғыр аудандарында науқастарға төсек саны нормаға сай. Ал қалған аудандарда істің жайы мәз емес. Облыстық аурухана да тар. Басты кемшілік—медицина мекемелерінің күрделі құрылыстары өте шабан жүргізіледі, оның үстіне тым шағын. Мұның себебі, Қазақ ССР Жоспарлау комиссиясы халық шаруашылығында белгіленген, медицина мекемелерінің құрылыстарын жеткілікті түрде қаржыландырып отырмайды. Мәселен, республика Жоспарлау комиссиясы 1960 жылы жоспарлы құрылысқа 4 миллион 800 мың сом белгіледі. Ал керегі — 10 миллион сом болатын. Мұның өзі Бақанас, Шонша, Түрген, Қаскелен селолары сияқты жерлерде аурухана құрылысын тоқтатып қоюға мәжбүр етеді. Кейбір объектілер талай жылдан бері салынып, бірақ бітпей келеді. Бұл жөнінде облыстық ұйымдар Жоспарлау комиссиясы мен Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігінің алдына әлденеше рет мәселе қойды, бірақ ол аяқсыз қалып келеді.

Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Алматы Халық шаруашылығы советі совхоздарда ауруханалар салуға тиісінше көңіл бөлмей отырғанын қынжыла айту керек. Ауыл шаруашылығы министрлігіне қарасты 42 совхоздың тек алтауында, Алматы Халық шаруашылығы Советіне қарасты 12 совхоздың тек бесеуінде ғана жақсы аурухана бар.

Кейбір колхоздар медицина және балалар мекемелерін салуға мән бермейді. Тіпті Іле ауданының Мичурин, Калинин атындағы, «Луч Востока», Қаскелен ауданының «Дружба», «40 лет Октября», Чапаев атын-

дағы колхоздары сияқты ірі шаруашылықтардың өзінде колхозаралық ауруханалар салу ойластырылған жоқ. Колхоздарда, әсіресе әйелдер босанатын үйлер салу ісі нашар. Соның салдарынан көптеген әйелдердің үйде босануы — мүлдем төзгісіз жағдай.

Расын айту керек, біздің облыста кейбір жетістіктерге қарамастан, денсаулық сақтау орындарының жұмысында елеулі кемшіліктер бар. Көптеген медицина мекемелерінде халыққа дәрігерлік қызмет көрсету ісі қанағаттанғысыз. Жеке дәрігерлер, фельдшерлер өз міндетін нашар атқарады, ауруларға салғырт қарайды. Бірқатар жергілікті партия, совет ұйымдары халыққа дәрігерлік қызмет көрсетудегі сорақы кемшіліктерге төзіп отыра береді, шұғыл шаралар қолданбайды.

Мысалға Андреев ауданын алайық. Бұл ауданда еңбекшілерге дәрігерлік қызмет көрсетуде едәуір кемшіліктер орын алды. Жеке медицина мекемелері мен дәрігерлер, фельдшерлер науқас адамдарға уақытылы жәрдем көрсетпейді, адамдардың науқасқа шалдығуын нашар зерттейді. Халық арасында профилактикалық жұмысқа жеткілікті мән берілмеген. Андреев ауданының бірқатар елді мекендерінде монша жоқ. Аудандық партия комитеті мен аудандық Совет атқару комитеті еңбекшілердің денсаулығын сақтау ісіндегі осындай кемшіліктерді көріп, біліп отырып, жеткілікті бақылау жасамаған. Өткен жылы аудандық Совет атқару комитеті, ауылдық, селолық советтер денсаулық сақтау жайын бірде-бір рет өздерінің мәжілістерінде қарамаған.

Жақында Еңбекшіқазақ ауданының медицина мекемелерінің қызметі тексерілді. Тексерудің қорытындысы жеке ауруханалардың, фельдшерлік пункттердің жұмысы кәзіргі талапқа сай емес екенін анықтады. Тіпті, Есік селосындағы аурухана көбіне санитариялық талаптарға жауап бермейді. Аурухананың амбулаториясында науқас адамдар дәрігерлерді күтіп бірнеше сағат аяғынан тік тұрады, өйткені отыратын орындық жоқ. Балтабай фельдшерлік пункті үйінің тозығы жеткен, ескі, оның үстіне қысты күні от жағылмайды. Сол сияқты осы ауданның «ХХ партсъезд» колхозындағы фельдшерлік пункт қыс бойы жұмыс істемей, жабық тұрды. Көптеген фельдшерлік пункттерде төсек-орын, жабдықтар жетіспейді.

Тағы бір елеулі кемшілік деп атайтынымыз, кейбір дәрігерлер өз борышын, жауапкершілігін сезінбейді. Еңбекшіқазақ ауданының Евгенийев учаскелік ауруханасының дәрігері Попова ауру адамдарды қабылдауды фельдшерге тапсыра салатын болған, ол сонымен бірге ауыр науқастарды үйіне барып емдемеген, профилактикалық жұмыс жүргізбеген. Қаскелең ауданының Фрунзе дәрігерлік учаскесінде дәрігер Жүнісова да өз міндетін салақ атқарады.

Біздің облыста мал отары учаскелеріндегі колхозшыларға дәрігерлік көмектің нашар болып отырғанын көрсеткен жөн. Мал отары учаскелерінің біразында фельдшерлік пункт жоқ, не олардың жұмысы қанағаттандырмайды, не оларда дәрі-дәрмек жеткіліксіз.

Еңбекшілердің денсаулығын қорғауда қалалар мен селоларды, кәсіпорындар мен мекемелерді таза ұстаудың, көріктендірудің маңызы күшті. Соңғы жылдары облыста 42 су құбыры орнатылды, олардың көпшілігі — совхоздар мен колхоздарда. Алайда, елді мекендерді таза ұстауда, сумен жабдықтауда, кәсіпорындар мен мекемелерде тұрмыс жағдайларын жақсартуда істейтін жұмысымыз көп. Тазалық сақтау органдарының талай рет ескерткеніне қарамастан, кейбір кәсіпорындарда, атап айтқанда Текелі қорғасын-мырыш комбинатында, Алматы, Талдықорған, Қарабұлақ қант заводтары мен Талғар спирт заводында қоқысқалдықтарды ашық су көздеріне тастау сияқты ұнамсыз фактілер бар.

Ауыл-селолық жерлерде моншалар жеткіліксіз. Мысалы, облыстың жүзден аса елді мекенінде қоғамдық монша жоқ. Ауыл-селоларда мон-

ша салу, әсіресе Іле, Қаскелең, Қаратал, Жамбыл аудандарында мардымсыз.

Алматы облысында медицина мекемелерін дәрігерлермен толықтырып, оларды тұрақтандыру жайы да көңілдегідей емес. 34 учаскелік ауруханада бірде-бір дәрігер жоқ. Медицина қызметкерлерінің едәуір бөлегі барған жеріне тұрақтамай, кетіп қалып жүр. 1958—1959 жылдары Кеген, Нарынқол, Қапал аудандарынан медицина қызметкерлері көп кетіп қалды. Дәрігерлер мен фельдшерлер, әсіресе ауыл-селолық жерлерде тұрақтамайды. Біздіңше, медицина кадрларын жергілікті жердің өзінен даярлауға қам жасау керек. Ол үшін СССР Министрлер Советі ұнатқан, кей ретте өндірістік тәжірибесі бар қыздар мен жігіттерді колхоздар мен совхоздардың шарт жасасуы арқылы өздерінен стипендия төлеп тұрып, медицина институттарында оқытуы дұрыс тәрізді.

Ростов қаласының ғалым дәрігерлерінің патриоттық бастамасын Алматы медицина институтының ғалым дәрігерлері қызу қолдады, сөйтіп жұмыстан тыс уақытта поликлиникаларға, амбулаторияларға, медпункттерге барып, науқастарды тегін қарап, емдей бастады. Бұл—сөзсіз қолдарлық игі бастама.

Таяуда болып өткен Алматы облыстық партия конференциясы емдеу орындарының, оның ішінде облыстық денсаулық сақтау бөлімінің жұмысындағы кемшіліктерді орынды сынады. Бұл сыннан дереу қорытынды шығарып, КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «СССР халқына медициналық қызмет етуді онан әрі жақсарту және халықтың денсаулығын сақтау шаралары туралы» қаулысында алға қойылған талаптар дәрежесінде болу — біздің ардақты міндетіміз.

Ф. ҒҰМАРОВА,

Алматы облыстық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі.

Іркілуді білмейтін өрендер

Жетіжылдық жоспарға орай колхоз өз жоспарын жасаған кезде партия ұйымы басқармамен бірлесе отырып, бұдан былай колхоз шаруашылығын көтерудің нақты шараларын белгіледі. Ең алдымен шаруашылықтың негізгі буындарына коммунистер мен комсомолецтер жіберілді. Мұның нәтижесінде партия ұйымы есебінде тұратын 62 коммунистің 46-ы мал отарлары мен егіс бригадаларында жұмыс істейтін болды. Сондай-ақ, малға баруға 31 комсомол мүшесі өздерінің тілегін білдірді.

Партия ұйымы коммунистерді еңбек үлгісін көрсетуге, жаңаның жаныашыр қостаушысы болуға шақырды. Колхоз партбюросы өзі бас болып өнегелі істің өрнегін тартты. Бірсыпыра шаруашылық ұйымдастыру шаралары жүзеге асырылды. Бұрынғы егіс бригадасы мен трактор бригадасының орнына, бес комплексті бригада ұйымдастырылып, әр бригадирдің қарауына кіші механик бекітіліп берілді.

Партия ұйымы агротехника ережелерінің бұзылмауын, жер жырту, пар, зябь айдау, қар тоқтату сияқты жұмыстардың уақытылы, тиянақты орындалуын қадағалады. Осылар тәрізді шаралардың жүзеге асырылуы нәтижесінде өткен жылы колхоз егіннен мол өнім алды. Колхоздың 4 мың гектар егінінен орта есеппен 15 центнерден астық жиналды. Мемлекетке жоспардан тыс көп астық өткізілді. Келер жылдың сапалы тұқымы қамбаға кұйылды. Сондай-ақ 600 гектар жүгеріден де тәуір өнім жиналды.

Бұл елеулі табысқа колхозшы әйелдер де үлкен үлес қосты. Колхозшы әйелдердің көбісі өз жұмысын жақсы біледі, олар артельдің белді де белсенді мүшелері. Өткен жылы колхозымыздың жетіжылдықта асар белі мен шығар биігін әңгіме еткен партбюро мәжілісінде коммунистер: шопан Т. Сәбекова, сауыншы Ж. Байасылова, зоотехник С. И. Проскурякова, Е. Мурашева жолдастар сөйлеп, артель шаруашылығын көтерудің жолдарын, сарқа пайдалануға тиісті мүмкіндіктерді көрсеткен еді. Міне, осы жолдастар сол өздері айтқан көп мүмкіндікті жүзеге асыру жолында айрықша еңбек ете білді.

Соңғы уақытқа дейін колхоз сауыншылары өздеріне бекітілген сауын сиырлардан ең көп дегенде 1300 литрден ғана сүт сауып келген еді. Былтыр әр сиырдан 2000 литрге дейін сүт сауылды. Сүт саууды осылай күрт көтеруге сауыншы әйелдердің қосқан үлесі мол. Бұрын сүттің аз алынып келуінің бір себебі мынадай екен: сауыншылар өз ісіне ат үсті қарап келген екен. Осы жайды байқаған сауыншылардың өздері келіп, партбюроға мәселе қойды, жағдайды түзетуге көмектесті. Партия ұйымы басқармамен келісе отырып, сауыншылардың еңбекке деген ынтасын арттырудың жағдайын жасады.

КПСС Орталық Комитетінің декабрь (1959 ж.) Пленумында сөйлеген сөзінде Н. С. Хрушев жолдас партияның бұқарамен байланысын айта келіп, былай деген болатын: «Біздің күшіміздің өзі де — партияның істері бүкіл халықтың істерімен бірігіп отыратындығында, партида жоқ еңбекшілердің партия мүшелерімен тікелей, тізе қосып бірге жұмыс істейтіндігінде». Бұл сөздердің ақиқаттығын біз күнделікті тәжірибемізден көріп отырмыз.

Біздің колхозда аудан шеңберінде, қала берді облыс көлемінде өз ісінің шеберлері боп танылған көптеген еңбек озаттары бар. Мысалы, колхоздың Күнімқан Сәкуова, Нәсіпбала Жолдасбаева, Жамал Байасылова сияқты сауыншылары өткен жылы өздеріне бекітіліп берілген сауын сиырдың әрқайсысынан 3000 литрден сүт сауды. Бұзау түгел аман-өсірілді. Сондай-ақ артельдің Д. Ахметова, М. Әубәкірова, Ж. Байасылова сияқты озат сауыншылары да жақсы нәтижеге ие болды. Бұл жолдастар кәзір партияға кандидаттыққа өтті. Биыл колхоз бойынша 14 әйел партияға алынды.

«Арасан» колхозының құс өсірушісі, облыстық советтің депутаты коммунист Наталья Борисовна Дубанова жолдасты да облыс еңбекшілері жақсы біледі. Ол колхозда құс өсіруді алғаш қолға алған кісілердің бірі. Тәжірибелі құсшы былтыр әр тауықтан 92 жұмыртқадан алып, сонша балапанды шығынсыз өсірді. Біз бұдан былай да құс шаруашылығын өрістете беруді көздеп отырмыз. Сондықтан да құс өсірудің қолайлы әдісін Н. Дубанова жолдастың өзге құсшы әйелдерге де кеңінен таратуын қамтамасыз етіп отырмыз.

Таяуда колхоз бойынша құс өсіру жөнінен кеңес өткіздік. Кеңеске қатысушылар үй шаруасындағы әрбір әйелді ең кемі 50 үйректен өсіруге шақырды.

Колхоздың 270 белсенді де белді әйел мүшелері араласқан шаруашылығының қай саласын алсақ та, аршындап ілгерілеп отырғанын көріп отырмыз. Бұл бір жағынан әйел жолдастардың қолға алған ісіне мейлінше ұқыптылықпен, жауапкерлікпен қарайтынын дәлелдейді.

Өткен жылы колхоз мемлекетке сүт, жұмыртқа, ет, жүн сату жоспарын артығымен орындады. Егіннің түсімі жөнінен бірінші орынға шыққаны үшін колхозға аудандық совет атқару комитеті мен аупарткомның ауыспалы Қызыл туы тапсырылды. Астық үшін аттаныста колхоз коммунистері елеулі белсенділік көрсетті. Мысалы, колхоздың аға механиктері ағайынды Иван мен Александр Пивоваров, М. Ақашев жолдастар орақ кезінде ауыл шаруашылығы машиналарының тоқтап қалмауын қамтамасыз етті. Коммунист комбайншылар В. Шку-

нов, Н. Пивоваровтармен бірге колхоздың таңдаулы комбайншысы Евгения Пивоварова жолдас та ерекше еңбек етті. Олардың әрқайсысы 500 гектар жердің егінін орып, 7 мың центнерден астық бастырды. Сондай-ақ, еңбекке деген коммунистік көзқарастың үлгісін тракторшылар А. Досмұратов, шоферлер С. Қалиасқаров, А. Сәдуақасовтар көрсете білді. Олар өздерінің күндік нормаларын үнемі 150—200 проценттен асыра орындап отырды.

КПСС Орталық Комитетінің «Партия насихатының кәзіргі жағдайдағы міндеттері туралы» қаулысында «Әйелдерге идеялық тәрбие беру ауызша және баспасөздік насихаттың барлық түрлерінде көрнекті орын алып, айқын бейнеленіп отыруға тиіс. Әйелдерге арналған лекцияларды, әңгімелерді және басқа шараларды, олардың кәсіптік қызметін және жұмысын бұрын есепке ала отырып, жиі-жиі және неғұрлым жоғары дәрежеде өткізу керек» деп көрсетілді. Міне, осы мақсатты орындау үшін үгіт жұмысына әйел жолдастардың өзін тарту барынша пайдалы.

Біздің тәжірибемізде осылай болып та отыр. Колхоз үгітшілері үгіт-насихат жұмысын колхоз өмірімен, алда тұрған міндеттермен байланыстыра жүргізуде. Әсіресе, өз ісіне аса ұқыпты Зібила Сейсекбаева, Бижамал Кәріпжанова, Наталья Дубанова, С. Хамнюк, В. Рудакова, К. Саурықова, М. Ахметова сияқты ондаған үгітшілердің жұмысын атап өтуге болады. Олар колхозшыларға дүние жүзінің, еліміздің ішкі және сыртқы жағдайлары жайлы хабарларды уақтылы жеткізіп, түсіндіріп отырады. Партбюро колхозшылар арасында саяси баяндама, лекция, әңгіме өткізуге басқарма мүшелерін де, ауыл интеллигенттерін де кеңінен қатыстырып келеді. Мысалы, өткен жылы колхоз председателі Бектемісов, ауылдық совет председателі Нұрбәпе Айтуғанова, зоотехниктер Проскурякова, Тазабеков жолдастар осындай бірнеше баяндама жасады.

Колхоз үгітшілері озаттар тәжірибесі мен жаңалықтарды да таратушы болып отыр. Бұл үшін олар көбінесе ауызша үгітпен қоса, колхоз радиосын, сәулелі газетті пайдалануда. Колхозда жалқауларды, еңбекке ат үсті қарайтын бойкүйездерді сынға алатын «Крокодил» атты сықақ газеті шығарылады.

Кәзір колхозда көктемгі егіске әзірлік, мал төлдету сықылды науқандар ойдағыдай өтіп жатыр. Артельдің озат сақманшысы Сара Байахметова жолдас жас төлдерді жақсы күту ісінде көзге түсуде. Сондай-ақ Гүлғайша Сейдахметова, Бәну Доспанова сияқты жолдастар көң тасу, төгу, қар тоқтату жұмыстарын ойдағыдай орындап шықты.

Кәзір колхоздың көктемгі егіске қажетті трактор, түрлі ауыл шаруашылығы құрал-саймандары түгел жөндеуден өткізілді.

Колхоз коммунистердің, малшыларының белсенді еңбегінің арқасында мал қыстан шығынсыз шығарылды. Колхоздың 22 мың қойы, 2 мың ірі қарасы, 1 500 жылқысы мен 250 шошқасы қыстан қысылмай күйлі шықты. Февраль айында бордақылап, етке өткізген 200 ірі қараның орта салмағы 350 килограмнан болды.

Өткен жылы жоғарыдағыдай бірсыпыра шараларды жүзеге асырудың нәтижесінде біраз табысқа ие болдық. Әлі де болса партия ұйымы колхоз басқармасымен ақылдаса отырып, артель дәулетін молайтып, колхозшылар тұрмысын жақсарту үстіне жақсарту үшін бар күшін жұмсайды. КПСС Орталық Комитетінің әйелдерге арнаған үндеуі бізді жаңа табыстарға жетуге жұмылдырады.

Ш. СӘРСЕНБЕКОВА,

Қапал ауданы, «Арасан» колхозы партия ұйымының секретары, Қазақстан КП X съезінің делегаты.

Аудандық газетке 40 жыл

Аякөз аудандық «Коммунизм туы» газетінің шыға бастағанына 40 жылдан асты. Оның тұңғыш номері 1919 жылдың 5 декабрінде Семей қаласында «Қазақ тілі» деген атпен шықты. Алғашқы номерге редактор болып комиссар Мәннен Тұрғанбаев қол қойды. Ол осы газеттің редакторы болып 1925 жылға дейін істеді.

«Қазақ тілі» газетінің баспаханасы бұрынғы «Ярдам» баспаханасы негізінде ұйымдастырылды. Ол кезде баспахананың жұмысы өте ауыр еді. Баспа машинасы қолмен айналдырылып, күні бойы газеттің бір мың данасы әрең басылатын. Оның үстіне араб әрпінің негізінде құрылған қассаның өзі де өте нашар болды. Сондықтан өте шебер әріп терушілер күніне әрең дегенде 8 мың әріп теретін. Бірақ осындай қиыншылықтарға қарамастан, баспахана қызметкерлері газеттің уақытында сапалы шығуына күш салды. Сол кездегі баспахананың жұмысшылары арасында көзіргі Қарағанды облыстық «Социалистік Қарағанды» газетінің бөлім меңгерушісі Мұхсын Қордабаев, Семей облыстық № 16 баспахананың цех бастығы Насір Ишимов жолдастар болды.

РКП(б) губерниялық комитеті мен губревкомның органы болған «Қазақ тілі» газеті алғашқы номерлерінде жас совет өкіметінің қаулы-қарарларын халыққа кеңінен түсіндірді, сонымен қатар Қызыл Армияның соққысынан қашып бара жатқан ақтардың бейбіт халыққа көрсеткен жауыздық, зорлық-зомбылықтары жөнінде де үзбей жазып тұрды.

Газет өзінің 40 жылдық дәуірінде «Қазақ тілі», «Жаңа ауыл», «Жаңа өмір» және «Коммунизм туы» деген аттармен шықты. «Жаңа ауыл» газеті 1930 жылы РКП(б) өлкелік комитетінің ұйғаруы бойынша Аякөз аудандық партия комитетінің органына айналды. Сол себепті газет редакциясы 1930 жылдың август айында Аякөзге көшіп келді. Аякөз ол кезде тек темір жол бойындағы оншақты үйден құралған кішкентай станция еді. Ал кәзір өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы қатар дамыған, темір жол және тас жолдың маңызды торабындағы ірі аудан орталығы.

«Коммунизм туы» газеті совет өкіметі жылдарында социалистік құрылыс міндеттерін жүзеге асыруда партия ұйымдарына қолқанат бола білді, өзінің коллективтік үгітші, коллективтік насихатшы, сонымен бірге коллективтік ұйымдастырушы қызметіне кір келтірген жоқ.

«Коммунизм туы» 40 жыл ішінде көптеген журналистерді, ақын, жазушыларды, ғалымдарды, партия, совет қызметкерлерін тәрбиелеп шығарды. «Қазақ тілі», «Жаңа ауыл» газеттерінің беттерінде Сәбит Дөнентаевтың әлденеше өлең, мақалалары басылды, оның өзі де осы газеттерде қызмет істеді. «Қазақ тілі» газетінің бір кездегі қарапайым қызметкерлері А. Елшібеков, Д. Әбілев, С. Машақов сияқты бірнеше ақын, жазушы осы газеттен қанаттанды, олардың тұңғыш әңгіме, очерктері, өлеңдері осы газетте басылды. «Қазақ тілінің» бұрынғы белсенді қызметкері М. Ақынжанов кәзір тарих ғылымының кандидаты, Қазақтың мемлекеттік университетінің доценті.

КПСС ХХІ съезінен бергі уақытта «Коммунизм туы» газетінің редакциясы өз жұмысын съезд қойған міндеттерге сай ұйымдастырып отыр. Жетіжылдықты мерзімінен бұрын орындауға аудан еңбекшілерін жұмылдыру—газетіміздің бүгін таңдағы негізгі міндеті.

Жетіжылдықтың тұңғыш жылын аудан еңбекшілері бірқатар елеулі табыспен аяқтады. Алқабы астыққа толы Аякөз егіншілері мемлекетке 2,5 миллион пұт астық тапсырып, міндеттемесін абыроймен орындап шықты.

Біздің аудан мал шаруашылықты аудандардың бірі. Қоғамдық мал өсірудің жылдық жоспары өткен жылы ірі қарадан 108 процент, қойдан 102 процент, жылқыдан 100 процент, құстан 102 процент, шошқадан 120 процент орындалды.

Мал өнімдерін молайтуда да 1959 жылы көптеген табыстарға қол жетті. Мемлекетке жоспарда көрсетілген 47 800 центнер еттің орнына 74 812 центнер семіз ет тапсырылды. Мемлекетке тапсырылған ірі қара малдың тірідей орта салмағы 340 килограмм, қой 57 килограмм, жылқы 315 килограмм болды. Бұл міндеттемеде көрсетілгеннен едәуір жоғары.

Аудан еңбекшілерінің осындай табысқа жетуінде «Коммунизм туы» газетінің де қосқан үлесі бар. Газет бастауыш партия ұйымдарының, ауылдық, селолық Советтердің жұмыс тәжірибесін үзбей жазып, КПСС XXI съезінің қарарларын кең насихаттап келеді. Алдыңғы қатарлы егіншілер мен малшылардың тәжірибесін көпке таратуда да газеттің еңбегі бар.

Газетте үнемі «Озаттар трибунасы», «Озат тәжірибе — көпке ортақ», «Жан басына ет, сүт, май өндіруде АҚШ-ты қуып жетіп, басып озайық», «Жетіжылдықтың қадамы», «Жетіжылдықтың өрендері» деген рубрикамен жиі-жиі материалдар беріліп жүр. Жұмыстары кемшіліктерді батыл сынға алатын жұмысшы тілшілер рейд бригадасының материалдары үнемі жарияланып тұрады. Мәдениет мәселелеріне, мектеп тұрмысына ерекше көңіл бөліп келеміз. Газетте ауық-ауық фельетон басылып тұрады. Сол сияқты жергілікті жас талапкерлердің әңгіме, өлеңдері жиі жарияланады.

Газеттің бұқарамен байланысы да біршама жақсы. Қазір ауданда газетке үнемі хат-хабар, мақала жазып тұратын 150-ден аса тұрақты тілшіміз бар. Өткен жылы редакцияға екі мыңдай хат түсті. Әрбір колхоз, совхоз, мектеп, кәсіпорында тілшілер қосы ұйымдастырылды. Аудандық партия комитетінің қызметкерлері Б. Сексенбаев, Ш. Әубәкіров, Қ. Құлатов, С. Нұрғазин, Знаменко селолық Советінің председатели О. Бекбосынов, Таскескен селосындағы кітапхананың меңгерушісі Т. Әбдірабиев тағы басқалары газеттің белсенді тілшілері.

Редакция коллективі, сондай-ақ газеттің авторлары мен тілшілері кәзіргі күнде жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындауға бағытталған, республикамыздың 40 жылдығына әзірлікке арналған материалдарды үзбей жариялап отыруды өзінің негізгі міндеті санайды. Газетімізде «Советтік Отанымыз жетіжылдықта», «Республикамыз жетіжылдықта», «Республикамыздың 40 жылдығы қарсаңында», «Ауданымыз жетіжылдықта» деген рубрикалар ашылды.

Біздің ауданымыздың бейнесі жетіжылдықта мүлде өзгермек. Аудан орталығынан қуаты 12 мың киловаттық электр станциясы, тігін және тоқыма фабрикалары, кірпіш заводы, бірнеше орта мектеп, сәулетті клубтар салынып, бұрынғы жүн иіру фабрикасы мен өндіріс комбинаты кеңейтіледі.

«Коммунизм туы» газеті бұдан былай да жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы күресте Аякөз ауданы еңбекшілерінің қажырлы еңбегін, ынта-жігерін жазуда аудан партия ұйымдарына жауынгерлік көмегін көрсетіп отырады.

А. НҰРҒАЛИЕВ,

Семей облысы, Аякөз аудандық
«Коммунизм туы» газетінің редакторы.

Сын және библиография

Бейбітшілік пен достық сапарының шежіресі

Міне, екі кітаптың екеуі де оқылды, ақырғы беттері жабылды. Тағы да оқи бергің келеді, тағы да қайта-қайта оқитының рас. Кешегі тарихи сапардың, бүкіл адамзат ынтыға құлақ түріп, үміт артқан сапардың жайма-шуақ күндері көпке дейін көкейімізден кетпес. Тыныштықты, достықты тілейтін, балаларының аман-сау өсуін тілейтін, соғыс сұрапылы болмауын тілейтін әрбір адал ниетті адам бұл сапарға қуана қол соққан еді. «Қырғикабақ соғыстың» қалың мұзын еріте бастаған жылы лепті сол сентябрь күндерінің, сол ұлы сапардың жарқын шежіресі, әсерлі де мазмұнды документтері — мына екі кітап десек артық айтқандық емес.

Никита Сергеевич Хрущевтің Америка Құрама Штаттарына 1959 жылы 15—27 сентябрьде барып қайтқан сапары жайында Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы шығарған бұл екі кітапты кәзір халқымыз қызыға, құмарта оқып жатыр. Дүкендерден, киоскілерден бұл кітаптарды алушылар да, сұраушылар да көп. Өйткені қуатты Совет мемлекеті басшысының, бейбітшілік ісі үшін табанды да қажымас күрескердің Америкада болған күндері, сөйлеген сөздері бәрінен де совет адамдарына қымбат, бәрінен де соларға қадірлі.

Бірінші кітап «Бейбітшілікте және достықта өмір сүрейік» деп аталады. Онда СССР Министрлер Советінің Председателі Н. С. Хрущевтің Америка Құрама Штаттарында сөйлеген сөздері, сенаторлармен, іскер топтармен, кәсіподақ басшыларымен арадағы әңгімелері, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясында сөйлеген сөзі, жаппай және толық қарусыздану туралы Совет үкіметінің Декларациясы, Бірлескен совет-американ мазмұндамасы жарияланған. Сол сияқты бұл кітапта АҚШ президенті Эйзенхауэрдің және басқа да американ мемлекет қайраткерлерінің осы тарихи сапар кезінде сөйлеген сөздері берілген.

Екінші кітаптың аты — «Америкамен дидактасқанда». Мұны Н. С. Хрущев жолдастың қасына еріп барған он екі журналист: А. Аджубей, Н. Грибачев, Г. Жуков, Л. Ильичев, В. Лебедев, Е. Литошко, В. Матвеев, В. Орлов, П. Сатюков, О. Трояновский, А. Шевченко, Г. Шуйский жолдастар жазған. Бұл да СССР Министрлер Советі Председателінің Америкаға қалай барып қайтқаны туралы. «Америкамен дидактасқанда» деген кітапқа жұртшылық жоғары баға беруде. Ол — кәзір әдебиет пен өнер саласынан Лениндік сыйлық алуға ұсынылған таңдаулы шығармалардың бірі.

Екі кітаптың екеуінің де негізгі идеясы, өзекті арқауы — халықтар арасындағы баянды бейбітшілік пен тату достық. Тарихи сапардың да мақсаты осы еді. 1959 жылы 5 августа Москвада өткізілген пресс-конференцияда Н. С. Хрущев жолдас біз Америкаға ажжүрек, адал ниеті-

мізбен бара жатырмыз, біздің мақсатымыз «қырғикабақ соғысты» жойып, екі ел арасында достық қатынастар орнату, халықаралық бейбітшілік ісін нығайта беру деп ашып айтқан болатын. Осы сөздерді ол Америка жеріне барып түсісімен тағы да айтты. «Бейбітшілікте және достықта өмір сүрейік» деген кітапқа кірген сөздерінің бәрінде де Совет үкіметінің басшысы екі ұлы мемлекет бейбіт қатар өмір сүрсін, адам баласы қырғын соғысқа ұшырамасын, аш-жалаңаш болмай, азық-түлік, киім-кешек молшылығына кенелсін дейді.

1959 жылдың 18 сентябрі — ешуақытта ұмытылмас, естен кетпес күн. Бұл күні Никита Сергеевич Хрущев Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясында тарихи сөз сөйледі. Біріккен Ұлттар Ұйымының үйіне кіре берісте жиналған жұрт, делегаттар «О, кей, Хрущев!» — «Жақсы, Хрущев!», «Қош келдіңіз!», «Бақытты болыңыз!» деген ұрандар салып, ілтисипатты қошамет көрсетті. Оның сөзін Ассамблея делегаттары да, радио мен телевизор арқылы дүние жүзінің дүйім жұртшылығы да зор ынта қойып тыңдады. Совет журналистерінің жазуынша, Бас Ассамблеяның мәжіліс залында 2 138 орын бар екен, 18 сентябрь күні соның іші адамға лық толған. Ал Совет үкіметі басшысының сөзін тыңдаймын дегендер тіпті ең үлкен стадионға да сыймас еді.

Никита Сергеевич Бас Ассамблеяда сөйлеген сөзінде адамзаттың бүгінгі күнгі асыл арманын, ізгі тілегін білдірді. Ол — «дүниеде қару-жарак деген атымен құрыса екен, соғыс деген мәңгі-бақи болмаса екен» деген тілек еді.

«Үлкенді-кішілі барлық елдердің адамдары, өздерінде қалыптасқан қоғамдық қатынастар мен тұрмыс салтына қарамастан, үміт етіп отырған, шешуді керек ететін бір мәселе бар, ол — қарусыздану мәселесі. Адамзаттың қай бағытта дамуы — ең апатты зардаптарға әкеліп соқтыратын соғысқа қарай дамуы немесе бейбітшілік ісінің салтанат құруы көбінесе осы мәселенің дұрыс шешімін табуға байланысты болмақ. Халықтар бейбітшілікке құштар, адамдар өз тағдыры үшін үрейленбей, жаңа соғыстың от-жалынында өз жақындарынан айрылып қаламыз деп үрейленбей өмір сүруді тілеп отыр» («Бейбітшілікте және достықта өмір сүрейік» — 165-бет).

Жаппай және толық қарусыздану туралы дүние жүзінде тұңғыш рет ұсыныс, батыл қадам жасаған да, оны іс жүзіне асырып келе жатқан да — біздің Совет үкіметі. Совет үкіметінің айтатыны, алға тартатыны — бірде-бір елде әскер болмасын, соғыс министрліктері мен штабтар таратылсын, соғыс техникасы мен қару-жарактың барлық түрі, соғыс запастары мен соғыс мақсатына арналған құралдар түгел жойылсын. Ал мемлекеттер жаппай және толық қарусызданса, қару-жарактың барлық түрі құртылып, армиялар таратылса, бүкіл жер жүзінде мәңгі бейбітшілік орнатылар еді, қантөгіс, қырғын соғыс мүлдем болмас еді, халықтар өздерінің тұрмыс жағдайын жақсартуға толық мүмкіндік алар еді. Кәзір қай елді алманыз, бәрінде де қарулануға қисапсыз қаржы жұмсалады. Егер қарусыздану мәселесі ойдағыдай шешілсе, осы қаржыға қаншама тұрғын үй, мектеп, аурухана, қаншама завод, фабрика, электр станциясы, темір жол салынар еді. Міне, Совет үкіметінің ұсыныстары түптеп келгенде осыған тіреледі.

Біздің аталған кітаптардан оқитынымыз, анық білетініміз: Н. С. Хрущев жолдас Америка Құрама Штаттарының қай жеріне бармасын, Совет үкіметінің бейбітшіл сыртқы саясатын, совет халқының, бүкіл прогресшіл адамзаттың соғысқа жол бермейміз деген өр де асқақ талабын түсіндіріп отырды.

Қарусыздану — бейбітшілікті нығайтудың, халықтар арасында достықты қамтамасыз етудің ең тиімді жолы. Совет үкіметі қарусыздану турасында тек сөз жүзінде ғана айтып жүрген жоқ, ол өзінің барлық

халықтармен бейбітшілікте, достықта өмір сүретінін күнделікті ісінде дәлелдеп келеді. Биыл январь айында Москвада болып өткен СССР Жоғарғы Советінің IV сессиясы «СССР Қарулы күштерін жаңадап көп мөлшерде қысқарту туралы» Заң қабылдады. Осы Заң бойынша еліміздің Қарулы күштерінен тағы да 1 200 мың адам қысқартылды. Бұл — Совет Одағындағы барлық әскер санының үштен бірі. Бұл — нағыз гуманистік өнеге, Совет үкіметінің бейбітшілік саясатының жарқын көрінісі, халықаралық шиеленісті бәсеңдету ісіне қосылған елеулі үлес. Өзінің осы өнегесімен Совет Одағы басқа мемлекеттерге жол көрсетіп, халықтарды бейбітшілік, прогресс жолындағы күреске шақырып отыр. Сайып келгенде екі системаның бейбіт жарысындағы шешуші фактор — қарудың күші емес, қайта социалистік құрылыстың басымы артықшылығы. Индия, Бирма, Индонезия, Ауғанстан елдерін аралаған кезінде де Н. С. Хрущев жолдас қарусыздану мәселесін бүгінгі күннің басты мәселесі етіп қойды.

Н. С. Хрущевтің Америка Құрама Штаттарына барып қайтқан сапарын бүкіл әлем асқан тарихи оқиға деп бағалады. Ол туралы дүние жүзінің баспасөзінен жазбағаны жоқ, ол туралы әлі де талай жазылатыны хақ. 1959 жылғы сентябрь айының он үш күні совет баспасөзінің бетінен түспеді. Ұлы сапар бір топ жазушы мен журналистің де абзал тақырыбы болды. Олар Н. С. Хрущев жолдастың қасына ере жүріп, бүгінгі Америкадан көп нәрсені көріп, ұғып қайтты. Совет үкіметі басшысының мемлекет қайраткерлерімен, сенаторлармен, алпауыт-шонжарлармен, кәсіподақ қайраткерлерімен кездесулерінің, ресми әңгімелерінің ішінде болып, олар америкалық тұрмыс салты дейтінді зерттеді. Еліміздің көрнекті журналистері қатардағы, қарапайым адамдармен де сөйлесіп, олардың көңіл күйін, ой-арманын байқады.

Совет журналистерінің жинаған фактілері, материалдары соншалық көп еді, ал олардың кітап жазарда тек қиналғаны — қайсысын алып, қайсысын қалдыру болды. Қалай дегенмен де, журналистер тарихи сапар кезіндегі сан-сан маңызды оқиғаларды, елестерді, мағлұматтарды бірін жібермей, шапшаң да жедел қамтып қалған.

Авторлар кітаптың кіріспесінде былай депті: «Міне, кітап та жазылып бітті. Оның жанрын белгілеу қажет пе еді? Асылы, оны оқушының өзі айтқаны дұрыс болар». Шынында да «Америкамен дидарласқанда» деген мол еңбектің жанрын анықтау қиын сияқты. Олай дейтініміз, кітапта тартымды репортаж, әуезді әңгіме, көркем очерк, өткір публицистика әуенімен жазылған беттер, тараулар көп-ақ. Сөйтсе де, бұл — бәрібір кесек публицистикалық еңбек, партиялық жалынды публицистиканың елеулі туындысы.

«Америкамен дидарласқанда» деген кітапты оқып шыққанда совет журналистерінің кейбір елеусіз сияқты көрінген мысалдар мен фактілердің өзінен әлеуметтік түйін таба білетініне, сезімталдығына, байқағыштығына, ерінбей ізденетініне таң-тамаша қаласын.

Кітаптың енді бір ұтымды жағы, одан Н. С. Хрущевтің бұрын газет беттерінде жарық көрмеген сөздерін, айтқан ескертпелерін, реплика, әзілдерін оқуға болады.

Совет жазушылары мен журналистері Н. С. Хрущевтің «ТУ-114» алып әуе кемесімен Вашингтонға барып түскенінен бастап, он үш күн бойы Америка қалалары мен штаттарын аралау сапарын лебізді шабытпен суреттейді, оның барлық сөздерінің негізгі желісін, мазмұнын баяндап отырады.

Кітап беттерін ашқанда біздің көз алдымыздан халықаралық қатынастардың түйінді мәселелері өтіп жатады. Американың ресми топтарының көзқарасына да, американың үстем таптарының идеологиясына да авторлар шынайы шындық тұрғысынан, саяси өткірлікпен баға береді.

Жоғары мәртебелі советтік қонаққа «қыр көрсетіп», «қырғиқабақ соғыс» саясатын бетке ұстамақ болғандардың әрекетінен де, екі ел арасындағы достық қатынастарды нығайта берудің ақылға сыйымды жолдарын бірлесіп іздестірудің орнына, қасақана американдық капитализмді дәріптеп, «не Хрущевті сөзден жық, не біржола өліп шық» деген қатерлі де қауіпті міндетті өз мойнына алған АҚШ-тың Біріккен Ұлттар Ұйымындағы тұрақты өкілі Генри Лодждың сандырағынан да түк шыққан жоқ.

Соғыс желігінен үрейі ұшып, ызындап-ұлыған сирен даусынан әбден запы шеккен Американың көп азаматына Совет Одағы «құбыжық» болып көрінетін. Сондықтан «№ 1 коммунизм елінен келген № 1 коммунистің» аузынан шыққан әрбір сөзді олар бар ықылас-ынтасымен тындады. Н. С. Хрущев советтік қоғамдық және мемлекеттік құрылыстың ұлылығын, бірінші болып жер серіктерін, атом мұз жарғышын, континентаралық баллистикалық ракеталар мен космикалық ракеталар ұшырған оның қуатты күшін, социалистік дүниенің капиталистік дүниеден керемет артықшылығын, марксизм-ленинизмнің жеңімпаз ілімін, қаншама ат қойып, айдар таққанмен, капитализмнің аты — капитализм екенін, «кемпір бетіне қанша опа жақса да, жасармайтын» сияқты, оның дәурені өткенін «тәтті өтіріктен ащы шындық артық» дегендей, тайсалмай ашық айтты.

— Қәне, бейбіт жарысқа түсейік, қандай система жақсы екенін, қайсысының өндіргіш күштерді дамытуға даңғыл жол ашатынын, қайсысының адамдарды рахатқа бөлейтінін халықтардың өзі айтсын. Біз халықтар нені қаласа, соны ардақтауға тиіспіз, олардың өздері қалай тұрғысы келсе, соны ардақтауға тиіспіз. Бейбіт қатар өмір сүріп, бүкіл дүние жүзінде баянды бейбітшілікті қамтамасыз етейік. — Сіздермен достықта және тыныштықта тұрғымыз келеді — деп мен шын пейіліммен айтамын (173-бет).

Осы арада Н. С. Хрущевтің жалынды сөздерін буржуазиялық баспасөздің мойындамасқа ылажы болмағанын айта кету керек. «Хрущевпен жақын танысқаннан кейін американдар коммунизмнен қорықпайтын болды» деп хабарлады Лос-Анжелостың радио шолушысы. Енді бір қолы ашық журналистің жазуынша, «олар марксизм-ленинизм жөніндегі бүкіл американдық семинардан өткен» көрінеді. Сөйтіп, Н. С. Хрущевтің өткір, батыл, тұрасын айтқан сөздері миллиондаған американдардың жүрегіне ұялады. Сондай-ақ Американың миллиондаған қарапайым адамдарының бейбітшілікті аңсап отырғаны мағлұм болды.

«Америкамен дидаласқанда» деген кітап Құрама Штаттардың тұрмыс салтынан, экономикасынан, ғылым, өнерінен едәуір мағлұмат береді. А. Аджубей, Н. Грибачев және басқалары Американың кино орталығы Голливудты Совет үкіметі басшысының қалай аралап көргені, Лос-Анжелостағы кейбір ресми адамдардың салқын, самарқау қарсы алуы мен «шекіс-егес» туралы жазады. Ал Тынық мұхит жағалауындағы көрікті қала — Сан-Францискоға барғаннан кейін жағдай өзгереді, «жылы леп суық желді» ысыра бастайды. Айова штатында халық жоғары мәртебелі советтік қонақты ерекше бір жылы сезіммен қарсы алады. Айова штатында Н. С. Хрущевтің атакты жүгеріші Гарстпен кездесуі де қызық. Американдық фермері Совет Одағында үш рет болған, ең соңғы рет 1959 жылдың көктемінде ол біздің елге келгенде Сочиде Н. С. Хрущевке жолығып, әңгімелескен. Гарстың жүгері плантациясын аралап көріп, Никита Сергеевич оның жүгері өсірудегі тәжірибесіне зер салады, сонымен бірге оның кемшіліктерін де бетіне басады. Ең жақсы қабылдау Питтсбургте болады. «Юманите» газетінің арнаулы тілшісі ретінде, Н. С. Хрущевтің тарихи сапарында бірге жүрген, белгілі француз публицисі Пьер Куртад Питтсбургтегі тамаша қарсы алу

жайына бірнеше мақала арнайды. Ол өзінің бір репортажын «Питтсбургте жұрт Хрущевке жылы шыраймен қол шапалақтады» деп атаған.

Авторлар Н. С. Хрущев пен Д. Эйзенхауэрдің кездесулеріне де мол орын берген. 25 сентябрьде түстен кейін Н. С. Хрущев пен Д. Эйзенхауэр вертолетке мініп, президенттің Кэмп-Дэвидтегі резиденциясына барады. Осы жерде екі ұлы мемлекет басшысының тарихи әңгімелері аяқталып, атақты «Кэмп-Дэвид» рухы пайда болады, Бірлескен совет-американ мазмұндамасы жарияланады.

Кітапта Н. С. Хрущевтің Отанына қайтып оралуы, москвалықтардың оны асқан қуанышпен қарсы алып, зор құрмет көрсетуі, Лужникидағы сан мың адам қатысқан митинг туралы да әдейі бөлім бар. — Совет үкіметінің басшысы өзінің сүйікті Отанына есеп берді, ал Отаны ол есепті алғыс және мақтаныш сезіммен қабылдады, — дейді журналистер.

«Америкамен дидаласқанда» деген кітапта Никита Сергеевичтің қажымас қайрат-жігерін, мемлекеттік жанжақты қызметін суреттейтін елестер көп. Мәселен, Вашингтонға ұшып бара жатып, Никита Сергеевич самолет ішінде А. А. Громыкомен, М. А. Шолоховпен, В. П. Елютинмен әңгіме шертеді, Н. А. Тихоновтан Днепропетровскіде бір маңызды заказдың қалай орындалып жатқанын сұрап біледі. — Денсаулығыңыз қалай, доктор? — деп профессор А. М. Марковтың қасына келеді. Шет елдің бір ғалымының атом қуатын бейбіт мақсатқа пайдалану жөнінде айтқан сөзін есіне түсіріп, бұл туралы В. С. Емельяновтың пікірін сұрайды. Біраздан кейін жаңа газет, журналдар, информациялық хабарлар оқуға отырады... Қайтар жолда он үш күн бойы дамыл көрмесе де, Никита Сергеевич ұйықтамастан, самолет ішіндегі жұмыс столына барып, Москва еңбекшілері алдында сөйлейтін сөзін даярлайды. Лениншіл-большевик сонымен бірге қарапайым, әрі кішіпейіл, ол әрбір адамның жүрегіне жол таба біледі.

Кітаптың соңғы үш тарауы — хаттар. Совет және шет ел адамдарының хаттары бір топ журналист еңбегін толықтыра, күшейте түскендей. Бұл хаттардың иелері жер шарының әр түкпірінде тұрады, бірақ олар Совет үкіметі басшысының Америкаға барып қайтқан сапарын — бейбітшілік сапары деп құттықтайды. Совет адамдарының жүрегін өз Отанына деген мақтаныш сезімі билейді. Олар өз Отанының бұдан былай да көркейіп, гүлдене беруін, бүкіл дүние жүзінде баянды бейбітшілік болуын тілейді. XIII тарау «Қарапайым американдардың сөзі» деп аталады. Қарапайым американдар: әртүрлі жастағы, әртүрлі көзқарастың, әртүрлі кәсіптің, әртүрлі діннің адамдары «қырғиқабақ соғыстың» тамырына балта шабылсын, Совет Одағымен бейбітшілікте және достықта өмір сүргіміз келеді деп, жүректен жарып шыққан ізгі ойларын білдіреді.

Кітаптың ішінде бірнеше фотосурет бар. Кітаптың мұқабасына салынған, советтің белгілі мүсіншісі Е. Вучетичтің «Семсерден соқа соғайық» деген мүсінінің бейнесі бейбітшілік ісінің символындай елестейді. Бұл мүсінді Совет үкіметі Біріккен Ұлттар Ұйымына сыйға тартқан еді.

Қорыта айтқанда, «Бейбітшілікте және достықта өмір сүрейік», «Америкамен дидаласқанда» деген кітаптар — Совет үкіметінің бейбітшіл сыртқы саясатын, Н. С. Хрущев жолдастың бейбітшілік жолындағы ерлік қызметін бейнелейтін құнды да пайдалы еңбектер. Бұл кітаптарды Қазақ мемлекет баспасы таяу уақытта қазақ тілінде басып шығарғалы отыр. Қазақ оқушылары да оларды қызыға оқитыны даусыз.

Т. ЫДЫРЫСОВ.

Бастауыш партия ұйымының секретарына көмекші

«Бастауыш партия ұйымының секретарына көмекші»¹ деген атпен Қазақ мемлекет баспасы таяуда шағын кітапхана — 13 кітапшаның жинарын шығарды. Бұл кітапшалар, негізінен жергілікті партия ұйымдарының жұмыс тәжірибесін баяндайды. Сондықтан мұнда партиялық-ұйымдастыру, үгіт-бұқаралық жұмыстардың нақты әдістері, партиялық жұмыстың бұқараға ықпалы, оның жемістері сөз болады. Ал, мұның өзі партия қызметкеріне саяси жұмыс жүргізу өнерін жетілдіре түсуде елеулі көмек. Осы тұрғыдан бұл жинақ соңғы жылдары партиялық жұмыстың тәжірибесі туралы Қазақстан баспасынан шыққан азынаулақ еңбектердің бірі. Кітапшалардың бәріне бірдей арқау болған КПСС XXI съезінің тарихи шешімдері мен КПСС Орталық Комитетінің Сталин облысында саяси-бұқаралық жұмыстың жайы туралы қаулысы.

Жергілікті партия ұйымдарының жұмысын көрсетуге В. Полоховтың «Бастауыш партия ұйымы — Коммунистік партияның негізі», И. Афанасьевтің «Партия тобы», В. Прохоровтың «Бастауыш партия ұйымдарының бақылау правосы», Б. Ыбыраевтың «Қоғамдық ұйымдарға партиялық басшылық», И. Финьконың «Партия бюросының жұмысын ұйымдастыру», П. Канцеляристовтың «Аудандық партия комитетінің бастауыш партия ұйымдарына басшылығы», Е. Наливайконың «Партия жиналысы», О. Дәулетқалиевтің «Котельников совхозының партия ұйымы» деген кітапшалары арналған.

Мәселен, И. Афанасьевтің «Партия тобы» атты кітапшасында партиялық шағын коллектив — партия тобының жұмысы сөз болады. Партия тобындағы коммунистер еңбекшілердің ең ортасында, солармен қоян-қолтық, бірге еңбек етеді. Топ мүшелері көптің ұйтқысы болады, оған саяси ықпал жасайды. Алыс фермалар мен бригадаларда, мал отарларында бұл топ бастауыш партия ұйымының ұйымдастыру, үгіт-бұқаралық жұмыстарды жүргізуде жақсы қолқанаты болып отыр. Партия тобының жұмысы өнеркәсіп орындарында да жемісті.

И. Афанасьевтің кітапшасында Қарағандының № 31 шахтасындағы коммунист И. А. Сусяков басқаратын партия тобының жұмыс тәжірибесі кең көрсетілген. Алғаш құрылған партия тобының жетекшісі істі былай бастайды:

«Алғашқы кезде іс онша оңғарылып кете қоймады. Әлі активі жоқ болғандықтан барлығын Иван Алексеевич Сусяковтың өзі істеді: жиналыс шақырды, әңгіме өткізді, қабырға газетін шығарды, басқа да толып жатқан істерге араласты. Бұлай бір өзі ғана жұмыс істеуге болмайтынын ол көп ұзамай түсінді. Партия бюросының секретары Сағадиди Жашкеповқа келді де, ол осыларды түгел айтты. Әңгіме ұзаққа созылды... Мәселе адамдарды, олардың қабілетін жақсы білуде еді. Міне, Иван Алексеевич те осы мәселеден бастады...» (кітапшаның 16—17-беттері).

Бүкіл шахта партия ұйымының өздерімен кеңесіп, ақыл сұрап отырғанына партия тобының мүшелері разы болды. Жақсы үгітшілер бөліп, жиі-жиі әңгіме өткізу керек, тәртіпті нығайтуға ерекше көңіл бөлмесе болмайды, жарысты жандандырған мақұл, онда формализм бар, сынды күшейтіп, бірлесіп істеу керек десті олар. Осының бәрін

¹ «Бастауыш партия ұйымының секретарына көмекші». Қазақ мемлекет баспасы. Алматы, 1960 ж.

жүзеге асыруға барлық коммунист болып белсене кірісті. Көп ұзамай бірқатар резерв іске қосылды. Рационализаторлар қатары арта түсті. Коллективте сменалық норманы орындамайтын бірде-бір адам болмады. Мұнымен бірге партия тобының мүшелері жеке шахтерлердің тұрмыс жағдайын да біліп отырды, коммунистік тәрбие беруге ат салысты.

«Бір ретте Иван Алексеевич Сусяков жұмысшы Станислав Мамоновтың жұмысқа қабағы салыңқы келіп, өзін-өзі томаға-тұйық ұстайтынын байқады. Онымен әңгімелескенде сыр толық ашылмай қалды. Партия ұйымдастырушысы Мамоновтың үйіне баруға ұйғарды.

Станиславтың әйелі Ирина Мамонова барлығын да ашық айтты: соңғы кезде оның ері үйіне әрдайым ішіп келетін, әйелін қатты тілдеп, айрылысамын деп қорқытатын болған.

Сол күні партия тобының ұйымдастырушысы Мамоновтың пәтерінде ұзақ отырып қалды. Көп әңгіме айтылды. Станислав өзінің қатесін түсінді. Ол енді түзелем, бала-шағама бас-көз боламын деп сөз берді. Ол айтқанын орындады да. Кәзір ерлі-зайыпты Мамоновтар тату-тәтті тұрады. Сусяковтармен жақсы дос болып кетті» (кітапшаның 29-беті).

Егер Мамоновтың семьясындағы жағдай асқына берсе, коллектив жақсы жұмысшыдан айрылған болар еді, ол ол ма, Мамоновтың өзі теріс жолға түсер еді. Партия тобы қандай тамаша, гуманистік іс істеді десеңізші. Осыған байланысты кейбір төменгі партия ұйымдарының жеке бастың ісін тексерудегі, оны талқылаудағы теріс әдістері еске түседі. Біздің партиямыз адамды, оның асыл адамгершілік қасиеттеріне сүйеніп отырып тәрбиелеу керек деп үйретеді. Бұл ұлы мақсатты істе коллективтік пікір туғызу, адамға достық ақыл беру, қателесушілерге жолдастық сот құру сияқты біздің қоғамымыздың табиғатына оңтайлы ықпал ету әдістерін мейлінше өрістетудеміз. Әрине, ерекше жағдайларда кейбір адамдар үшін әкімшілік, заң жүзіндегі шаралар да қажет.

Жоғарыда аталған партия тобының жұмыс тәжірибесінде партия жиналысын өткізудің, қаулыларды жүзеге асырудың, әрбір коммунистке тапсырма берудің, социалистік жарысты ұйымдастырудың, қабырға газетін пайдаланудың, үгіт жұмысын пәрменді жүргізудің жақсы үлгілері қорытылған.

«Бастауыш партия ұйымының секретарына көмекші» деген шағын кітапханада үгітшінің алуан міндеттері сөз болады. Өйткені үгітші саяси-бұқаралық жұмыстағы басты тұлға. Авторлар үгітшінің тек газет, журнал оқып беруші, әңгіме өткізуші ғана емес, сонымен бірге қоғамдық еңбекті қолма-қол ұйымдастырушы да екенін олардың нақты ісімен дәлелдейді. О. Дәулетқалиев жолдастың «Котельников совхозының партия ұйымы» деген кітапшасында әңгіме болатын механизатор-үгітші Садықовтың үгітшілік тәжірибесі — мұның айқын бір мысалы.

Партия жиналысы — партия ұйымдарының өміріндегі маңызды оқиға. Жиналыс — тәрбие мектебі. Бізде кәзір ашық партия жиналыстары да жиі өткізілетін болды. Е. Наливайко жолдас «Партия жиналысы» деген кітапшасында «...Ашық жиналысқа қатысқан партияда жоқ адамдардың сөз сөйлеуіне, сұрау беруіне, ұсыныс енгізуіне еркі бар. Олардың сөзіне ұқыпты назар аудару керек, батыл айтылған орынды пікірлерін, жаны аши айтқан сөздерін қуаттау керек» (кітапшаның 6-беті) дейді. Партия жиналыстарын дер кезінде мұқият өткізіп тұрудың, оған мәселе әзірлеудің, алынған қаулыны жүзеге асырудың Қазақстан партия ұйымдарындағы тәжірибесі, жиналыс өткізудің Уставтық талаптары Е. Наливайконың кітапшасында біржөн жақсы жазылған деуге болады.

Партия жиналысының беделін түсіретін, формализм мен бюрократтыққа жол беретін бір қырсық — жиналыста көп мәселе қарап, жұртты мезі қылу екені белгілі. Бұл тұрасында Е. Наливайко кітапшасында мынадай бір мысал бар: «Бытовое обслуживание» артелі (Павлодар

облысы) партия ұйымының 1958 жылы 28 апрель күнгі жиналысында 9 мәселе қаралған.

Алматы облысы, Қаскелен аудандық партия комитетінің секретары П. Канцеляристов жолдастың «Аудандық партия комитетінің бастауыш партия ұйымдарына басшылығы» деген кітапшасында ұйымдастыру, үгіт-насихат жұмыстарының біртұтастығы, бұл екеуінің бірін бірі толықтырып отыратыны, сөйтіп жалпы бұқараға партиялық ықпалды күшейте түсуге бағыттталатыны аудан өмірінің мысалдарымен сипатталады. Нұсқаушылардың жұмысын ұйымдастыру жөнінде де автор бірқатар тың пікір айтады.

«Нұсқаушылар колхоздар мен совхоздардың және өнеркәсіп орындарының партия ұйымдарында жүргізілуге тиісті шаралар жөнінде хабардар болып отыруы үшін аудандық партия комитеті әрбір он күн сайын аудандық партия комитетінің секретарьларын қатыстыра отырып, нұсқаушылармен кепес өткізіп тұрады. Бұл кеңесте олар аудандық партия комитеті бюросының және жоғарғы партия, совет орындарының аса маңызды қаулыларымен таныстырылады, істелген жұмысқа қорытынды жасалады, аудандық партия комитетінің секретарьларынан нұсқаушылардың қандай көмек керек ететіні анықталады және алға міндеттер қойылады. Былайша айтқанда мұның өзі аудандық партия комитеті аппаратының нағыз өндірістік жиналысы болып табылады. Мұндай практика бізге белгілі бір шараларды дер кезінде мөлшерлеп және коллективті түрде белгілеп алуға, ауданның алдында тұрған кезек күттірмейтін міндеттерді шешуге және орынсыз жазылатын қатынас қағаздарды жазудан тиылуға мүмкіндік береді» (кітапшаның 14—15-беттері).

В. Прохоров «Бастауыш партия ұйымдарының бақылау правосы» деген кітапшасында партия ұйымдарының шаруашылық пен мәдени өмірге басшылық ету, бақылау жасау правосының жергілікті жерде қалай жүзеге асырылып жатқанына талдау жасай келіп, партия өміріндегі жаңалық — партия ұйымдары жанында жаңадан құрылған бақылау комиссиялары жұмысының алғашқы нәтижелерін қорытады.

«Бұқара арасындағы саяси жұмыстардың кейбір формалары» деп аталатын, Л. Колпашникова жолдастың кітапшасы баяндау әдісі жағынан да, мазмұны жағынан да тартымды. Мұнда бұқаралық-саяси жұмыстың мына түрлеріне — әңгімеге, сәулелі-дыбысты газетке, сұрақ-жауап кешіне, күн тәртібінсіз жиналысқа, малшылар күніне, өнеркәсіпшілер күніне, еңбек даңқының кешіне, мәдени-үгіт бригадасына, еңбекшілер жиналысына талдау жасалады.

Бірінші тарауда әңгімеге даярланудың, оны өткізудің түрлі әдістері сөз болады. Жалынды насихатшы және үгітші М. И. Калининнің әңгімені қайткенде қызықты өткізуге болатыны жайында айтқан пікірлеріне сәйкес автор нақты мысалдар келтіреді. Павлодар қаласындағы бір құрылыс учаскесінің прорабы үгітші Петровтың жұмыс тәжірибесі егжей-тегжейлі баяндалған. Тәжірибелі үгітші Петров инициативашыл, жаңашыл адам. Ол өндіріс өмірінің бір күрделі мәселесі туралы бірнеше әңгіме өткізуді әдетке айналдырған. Айталық, белгілі бір өнімнің түсер құнын кеміту туралы әңгіме өткізуді жоспарлаған соң, ол бұл туралы жұмысшыларға да хабарлайды. Олар өздерінше әңгімеге әзірленеді. Сөйтіп, екі жақ кең пікір алысып, ақыл тоғыстырады. «Кеңесіп пішкен тон келте болмайды» демекші, мәселе кең, жанжақты шешіледі.

Автордың мынадай жақсы пікірі бар. Әңгімеде тек бірбеткей үгіт қана емес, сын да болуы тиіс. Үгітші кемшіліктерге немқұрайды қарай алмайды. Яғни, әңгіме қоғамымыздың қозғаушы күштерінің бірі — сынды өрістетуге де қызмет етуі тиіс. Әңгімеге қатысушы адамдардың ұсыныс, пікірлері негізінде алдағы міндеттерді шешудің жолын белгілеп алу да пайдалы.

Үгітшінің сөзі мен ісінде айырмашылық болмағаны жақсы, ол еңбек озаты болуы керек, жетістіктің де, кемшіліктің де сырына қанық, ол туралы әрқашан да басқаға дұрыс түсінік бере алатын, білімді, тәжірибелі адам болуы керек дейді автор.

Оңтүстік Қазақстан облысының бір колхозында үгітші еңбек тәртібі туралы әңгіме өткізіп, жұмысқа шықпайтын бір колхозшыны сынаған. Ал колхозшы колхоздағы кемшіліктерді бетке ұстап, өзін ақтай бастаған, тіпті, әрі-беріден соң үгітшінің өзіне «ақыл үйретуге» көшкен. Үгітші колхозшының қатесінің төркінін тауып түсіндіре алмаған. Бұл жерде әңгімеге қатысып отырғандар үгітшінің сөзін сөйлеп, оны «құтқарып» алған.

Бұдан оқушы мынадай ойға бекінеді. Үгітшінің мұндай адамнан тағайындалмағаны жөн. Екіншіден, шаруашылықта орын алып отырған кемшіліктерге үгітшінің де белгілі дәрежеде қатысы бар. Өйткені, ол бүкіл коллектив атынан сөйлейтін адам, ол шаруашылықтағы кемшіліктерді болдырмаудың қамын ойлайтын, шаруашылық басшыларының да кемшілігін көрсете алатын шама-шарқы бар адам болғаны мақұл. Міне автор үгітшілік міндетті осылай биікке көтереді.

Кейбір кітапшалардың жазылу олақтығына, ал енді біреулерінің тақырыбынан ауытқитынына, сол сияқты жергілікті авторлардың аздығына, жаңа фактілердің кемістігіне қарамастан, жалпы алғанда бұл шағын кітапхана — бастауыш партия ұйымы секретарьларының және басқа партия қызметкерлерінің күнделікті жұмысында едәуір көмек болатыны даусыз. Партия жұмысының тәжірибесінен Қазақ мемлекет баспасының мұндай еңбек шығарып, жақсы істегенін атап айту керек. Бірақ осындай тәуір дүниенің орысша түп нұсқасының өзі жақсы редакцияланбағанына, ал қазақша аудармасының онан да нашар болғанына, тілде шұбарлық, сөйлем, сөз тіркестерінде оралымсыздық, олақтық көп екеніне қынжылмасқа болмайды. Түсінуге қиын соғатын сөйлемдер мен ой орамдары аяқ алып жүргісіз. Тыныс белгілер де орынсыз қойыла береді. Бұл кемшіліктерге алдымен аудармашылар, сонымен бірге кітапшаларды баспаға әзірлеген Р. Хайруллин, Қ. Сариев сияқты баспа редакторлары кінәлі екенін айта кеткен дұрыс. Мысалы, мынадай сөйлемдерді қалай түсінуге болады?

«Бастауыш партия ұйымы партия жиналысының жүйелі түрде өткізіліп тұруына, коммунистерді өндіріске дұрыс орналастыруға және коммунистерді күнделікті жұмысқа тартудың маңызды жағдайы ретінде, олардың авангардтық ролін қамтамасыз ету үшін партия топтарының жұмысына зор мән береді» («Партия бюросының жұмысын ұйымдастыру» деген кітапша, 17-бет).

«Администрация қызметін бақылауды дұрыс жүргізу үшін көптеген бастауыш партия ұйымдары өз жұмыстарын қарамақтарындағы барлық күш, құралды қозғалысқа келтіретіндей етіп ұйымдастырып, мемлекеттік жоспардың ойдағыдай және асыра орындалуы үшін оларды толық пайдалануды қамтамасыз етеді» («Бастауыш партия ұйымдарының бақылау правосы» деген кітапша 9—10-беттер).

«Бірақ колхоз бастауыш партия ұйымы өзінің күнделікті жұмыстарының барлығын да дара басшы—администратормен, жеке басшымен емес, сайланып қойылған орган — колхоз басқармасымен істес болатынын есте ұстауға тиіс» (бұл да сонда, 31-бет).

Мұндай олақтықты, сауатсыздықты біз басқа еңбектерден де көріп жүрміз. Жақсы ойды сауатсыз сөйлеммен түсіндіру қиын екені ақиқат. Сондықтан баспа мәдениетінің барлық талаптарына жауап беретін, тілі жатық, түсінікті жазылған әдебиеттер шығару үшін күресу — әруақытта басты талап.

Ж. ДҮИСЕНБИН.

ДҮНИЕ ЖҮЗІНДЕ ТҰРАҚТЫ БЕЙБІТШІЛІК ОРНАТУ ЖОЛЫНДА

«Біз кәзір қарулы күштерімізді қысқартуды ұсынып, қандай мақсатты басшылыққа алып отырмыз? Біз өзіміздің дүниеге озық көзқарасымызға тән және социалистік қоғамның бүкіл дерлік өміріне арқау болып отырған парасатты адамгершілік мұраттарды басшылыққа алып отырмыз. Бұл мәселеге біз күш көрсету тұрғысынан емес, қайта парасатты ақыл-ой тұрғысынан қарап отырмыз».

(Н. С. Хрущев).

Жас Совет мемлекеті 1917 жылдың 26 октябрінде (8 ноябрь) Советтердің Бүкілроссиялық II съезінде «Бітім туралы декрет» қабылдап, халықтар арасында бейбітшілікті нығайтуға бірінші болып қадам жасады.

* * *

1922 жылы майда В. И. Ленин Орталық Комитеттің Секретариатына ВЦИК-тің кезекті сессиясында Қызыл Армияның төрттен бірін қысқарту жайлы мәселе қоюды ұсынды.

* * *

1922 жылдың апрель-май айларында болған Генуя конференциясында Совет Одағының делегациясы В. И. Лениннің нұсқауларын орындай отырып, қоғамдық системалары әртүрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруі қажеттігін жұрт алдында жариялады.

* * *

1927 жылы Совет Одағы Ұлттар Лигасының қарусыздану жөніндегі әзірлік комиссиясына толық қарусыздану программасын жүзеге асыру жөнінде декларация ұсынды.

* * *

1951 жылы 12 мартта СССР Жоғарғы Советі «Бейбітшілікті қорғау туралы» Заң қабылдады.

* * *

1958 жылғы 31 мартта СССР Жоғарғы Советі СССР-де ядролық және сутегі қаруын сынауды біржақты тоқтату туралы қаулы қабылдады.

* * *

Совет мемлекеті қарулы күштер санын ұдайы қысқартып келеді. Совет Одағы соңғы төрт жыл ішінде 2 миллион 140 мың адамды армия қатарынан босатты.

* * *

1959 жылы 18 сентябрь күні Совет мемлекетінің басшысы Н. С. Хрущев жолдас Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясында жаппай және толық қарусыздану туралы ұсыныс енгізді.

* * *

1960 жылдың 15 январында Кремльдің Үлкен сарайында СССР Жоғарғы Советінің IV сессиясы «СССР Қарулы Күштерін жақадан көп мөлшерде қысқарту туралы» Заң қабылдады. Осы

Заң бойынша 1 миллион 200 мың адам әскери қызметтен босанады.

* * *

Кәзіргі кездегі ұлы төрт елдің соғыс шығындарының бюджеттегі үлесі мынадай:

43 миллион халқы бар Францияда әскер саны 1 090 мың адам. Бұл—халықтың 2,53 проценті қарулы күштер қатарында деген сөз. Мұнда биыл соғыс шығындарына бюджеттің 42 проценті жұмсалмақшы.

174 миллион халқы бар Америка Құрама Штаттары әскерінің саны 2 611 мың адам, яғни халықтың 1,50 проценті қарулы күштер қатарында. Мұнда биыл соғыс шығындарына бюджеттің 59 проценті жұмсалмақ.

50 миллион халқы бар Англия әскерінің саны 618 мың адам, яғни халықтың 1,29 проценті қарулы күштер қатарында. Ал Англия биыл соғыс шығындарына бюджет қаражатының 25 процентін жұмсайды.

212 миллион халқы бар СССР-дің әскер саны 2 423 мың адам, яғни халықтың 1,15 проценті қарулы күштер қатарында. Совет Одағы биыл соғыс шығындарына бюджет қаражатының 11 процентін жұмсайды.

* * *

Соғыс қару-жарағы үшін АҚШ-та жұмсалатын қаржының қаншалықты зор мөлшерде екенін мынадай мысалдан да көруге болады: ауырлығы 47 мың фунт (бір фунт 453,593 грамға тең) «Б—58» бомбардировщикінің жалпы құны 27 миллион доллар (бір доллар 4 сомға барабар) тұрады екен. Сонда осы самолеттің әрбір фунт салмағы 568 долларға түседі. Ал Америкада бір фунт алтынның бағасы 560 долларға тең. Салыстырып қарағанда, бомбардировщиктің әр фунты, алтыннан да қымбатқа түсіп отыр.

* * *

Дүние жүзінде жыл сайын соғыс шығындарына 100 миллиард доллардан аса қаржы жұмсалады. Егер осының 100 миллион доллары шаруашылыққа пайдаланылса, онда оған жылына 10 миллион тұрғын үй, 50 мың мектеп, 10 мың аурухана салуға болар еді.

Партия турмысының хабарлары

КАДРЛАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

Семей облыстық партия комитетінің бюро мәжілісінде кәсіпорындардағы, транспорттағы, байланыс және құрылыс ұйымдарындағы кадрларды тәрбиелеу ісін жақсарту шаралары туралы мәселе қаралды. Облыстық партия комитетінің бюросы соңғы екі жылда облыстың кәсіпорындарында, транспорт, байланыс және құрылыс ұйымдарында арнаулы, жоғары және орта дәрежелі білімі бар инженер-техник қызметкерлері санының екі есе артқанын атап көрсетті. Мұның өзі кәсіпорындардың жұмысына жақсы әсерін тигізіп отыр.

Қалалық, аудандық партия комитеттерінің, Халық шаруашылығы советінің тиісті бөлімдері әлі де болса кадрларды іріктеп алу, орналастыру және тәрбиелеу ісіне жеткілікті көңіл бөлмей келеді. Мысалы, Семейдің ет-консерв комбинатындағы 291 инженер-техник қызметкердің 106-ның арнаулы білімі жоқ. Мұның өзі комбинатта шығарған өнімдердің сапасы төмен болуына, өндірісті механикаландыру, автоматтандыру, жабдықтарды жетілдіру жұмыстарының нашар жүргізілуіне әсер етіп отыр.

Облыстың кәсіпорындары мен құрылыс ұйымдарында әсіресе жергілікті ұлт кадрларын іріктеп алу, орналастыру, тәрбиелеу жұмысы нашар. Мысалы, облыстың кәсіпшілік советі кәсіпорындарында істейтін 41 инженер-техник қызметкердің ішінде бірде-бір қазақ қызметкері жоқ, Халық шаруашылығы советінде 563 жас маман жұмыс істейді, олардың 28-і ғана қазақ. Облыста В. Гаганова бастамасы әлі де болса нашар өріс алуда.

Облыстық партия комитетінің бюросы осы кемшіліктерді ашумен бірге кадрларды тәрбиелеу ісін жақсарту шараларын белгіледі. Қалалық, аудандық партия комитеттерінің, Халық шаруашылығы советінің, бастауыш партия ұйымдарының назарын кадрларды зерттеп, іс білетін жас кадрларды, жергілікті ұлт кадрларын батыл жоғарылатуға аударды.

БАҒАЛЫ БАСТАМА

Октябрь аудандық партия комитеті кәсіпорындардағы, транспорт және құрылыс ұйымдарындағы жұмысшылардың

экономикалық білімін көтеру ісін ұйымдастыратын методикалық совет құрды. Оның құрамына кәсіпорындар мен құрылыс ұйымдарының басшылары, бас инженерлері, партия ұйымының секретарлары, насихатшылар, коммунистік еңбек бригадаларының бригадирлері енгізілді. Аудандық партия комитеті жұмысшылар арасында өткізілетін лекциялардың, баяндамалардың, әңгімелердің тақырыптарын да белгіледі. Жұмысшылар арасында ең бірінші кезекте коммунизм құру жолындағы күресте еңбек өнімділігін арттыру ең басты міндет, еңбек өнімділігін қалай арттыруға болады, бір минут жұмыс уақытын үнемдеу не береді деген және тағы басқа тақырыптарда лекциялар, әңгімелер өткізу белгіленді.

Алматы қалалық партия комитеті бұл бағалы бастаманы қолдап, қаланың басқа аудандық партия комитеттеріне де жұмысшылардың экономикалық білімін көтеру ісін ұйымдастыратын совет құруды ұсынды.

АТЕИСТІК НАСИХАТТЫ КҮШЕЙТУ КЕРЕК

Жақында Ақсуат аудандық «Социалистік қарқын» газеті өзінің бас мақаласында аудандық партия комитетінің жауапты қызметкерлері Тәбаріков, Сейілханов және аудандық совет атқару комитеті председателінің орынбасары Қасенғазин жолдастардың діни қалдықтарға қарсы күрес жүргізбейтінін сынаған еді.

Аудандық партия комитетінің бюросы бұл кемшілікті түзетудің орнына, газеттің сын мақала басылған номерін оқушыларға таратқызбай қойған.

Семей облыстық партия комитетінің бюросы Ақсуат аудандық партия комитетінің бірінші секретары Шоқбатыров жолдасқа оның бұл қатесін көрсетіп ескертті. Тәбаріков, Қасенғазин, Сейілханов жолдастарды молдалар мен діншілдердің әрекетіне жол беріп, принципсіздік жасағаны және саяси қырағы болмағаны үшін қызметінен босатып, оларға сөгіс жариялады.

Сонымен бірге аудандық партия комитетін өз газетіне басшылықты жақсартуға түсуге, бұқара арасында атеистік насихатты жолға қойып, діни қалдықтарға қарсы күресті күшейтуді міндеттеді.

РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Б. Ордабаев (бас редактор), З. Айтмағамбетов, Қ. Әбілдаев, С. Бәйішев, С. Бейсенбаев, Т. Жанкелдин, Б. Омаров, С. Хайдаров (жауапты секретарь), Т. Ыдырысов.

Редакция адресі:
Алматы қаласы,
Комсомол көшесі, 103.
Тел. 23-03, 24-95.

14/III-1960 ж. басуға қол қойылды, қағаз 70×108¹/₁₆—2,5 к.—6,85 авт. т.

УГ00830. Тиражы 21 700. Алматы, ҚКП Орталық Комитетінің баспаханасы Зақ, 133.

В. И. ЛЕНИННИҢ ТУҒАНЫНА 90 ЖЫЛ ТОЛУЫ ҚАРСАҢЫНДА

МЕМЛЕКЕТТІК САЯСИ ӘДЕБИЕТ БАСПАСЫ ШЫҒАРҒАН КІТАПТАР

Н. К. Крупская. Ленин туралы. Мақалалар жинағы. Орыс тілінде. Көлемі 382 бет. Бағасы 6 сом 50 тиын.

Г. М. Кржижановский. Революционер әрі ойшыл. Орыс тілінде. Көлемі 32 бет. Бағасы 35 тиын.

В. И. Лениннің Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейінгі өмірі мен қызметі жайлы естелік.

М. Горький. В. И. Ленин. Орыс тілінде, 56 бет. Бағасы 50 тиын.

В. И. Лениннің Кремльдегі кабинеті және үй-жайы. Құрастырғандар Л. Кузнецкая, К. Маштакова, З. Субботина. Көлемі 4 баспа табақ. Бағасы 1 сом 20 тиын.

В. И. Ленин. Суретті альбом. Екінші рет басылуы. Көлемі 15 баспа табақ. Бағасы 25 сом.

Альбомда В. И. Ленин өмірі мен қызметінің әр көзін көрсететін көбісі бұл күнге дейін белгісіз 120 сурет Марксизм-ленинизм институтының архивынан алып жарияланған. Суреттің түсіндірмелері орыс, ағылшын, неміс, француз тілінде берілген.

Ұлы стратег. Естеліктер жинағы. Құрастырған В. В. Катинев. Орыс тілінде. Көлемі 20 баспа табақ. Бағасы 7 сом 50 тиын.

Бұл жинаққа Н. К. Крупскаяның, С. М. Кировтың, И. В. Сталиннің Н. И. Подвойскийдің, С. С. Каменевтің, А. В. Луначарскийдің, С. М. Буденныйдың, С. К. Тимошенконың, И. В. Тюленевтің, М. С. Кедровтың, В. Д. Бонч-Бруевичтің естеліктері енгізілген. Онда В. И. Лениннің әскери қызметі жайында айтылады.

У. Э. Фостер. Үш Интернационалдың тарихы. Орыс тілінде. 618 бет. Бағасы 10 сом 50 тиын.

АҚШ Компартиясының құрметті председателі У. Фостердің бұл кітабында социалистік және коммунистік қозғалыстың 100 жылдан асатын тарихы баяндалады. Кітаптың III Интернационалға арналған бөлімінде В. И. Ленин бастаған большевиктердің III Интернационалды құрудың күресі суреттеледі.

Л. Р. Волков-Ланит. Ғасырлар үшін сақталған дауыс. В. И. Ленин сөздерінің қалай жазылып, алынғаны туралы. Көлемі 4 баспа табақ. Бағасы 2 сом.

Бұл кітапта В. И. Лениннің дыбыс жазушы аппарат арқылы жазылып алынған сөздері айтылады. Владимир Ильич сөздерінің қайда және қалай жазылғаны, сол тарихи сөздерді кәзіргі кезде жаңғыртудың техникалық жайы да көрсетілген.

И. А. Портякин. В. И. Лениннің редакторлық және публицистік қызметі. Орыс тілінде. 138 бет. Бағасы 2 сом.

Н. Семашко. Ұмытылмас бейне. Орыс тілінде. 16 бет. Бағасы 20 тиын.

А. Андреев, Б. Панков, Е. Смирнова. В. И. Ленин Кремльде. Орыс тілінде. Көлемі 6 баспа табақ. Бағасы 1 сом 50 тиын.

Кітапшада Владимир Ильичтің Кремльдегі қызметі жайында айтылады. В. И. Лениннің кабинеті, үй-жайы, кітапханасы, Халық Комиссарлар Советінің мәжіліс залы суреттеледі.

И. Бартевев, А. Козлов, В. Муштуков. Смольный. Орыс тілінде. Көлемі екі баспа табақ. Бағасы 55 тиын.

Очерк оқушыларды революция бесігі болған Смольный тарихымен таныстырады. Сондай-ақ мұнда В. И. Лениннің музейі туралы айтылады.

И. Берхин. Ұлы Ленин жоспары бойынша. Орыс тілінде. Көлемі 6 баспа табақ. Бағасы 1 сом 80 тиын.

Кітапта Совет Одағында социализм орнатудың лениндік программасын қалай жүзеге асырылғаны туралы айтылады.

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ ӘЗІРЛЕГЕН КІТАПТАР

В. И. Ленин. Таңдамалы шығармалары. 38—39—40 томдар. Қазақ тілінде. Көлемі 30 баспа табақ. Бағасы 6 сом 50 тиын.

В. И. Ленин. Социалистік идеология және мәдениет туралы. Қазақ тілінде. Көлемі 5 баспа табақ. Бағасы 1 сом 50 тиын.

В. И. Ленин. Орта Азия және Қазақстан туралы. Қазақ тілінде. Көлемі 10 баспа табақ. Бағасы 4 сом 30 тиын.

Ә. Жанкелдин. Хаттары мен документтері. Көлемі 20 баспа табақ. Бағасы 7 сом.

Жиньктағы материалдар қазақ халқының адал ұлы, большевик Ә. Жанкелдиннің өмірі мен қызметін баяндайды. Автор өзінің В. И. Ленинмен кездесуін және көсемнің жарқын бейнесін тебірене суреттейді.

А. Гринбергтің «Ульяновтардың семьясы» деген кітабында Ильичтің жас шағы көрсетіледі.

А. Гербстманның «Қайың қабығынан жасалған шахмат» атты жинағында В. И. Лениннің шахмат жөніндегі ынта-ықыласы баяндалады. Бұл кітаптарды Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы шығарады.

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ АЙ САЙЫН ШЫҒЫП
ТҰРАТЫН ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ

Қазақстан **КОММУНИСТІ**

**ЖУРНАЛЫНА БҮДАН БЫЛАЙ ДА
ЖАЗЫЛА БЕРУГЕ БОЛАДЫ**

«Қазақстан коммунисті» журналы маркстік-лениндік философия, Коммунистік партияның тарихы мен теориясы, саяси экономика мен нақты экономика жөнінде мақалалар, лекциялар және консультациялар жариялайды.

Журналда республика партия ұйымдарының ұйымдастыру және идеологиялық жұмыстары жазылады, партия комитеттерінің, бастауыш партия ұйымдарының жұмыс тәжірибелері қорытылады.

Журналда облыстық газеттерге және республикалық салалық журналдарға шолулар, жаңа кітаптарға рецензиялар жарияланады, сол сияқты әдебиет пен көркемөнер мәселелері бойынша мақалалар, оқушылардың сұрауларына жауаптар беріледі.

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

6 айға — 12 сом,
9 айға 18 сом.

Журналға «Союзпечатьтің» барлық бөлімдерінде,
байланыс бөлімшелерінде жазылуға болады.